

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ**

**БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ**

Төменде берілген мәлімдеме тәуелсіз аудиторлардың және басшылықтың «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ («Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігі қатысты жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Топ басшылығы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы, сонымен қатар оның қызметінің нәтижелері, көрсетілген күнге аяқталған жылдың ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсетілген Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігіне дайындау үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есепке алу саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау және қолдану;
- ақпаратты, соның ішінде есепке алу саясаты туралы ақпаратты осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нышанда ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың есептілікті, қандай да бір мәмілелердің, сонымен қатар өзге де оқиғалардың немесе шарттардың Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалына және қызметтің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне ететін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, қосымша ақпаратты ашып көрсету; және
- Топтың келешек көз жетерлік уақыттарда қызметті жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін жауапкершілікте болады.

Басшылық сонымен қатар келесі іс-шараларға жауапты:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- есепке алуды Топтың мәмілелерін ашып көрсетуге және түсіндіруге, сонымен қатар Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы туралы жеткілікті түрде дәл ақпаратты кез келген күн бойынша ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нышанда жүргізу;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық орынды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін болдырмау және айқындау.

Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін басшылық 2020 жылғы 4 наурызда бекітті.



ЮСУНОВ М.Б.  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ  
БАС ДИРЕКТОР

КОЖА-АХМЕТ Д.А.  
ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУШЫСЫ

**«Қазатомөнеркәсіп»  
Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
шоғырландырылған қаржылық есептілік және  
тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы**

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Акционерлер мен Директорлар кеңесіне

### Пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» АҚ (бұдан әрі «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) 2019 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

### Аудит тақырыбы

Біз Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақша қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелеріне және басқа да түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертпелер.

### Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік (ХАС). Осы стандарттарға сәйкес Біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» атты бөлімде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер, аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті ері тиісті болып табылады деп есептейміз.

### Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттар Кеңесінің (ХБЭСК) профессионалды бухгалтерлер этика Кодексіне сәйкес Топқа тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.

## Біздің аудит тәсіліміз

### Қысқаша шолу



Жалпы Топтың маңыздылығы: 9,600 миллион теңге, осы сомма 2019 жылдың 31 желтоқсанымен аяқталған бизнесті біріктіруден алынған таза пайдаға түзетілген жылдық салық салынғанға дейінгі табыстың 5% құрайды.

- Біз Компанияға және оның Қазақстан аумағында орналасқан 11 ірі еншілік кәсіпорынына, 3 бірлескен және 4 қауымдасқан кәсіпорындарына және Швейцария аумағында орналасқан 1 еншілік кәсіпорынына аудиторлық шаралар жүргіздік.
- Біздің аудиттің көлемі жалпы табыстың 98% және салық салынғанға дейінгі Топтың таза пайдасының абсолюттік мөлшерінің 97% қамтыды.
- Бизнесті біріктіруді есепке алу.

Біздің аудит әдіснамамыз маңыздылықты анықтау және шоғырландырылған қаржылық есептің маңызды бұрмалануының тәуекелдерін бағалауын қамтиды. Атап айтқанда, біз қай жерлерде басшылық субъективті пайымдау жасағанын талдадық, мысалы, жорамалдар мен табиғатына байланысты белгісіз болашақтағы оқиғаларды талдауды талап ететін маңызды бухгалтерлік бағалауларды. Біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылауларды елемей тәуекелін қарастырдық, соның ішінде, басқа да мәселелермен қатар, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалау қауіп белгілерінің барлығын бағаладық.

### Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз септігін тигізді. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік алу үшін жобаланған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуіне негіз бар деп күтілсе, олар маңызды болып саналады.

Біз өзіміздің кәсіби пікірімізге сүйене отырып, маңыздылық үшін, соның ішінде тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін жалпы топтық маңыздылық үшін, қажет төмендегі кестеде көрсетілгендей белгілі бір сандық мөлшердегі шектер орнаттық. Осы мөлшерлердің арқасында, және де сапалы факторларды есепке ала отырып, біз аудиттің көлемін, түрін, мерзімін және біздің аудиторлық шаралардың ауқымын анықтадық, сондай-ақ бұрмалаулардың жеке немесе жиынтығында шоғырландырылған қаржылық есепке тигізетін септігін бағаладық.

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

3 – бет

<b>Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деңгейіндегі маңыздылық</b>	9,600 миллион теңге
<b>Берілген деңгей қалай анықталды</b>	Бизнесті біріктіруден алынған таза пайдаға түзетілген жылдық салық салынғанға дейінгі табыстың 5% құрайды.
<b>Маңыздылық белгілерін қолдану негіздері</b>	<p>Біз бағдарлық көрсеткіш ретінде салық салынғанға дейінгі табысты таңдадық. Біз табыс көрсеткіші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің пайдаланушылары қолданатын көпшілік мақұлдаған бағдарлық көрсеткіш болып табылады деп сенеміз.</p> <p>Біз оны бизнесті біріктіруден түскен таза пайдаға түзеттік, ол аудитте бөлек қарастырылатын бір реттік маңызды зат болып табылады.</p> <p>Біз осы саладағы пайдаға бағытталған компаниялар үшін қолданылатын материалдық маңыздылық шектеріне сәйкес келетін 5% мөлшерін таңдадық.</p>

**Аудиттің негізгі мәселелері**

Негізгі аудит мәселелері, біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас алып қарастырдық, және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз.

<b>Аудиттің негізгі мәселелері</b>	<b>Аудит барысында аудиттың негізгі мәселелері қалай ескерілді</b>
<p><b>Бизнесті біріктіруді есепке алу</b></p> <p><b>Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3,4 және 14 ескертпелері</b></p> <p>2018 жылдың желтоқсанында Top Energy Asia (BVI) Limited-тің 40.05% акцияларын және «БК «Хорасан-У» ЖШС-тің жарғылық капиталының 16.02% Energy Asia Holdings (BVI) Limited-тен алу мәмлесін аяқтады.</p> <p>2018 жылдың 31 желтоқсанының жағдайына сәйкес Top бақылау кеңесінде дауыс беру құқығының көпшілігін иелену арқылы «Байкен-У» ЖШС-ті өз бақылауына алды.</p> <p>2018 жылдың 31 желтоқсанының жағдайына сәйкес Top «Қызылқум» ЖШС және «БК «Хорасан-У» ЖШС елеулі ықпалын сақтап қалды.</p>	<p>Аудитке қолданылған тәсіліміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Біз басшылық тағайындаған сыртқы сарапшылардың біліктілігін, мүмкіндіктерін және объективтілігін бағаладық және пайдаланылған негізгі жорамалдарға қатысты олардың қорытындыларының негізділігін бағаладық.</li> <li>• Біз бағалау есебінде қолданылған әдістемелер мен болжамдарды бағалау үшін, яғни уран бағасын, дисконттау мөлшерлемесін және нарықтық деректерге салыстыруды қоса белгілі бір елге және валютаға қарасты тәуекел мөлшерлемесін қарастыруға өзіміздің бағалау мамандарымыздың көмегін қолдандық.</li> </ul>

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

4 - бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында аудиттың негізгі мәселелері қалай ескерілді
<p>2018 жылдың 31 желтоқсанына Топ алынған активтер мен міндеттемелерді есептеу үшін теңгерімдік құнды қолданған болатын, себебі, есептік кезеңнің соңында бизнесті сатып алудың әділ құныдайын болмаған еді. 2019 жылдың маусымында тәуелсіз сарапшы алынған активтер мен міндеттемелердің әділ бағасын бағалауын аяқтады және салыстырмалы ақпарат қайта есетелді.</p> <p>2019 жылдың ақпанында Топ бақылау кеңесінде дауыс беру құқығының көпшілігін иелену арқылы «Хорасан-У» ЖШС-ті өз бақылауына алды. Топ алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін әділ құнды қолданды.</p> <p>Топ бизнесті біріктіруге байланысты 54,649 миллион теңге таза пайда тапты. Осы сомма қауымдасқан кәсіпорының сату күні әділ құнының теңгерімдік құнынан жоғары болуынан пайда болған сомманы құрайды.</p> <p>Сатып алу бағасы үлестірімінің әр түрлі бағалауы, активтер мен міндеттемелерді әділ бағалауы субъективті болуы әрі елеулі пайымдауды талап етуі біздің осы салаға назар аударуымызға себеп болды.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Біз жоспарланған өндіріс мөлшерлеме және мерзім, нарықтық макроэкономикалық ақпарат және қорларға қатысты есептемелер сияқты бағалау есебінде қолданылған негізгі болжамдарды салыстырдық.</li><li>• Біз өзіміздің бухгалтерлік есеп бойынша техникалық мамандарымыздың көмегін бизнесті біріктіруге қарасты 4 және 45 ескертпелердің, яғни есеп операцияларының тәртіптерін және қалай жазылғанын стандарттарға сай екенін тексеру үшін қолдандық.</li></ul> <p>Алынған деректерге сүйене отырып, пайдаланылған негізгі болжамдар мен әдістер ұйғарынды шекте орналасқан.</p>

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

5 – бет

### Топ аудитінің көлемін анықтау

Біз аудит көлемін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тұтастай Топтың құрылымын есепке ала отырып, және Топ қолданатын есептік процесстер мен бақылау құралдарын, сондай-ақ, Топ қызмет ететін саланың ерекшелігін есепке ала отырып, өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті жұмыс көлемін орындай алатындай анықтадық.

Топтың негізгі өндірістік қуаттары мен уран кен орындары Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың саудасы негізінен Қазақстаннан, сондай-ақ Швейцариядағы сауда компаниясы арқылы жүзеге асырылады. Топ жеті тау-кен еншілес компаниясы (он бір жер қойнауын пайдалану келісімшартына сәйкес) арқылы жұмыс істейді, олардың бесеуі PwC желісінде тексеріледі, үш бірлескен кәсіпорын (бес жер қойнауын пайдалану келісім-шартына сәйкес) және төрт қауымдасқан компаниялар (бес жер қойнауын пайдалану келісім-шартына сәйкес), олардың біреуі PwC желісі арқылы тексеріледі. Аудиттің ауқымы PwC желісінде аудит барысында тексерілген бес ірі уран өндірмейтін кәсіпорынды да қамтиды.

Біздің тұрақты бағалауымызға сүйене отырып, біздің аудит көлеміне 20 субъект (компонент) кіреді деп шештік, оның ішінде басқа аудиторлармен тексерілген 8 компонент бар.

Аудиторлық күмәндарды, әрбір сегменттің және топтың функцияларын жеткілікті деңгейде қамтуды қамтамасыз ету үшін:

- Елеулі компоненттер толығымен тексерілді әрі Топ деңгейінде күмән түсіретін белгілі баланстар аудит процедураларынан өтті. Біздің таңдауымыз компанияның Топ ішіндегі салыстырмалы маңыздылығына немесе анықталған тәуекелдерге негізделді. Біз аудит аясында қарастырған компоненттер Топтың келесі пайыздық көрсеткіштерін<sup>(1)</sup> құрады:



(1) Топтың 2019 жылы 31 желтоқсанына шоғырландырылған нәтижелерінің пайыздары

Компоненттерге арналған аудит нұсқаулықтарда аудиттің елеулі салалары, маңыздылық шегі (69 миллион теңгеден 4,465 миллион теңге арасында түрленген) және есептілікке қойылатын белгілі талаптар көрсетілген. Топ аудиторлары компонент аудиторлары жүргізетін, офистік және фирмааралық қорытындыларды үйлестіру, аудит және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша тұрақты өзара іс-қимыл жасау, клиент орындарына мерзімді сапарлар және аудит бойынша жұмыс қағаздарын тексеру арқылы жүргізілген жұмыстарға басшылық етті.

Топтық деңгейде орындалған қосымша процедуралармен бірге осы компоненттер үшін жоғарыда аталған рәсімдерді аяқтағаннан кейін, біз өз пікірімізге негіз болатын шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді алдық.

## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

6 - бет

---

### **Өзге ақпарат**

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Бұл есеп, шамамен, біздің аудиторлық қорытындының күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпаратты қамтымайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есеп немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға айтуға міндеттіміз.

---

### **Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі**

Басшылық осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайлардағы мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады, басшылық Топты жоюға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау процессін қадағалауға жауапкершілік алады.

---

### **Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ХАС-на тиісті жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз төмендегілерді орындаймыз:



## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

7 – бет

- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ, себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;
- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Топтың ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын, басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашылуы мен бухгалтерлік бағалардың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудару керекпіз, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгерту керекпіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, одан кейін болатын оқиғалар немесе шарттар Топтың қызметінің үздіксіздік қабілеттілігін тоқтатуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- жалпы ұсынылуына, құрылымы мен мазмұнына, ақпараттың ашылуына, және де негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды осы шоғырландырылған қаржы есептілікте дұрыс ұсынылғанына баға береміз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін, Топқа кіретін ұйымдар немесе кәсіпкерлік қызметтердің қаржылық ақпараттарына қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді алу. Біз Топ аудитінің басқаруына, бақылауына және жүргізілуіне жауап береміз. Біз өз пікірімізге толықтай жауапкершілік аламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актпен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпараттың біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**


8 - бет

Нәтижесі бойынша тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы шығарылған тапсырма жетекшісі – Конратбаев Азамат.

PricewaterhouseCoopers LLP


Алматы, Қазақстан  
2020 жылғы 4 наурыз

Бекітілді:


  
Дана Инкарбекова  
Басқарушы директоры  
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005  
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

  
Светлана Белокурова  
Орындаушы-Аудитор  
(Аудитордың Квалификациялық куәлігі  
№00000357 1998 жылдың 21 ақпанынан)

Қол қойылды:

  
Азамат Конратбаев  
Аудит партнері  
(Шартты бухгалтерлер институты АССА  
сертификаты №00770863 2003 жылдың 8  
мамырынан)

**МАЗМҰНЫ**

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп.....	1
Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп.....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	4

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Тобы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер.....	5
2. Топ өз қызметін жүзеге асырған экономикалық орта .....	7
3. Есептілік саясатының негізгі ережелері .....	8
4. Есептілік саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар мен кәсіби пайымдаулар.....	29
5. Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану.....	32
6. Жаңа есептік ережелер .....	33
7. Сегменттік ақпарат .....	34
8. Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар .....	37
9. Түсім .....	39
10. Өткізудің өзіндік құны.....	40
11. Өткізу бойынша шығыстар .....	40
12. Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	40
13. Активтердің құнсыздануынан болған шығындар және құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру.....	41
14. Өзге де кірістер .....	41
15. Өзге шығыстар және бағамдық айырма бойынша таза пайда / (шығын) .....	42
16. Персоналдың еңбегіне ақы төлеу.....	42
17. Қаржылық кірістер мен шығыстар.....	42
18. Табыс салығы бойынша шығыстар .....	43
19. Ақцияға келетін пайда және бір акцияның теңгерімдік құны.....	46
20. Материалдық емес активтер.....	47
21. Негізгі құралдар.....	49
22. Өндіріске дайындау шығындары .....	51
23. Жер қойнауын пайдалану құқығы .....	52
24. Барлау және бағалау активтері .....	52
25. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар .....	53
26. Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар.....	56
27. Өзге инвестициялар .....	58
28. Дебиторлық берешек.....	59
29. Өзге активтер.....	60
30. Қорлар .....	60
31. Мерзімдік депозиттер .....	61
32. Байланысты тараптарға берілген қарыздар .....	61
33. Ақша қаражаты және олардың баламалары .....	62
34. Капитал.....	62
35. Несиелер мен қарыздар.....	62
36. Резервтер .....	65
37. Кредиторлық берешек.....	67
38. Өзге міндеттемелер.....	67
39. Шартты және келісімшарттық міндеттемелер .....	68
40. Бақыланбайтын үлес .....	69
41. Негізгі еншілес кәсіпорындар .....	71
42. Қаржылық тәуекелдерді басқару .....	73
43. Қаржы құралдарының әділ құны.....	83
44. Қаржылық құралдарды бағалау категориялары бойынша ұсыну.....	84
45. Бизнес сатып алу.....	84
46. Сатуға арналған активтер .....	89

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**

**Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп**

Миллион Қазақстан теңгесімен бөрілген	Ескерт.	2019 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (қайта есептелді)
Табыс	9	502,269	436,632
Өткізудің өзіндік құны	10	(307,498)	(313,817)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>194,771</b>	<b>122,815</b>
Өткізу бойынша шығыстар	11	(10,827)	(10,530)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	12	(32,024)	(34,805)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан пайда болған шығындарды қалпына келтіру	13	1,373	15,128
Қаржылық емес активтердің құнсыздануының шығындары	13	(4,549)	(5,848)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануының таза шығындары	13	(223)	(3,770)
Еншілес кәсіпорынның шығуынан алынған пайда/(шығын)	41	5,634	(511)
Бағамдық айырма бойынша таза пайда/(шығын)	15	83	7,250
Бизнесті сатып алудан алынған таза пайда	45	54,649	347,479
Өзге де кірістер	14	19,719	1,242
Өзге шығыстар	15	(6,797)	(5,849)
Қаржылық кірістер	17	3,990	3,949
Қаржылық шығыстар	17	(11,955)	(12,672)
Қауымдастырылған кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	25	23,547	33,246
Бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	26	9,864	(4,743)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>247,255</b>	<b>452,381</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	18	(33,506)	(28,797)
<b>Жалғасатын қызметтен алынатын пайда</b>		<b>213,749</b>	<b>423,584</b>
Тоқтатылған қызметтен алынатын пайда		-	1,104
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>213,749</b>	<b>424,688</b>
<b>Өзге жиынтық (шығын)/кіріс</b>			
Кейіннен пайдаға немесе шығынға жіктелуі мүмкін баптар:			
Шетелдік функционалдық валюталы кәсіпорындар бойынша бағамдық айырма		1,610	(21,118)
Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелмейтін баптар:			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, үлестік бағалы қағаздарға инвестициялардан шығыстарды шегергендегі кірістер		7	14,402
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақы бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		(33)	23
Кәсіпорындардың өзге жиынтық шығындағы үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын үлес		(11)	5
<b>Жыл ішіндегі өзге де жиынтық (шығын) / кіріс</b>		<b>1,573</b>	<b>(6,688)</b>
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>215,322</b>	<b>418,000</b>
<b>Келесілерге жатқызылатын жылдық пайда:</b>			
- Компанияның меншік иелеріне		189,998	417,684
- бақыланбайтын үлеске		23,751	7,004
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>213,749</b>	<b>424,688</b>
<b>Келесілерге жатқызылатын жылдық жиынтық кірістің жиыны:</b>			
- Компанияның меншік иелеріне		191,580	411,065
- бақыланбайтын үлеске		23,742	6,935
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>215,322</b>	<b>418,000</b>
Қарапайым акцияға шаққандағы меншік иелеріне жатқызылатын жалғасатын қызметтен алынған пайда негізінде есептелген негізгі және сұйылған пайда (акцияға теңгемен)	19	733	1,606
Қарапайым акцияға шаққандағы меншік иелеріне жатқызылатын жылдық пайда негізінде есептелген негізгі және сұйылған пайда (акцияға теңгемен)	19	733	1,610

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2020 жылғы 4 наурызда бекітті:

Юсупов М.Б.  
Экономика және қаржы  
жөніндегі бас директор

Қожа-Ахмет Д.А.  
Қаржы бақылаушысы

Смагулова Н.Н.  
Бас бухгалтердің м.а.

Қосымшадағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп**

Миллион Қазақстан теңгесімен берілген	Ескерт.	2019 ж. 31 желтоқсанда	2018 ж. 31 желтоқсанда (қайта есептелді)
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақмерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	21	179,453	176,389
Өндіріске дайындау шығындары	22	140,740	121,076
Жер қойнауын пайдалану құқығы	23	603,042	452,439
Барлау және бағалау активтері	24	22,927	23,609
Материалдық емес активтер	20	54,697	54,099
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		1,640	-
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	25	90,943	107,434
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	26	33,122	40,442
Өзге инвестициялар	27	567	619
Дебиторлық берешек	28	67	13
Кейінге қалдырылған салық активтері	18	13,558	7,552
Мерзімдік депозиттер	31	13	13
Туынды қаржылық актив	9	543	1,369
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	32	10,125	13,245
Өзге ұзақмерзімді активтер	29	24,676	20,847
		<b>1,176,113</b>	<b>1,019,146</b>
<b>Қысқамерзімді активтер</b>			
Дебиторлық берешек	28	90,627	94,477
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		12,110	4,366
Өтеуге ҚҚС		44,874	29,799
Қорлар	30	217,059	171,026
Мерзімдік депозиттер	31	1	205
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	32	2,798	10,373
Ақша қаражаты және олардың баламалары	33	98,560	128,819
Өзге қысқамерзімді активтер	29	12,257	18,322
		<b>478,286</b>	<b>457,387</b>
Шығатын топтардың сатуға арналған ретінде жіктелген активтері	46	19,734	5,578
		<b>498,020</b>	<b>462,965</b>
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>1,674,133</b>	<b>1,482,111</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	34	37,051	37,051
Қосымша төленген капитал		4,420	4,420
Резервтер		1,647	21
Үлестірілмеген пайда		944,917	834,964
Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капитал		988,035	876,456
Бақыланбайтын иелену үлесі		254,119	168,004
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>1,242,154</b>	<b>1,044,460</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер мен қарыздар	35	69,300	16,270
Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер	35	804	350
Кредиторлық берешек	37	-	777
Резервтер	36	39,487	32,885
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	18	129,582	97,215
Қызметкерлерге сыйақылар		1,110	954
Өзге ұзақмерзімді міндеттемелер	38	6,602	5,825
		<b>246,885</b>	<b>154,276</b>
<b>Қысқамерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер мен қарыздар	35	90,664	183,420
Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер	35	590	129
Резервтер	36	887	187
Кредиторлық берешек	37	58,562	51,534
Өзге салық пен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер		12,717	10,711
Қызметкерлерге сыйақылар		136	147
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		467	977
Өзге қысқамерзімді міндеттемелер	38	20,682	30,319
		<b>184,705</b>	<b>277,424</b>
Шығатын топтардың сатуға арналған ретінде жіктелген міндеттемелері	46	389	5,951
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>431,979</b>	<b>437,651</b>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>1,674,133</b>	<b>1,482,111</b>
Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)	19	4,578	3,819

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2020 жылғы 4 наурызда бекітті:

Юсупов М.Б.  
Экономика және қаржы  
жөніндегі бас директоры

Кожа-Ахмет Д.А.  
Қаржы бақылаушысы

Смагулова Н.Н.  
Бас бухгалтердің м.а.

Қосымшадағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп**

Миллион Қазақстан теңгесімен берілген	Ескерт.	2019 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Сатып алушылардан ақша қаражатының келіп түсуі		597,461	556,151
Бюджеттен ҚҚС қайтару		23,859	23,403
Алынған сыйақы		11,343	2,003
Жеткізушілерге төлемдер		(315,683)	(390,425)
Қызметкерлерге төлемдер		(47,915)	(45,856)
<b>Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаты</b>		<b>269,065</b>	<b>145,276</b>
Төленген табыс салығы		(50,018)	(28,642)
Өзге төленген салықтар (3-ескертпе)		(52,334)	(51,605)
Төленген сыйақы		(7,184)	(6,702)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары</b>		<b>159,529</b>	<b>58,327</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		(25,931)	(23,578)
Негізгі құралдарды есептен шығарудан алынған түсімдер		70	76
Негізгі құрал үшін берілген аванстар		(728)	(881)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(230)	(2,606)
Кен орнын игеру активтерін сатып алу		(20,732)	(23,917)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу		(2,394)	(8,215)
Шыққан кәсіпорындардың ақша қаражатын шегергендегі еншілес кәсіпорындарға салынған инвестицияларды өткізуден түсімдер		3,744	16,724
Мерзімді салымдар және шектеулі ақшалай қаражаттарды орналастыру		(4,457)	(8,525)
Мерзімді салымдар және шектеулі ақшалай қаражаттарды өтеу		3,383	8,666
Байланысты тараптардың қарыздарын өтеу		(6,716)	-
Қарыздарды өтеу		9,577	-
Бақыланатын кәсіпорындардан олардың құрамында сатып алған ақша қаражатын шегергендегі үлесті сатып алу		5,563	(8,415)
Қауымдастырылған компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларды сатып алу		(524)	(2,852)
Қауымдастырылған компаниялардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге инвестициялардан алынған дивидендтер		13,266	12,773
Өзгелері		(2,162)	471
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары</b>		<b>(28,271)</b>	<b>(40,279)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Несиелер мен қарыздардан түскен түсімдер	35	203,250	100,547
Облигацияларды орналастыру	35	70,000	70,000
Несиелер мен қарыздарды өтеу	35	(255,872)	(147,734)
Облигацияларды өтеу	35	(73,500)	-
Акционерлерге төленген дивидендтер	34	(80,001)	(161,661)
Бақыламайтын үлеске төленген дивидендтер		(22,517)	(273)
Жалға беру бойынша төлемдер		(463)	(151)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары</b>		<b>(159,103)</b>	<b>(139,272)</b>
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза азаюы</b>		<b>(27,845)</b>	<b>(121,224)</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		128,819	239,936
Ақша қаражаты және олардың баламаларына валюта бағамдарының өзгеруінің ықпалы		(2,407)	10,128
Ақша қаражаты және олардың баламаларының құнсыздануынан резервтегі өзгерістер		(7)	(21)
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>33</b>	<b>98,560</b>	<b>128,819</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2020 жылғы 4 наурызда бекітті:



Юсупов М.В.  
 Экономика және қаржы  
 жөніндегі бас директор

  
 Кожя-Ахмет Д.А.  
 Қаржы бақылаушысы

  
 Смагулова Н.Н.  
 Бас бухгалтердің м.а.

Қосымшадағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп**

Миллион Қазақстан теңгесімен берілген	Компанияның меншік иелеріне тиесілі						Бақыланбайтын иелену үлесі	Капитал жиыны
	Акционерлік капитал	Резервтер	Үлестірілмеген пайда	Қосымша төленген капитал	Жиыны			
<b>2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>37,051</b>	<b>472</b>	<b>585,109</b>	<b>4,785</b>	<b>627,417</b>	<b>14,550</b>	<b>641,967</b>	
Жыл ішіндегі пайда (3-ескертпе)	-	-	417,684	-	417,684	7,004	424,688	
Өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын, үлестік бағалы қағаздарға инвестициялардан алынған таза табыстар (3-ескертпе)	-	14,402	-	-	14,402	-	14,402	
Шетелдік қызмет аударымынан алынған бағамдық айырма	-	(451)	(20,676)	-	(21,127)	9	(21,118)	
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақы бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	-	-	15	-	15	8	23	
Кәсіпорындардың өзге жиынтық табысындағы үлестік қатысу өдісі бойынша есепке алынатын үлес	-	-	91	-	91	(86)	5	
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>-</b>	<b>13,951</b>	<b>397,114</b>	<b>-</b>	<b>411,065</b>	<b>6,935</b>	<b>418,000</b>	
Жарияланған дивидендтер	-	-	(161,661)	-	(161,661)	(635)	(162,296)	
Акционерлік капиталға жарна FVOCI бойынша бағаланатын, есептен шығару кезінде инвестицияны қайта бағалауға арналған резервті үлестірілмеген пайдаға аудару	-	-	-	(365)	(365)	-	(365)	
Бизнес сатып алу	-	(14,402)	14,402	-	-	-	-	
	-	-	-	-	-	147,154	147,154	
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан (3-ескертпе)</b>	<b>37,051</b>	<b>21</b>	<b>834,964</b>	<b>4,420</b>	<b>876,456</b>	<b>168,004</b>	<b>1,044,460</b>	
Жыл ішіндегі пайда	-	-	189,998	-	189,998	23,751	213,749	
Өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын, үлестік бағалы қағаздарға инвестициялардан алынған таза табыстар	-	7	-	-	7	-	7	
Шетелдік қызмет аударымынан алынған бағамдық айырма	-	1,619	-	-	1,619	(9)	1,610	
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақы бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	-	-	(33)	-	(33)	-	(33)	
Кәсіпорындардың өзге жиынтық шығындағы үлестік қатысу өдісі бойынша есепке алынатын үлес	-	-	(11)	-	(11)	-	(11)	
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>-</b>	<b>1,626</b>	<b>189,954</b>	<b>-</b>	<b>191,580</b>	<b>23,742</b>	<b>215,322</b>	
Жарияланған дивидендтер (34-ескертпе)	-	-	(80,001)	-	(80,001)	(23,999)	(104,000)	
Бизнес сатып алу (45-, 41-ескертпелер)	-	-	-	-	-	86,372	86,372	
<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>37,051</b>	<b>1,647</b>	<b>944,917</b>	<b>4,420</b>	<b>988,035</b>	<b>254,119</b>	<b>1,242,154</b>	

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2020 жылғы 4 наурызда бекітті:



Юсупов М.Б.  
 Экономика және қаржы  
 жөніндегі бас директор

Қожа-Ахмет Д.А.  
 Қаржы бақылаушысы

Смагулова Н.Н.  
 Бас бухгалтердің м.а.

**1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Тобы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша, Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) мен оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ деп аталады) үшін дайындалды.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын құру туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі № 1148 «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының мәселелері» қаулысына сәйкес жарғылық капиталға мемлекеттің жүз пайыздық қатысуы бар жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2017 жылдың 31 желтоқсанында Компания акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) арқылы мемлекетке тиесілі болды.

2018 жылғы 13 қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ» жаһандық депозитарлық қолхаттарды немесе ЖДҚ қоса 38,903,491 акция ұсынды, бұл Компанияның Лондон қор биржасы (LSE) мен Астана халықаралық биржасындағы (AIX) қосарлы листинг түріндегі акционерлік капиталының 15% құрайды. Әрбір ЖДҚ бір акцияны білдіреді. Ұсыныстың бағасы тиісінше ЖДҚ үшін 11.60 АҚШ долларын және қарапайым акция үшін 4,322.74 теңге құрады. 2019 жылғы 26 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ LSE және AIX-ке ЖДҚ түріндегі 9,863,021 акция қосымша ұсынысты орналастырды. Қосымша ұсыныстың бағасы ЖДҚ үшін 13 АҚШ долларын құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания акцияларының 81.28%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі және акциялардың 18.72%-ы еркін айналымда.

Компания мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Е-10 к-сі 17/12. Негізгі қызмет орны Қазақстан Республикасы болып табылады.

Топтың негізгі қызмет түрі уран өндіру және уран өнімдерін сату болып табылады. Топ әлемнің жетекші уран өндіруші компанияларының қатарына кіреді. Бұдан басқа, Топ сирек және сирекжер металдарды өндіру; бериллий және тантал өнімін шығару және өткізу; ғылымды көп қажетсінетін технологияларды әзірлеу қызметтерін жүзеге асырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ядролық отын циклының бастапқы кезеңдерінде Қазақстан Республикасының атынан өкілеттік ететін Компания болып табылады. Топ оның ағымдағы және болашақтағы табыс көздерін құрайтын бірқатар бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың қатысушысы болып табылады (25-және 26-ескертпелер). Компания акцияларын бастапқы жария орналастыруға байланысты, жоғарыда сипатталғандай, Топтың Даму стратегиясы уран өндіру жөніндегі негізгі бизнеске және қосылған құн тізбегінің тиісті элементтеріне шоғырландыру және кейіннен бейіндігін емес операцияларды жою мақсатында, қайта қаралды. Даму стратегиясы нарықтық жағдайлар негізінде өндіру көлемін оңтайландыру және өнімді өткізу жөніндегі мүмкіндіктерге нарықтық бағдарланған тәсілді қолдану жолымен, құнның ұзақмерзімді өсуін қамтамасыз етуге арналған.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ уран өндіру және барлау жөніндегі мына келісімшарттардың тарапы болды:

Кен орны/телім	Әзірлеу кезеңі	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт мерзімі	Жер қойнауын пайдаланушы
Қанжуған	Өндіру	27 қараша 1996	26 жыл	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС
Уванас	Өндіру	27 қараша 1996	26 жыл	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС
Мыңқұдық, Шығыс телімі	Өндіру	27 қараша 1996	26 жыл	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС
Мойынқұм, № 1 телім (Оңтүстік) (оңтүстік бөлігі)	Өндіру	26 қыркүйек 2000	20 жыл	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС
Мыңқұдық, Орталық телімі	Өндіру	08 шілде 2005	28 жыл	«Орталық» ЕК» ЖШС
Мыңқұдық, Батыс телімі	Өндіру	08 шілде 2005	30 жыл	«Аппак» ЖШС
Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын	Өндіру	15 қараша 1996	26 жыл	«РУ-6» ЖШС
Мойынқұм, № 3 телім (Орталық) (солтүстік бөлігі)	Өндіру	31 мамыр 2010	31 жыл	Компания
Инкай, №1 телім	Өндіру	13 шілде 2000	45 жыл	"Инкай" БК" ЖШС
Инкай, №2 телім	Барлау	25 маусым 2018	4 жыл	Компания
Инкай, №3 телім	Барлау	25 маусым 2018	4 жыл	Компания
Жалпақ	Барлау	31 мамыр 2010	12 жыл	«Орталық» ЕК» ЖШС
Солтүстік Хорасан, №2 телім	Өндіру	01 наурыз 2006	49 жыл	"Байкен-У" ЖШС
Солтүстік Хорасан, №1 телім	Барлау және өндіру	8 мамыр 2005	53 жыл	"Хорасан-У" БК" ЖШС
Буденовское, №2 телім	Өндіру	08 шілде 2005	35 жыл	"Қаратау" ЖШС
Буденовское, №1 телім	Өндіру	20 қараша 2007	30 жыл	"Ақбастау" БК" АҚ
Буденовское, №3,4 телім	Өндіру	20 қараша 2007	31 жыл	"Ақбастау" БК" АҚ



**1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Тобы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топқа 30-дан астам кәсіпорын кіреді (2018 ж.: 30 кәсіпорын), оның ішіне Қазақстан Республикасының алты өңірінде – Оңтүстік Қазақстан (2018 жылғы 19 маусымнан бастап – Түркістан), Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола, Алматы және Павлодар облыстарында орналасқан қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындар бар. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топ қызметкерлерінің жалпы саны 21 мың адамды құрайды (2018 ж.: 21 мың адам).

Төменде 2019, 2018 жылдар ішіндегі Топ құрылымындағы елеулі өзгерістер көрсетілген.

*«Уранды байыту орталығы» АҚ (ЖБО)*

Топ «Уранды байыту орталығы» АҚ-дағы (УБО) 50% минус 1 (бір) акциясын осы бірлескен кәсіпорын бойынша өзінің әріптесі – «ТВЭЛ» АҚ-ға (ТВЭЛ) кейінге қалдыру талабымен сату жөнінде келісімшарт жасасты. Топ ЖБО-ның 1 акциясын өзінде қалдыруды жоспарлап отыр, осы арқылы, ТВЭЛ-мен алдын ала келісілген шарттарға сәйкес, Топ уранды байыту жөніндегі қызметтерге қол жеткізу құқығын сақтайды. Инвестицияларды іске асыру жоспарына сәйкес, бұрын жарияланғандай, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топ ЖБО-ның бірлескен кәсіпорнының инвестициясын сатуға арналған актив ретінде жіктеді.

*«Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС, «Хорасан-У» БК» ЖШС*

2018 жылдың желтоқсанында Топ Energy Asia (BVI) Limited-тің 40.05% акцияларын және «Хорасан-У» БК» ЖШС жарғылық капиталының 16.02%-ын Energy Asia Holdings (BVI) Limited-тен сатып алу бойынша мәмілені аяқтады. Жасалған мәміле нәтижесінде «Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы топтың иелену үлесі тиісінше 52.5%, 50% және 50%-ға дейін ұлғайды (45-ескертпе). Мәміле аяқталғанға дейін иелену үлесі тиісінше 14.45%, 33.98% және 33.98% құрады.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Бақылау кеңесінде өкілдік ету және дауыс беру құқықтарының көпшілігін алу жолымен, «Байкен-У» ЖШС-ны бақылауға алды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы елеулі ықпалын сақтап қалды. Топ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Хорасан-У» БК» ЖШС-ның бақылауға алынбағаны туралы қорытынды шығарды, себебі қатысушылар Топқа байқау кеңесінде көпшілік дауысқа иелік етуіне мүмкіндік беретін құрылтай құжаттарындағы өзгерістерді мақұлдамады.

2019 жылғы ақпанда Топ Бақылау Кеңесінде дауыс беру және өкілдік ету құқықтарының көпшілігін алу жолымен «Хорасан-У» БК» ЖШС-ны бақылауға алды. Топ сатып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін әділ құнды қолданды (45-ескертпе). Топ «Хорасан-У» БК» ЖШС-ны 2019 жылғы 1 наурыздан бастап шоғырландырады.

*«Инкай» БК» ЖШС*

2017 жылдың желтоқсан айында Топ пен Самесо «Инкай» БК» ЖШС-ны қайта құрылымдау мәмілесін аяқтады. Келісім шарттарына сәйкес Топ өзінің «Инкай» БК» ЖШС-ындағы қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайтты және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпорынға бақылау алды. Топ «Инкай» БК» ЖШС-дағы үлесінің ұлғаюын ХҚЕС 3 стандартына сәйкес сатып алу әдісімен тәуелсіз бағалаушы есебінің негізінде көрсетті. Топ «Инкай» БК» ЖШС-ны 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап шоғырландырады.

*«Ақбастау» БК» АҚ және «Қаратау» ЖШС*

2018 жылы Топ пен Uranium One Inc. «Қаратау» ЖШС және «Ақбастау» БК» АҚ бойынша бірқатар келісімшарттарға қол қойды. Нәтижесінде, осы бірлескен кәсіпорындар ХҚЕС 11 стандартына сәйкес бірлескен операциялар ретінде жіктелді. Топ бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды мойындауды тоқтатты және өзінің бірлескен кәсіпорындарға жататын активтер мен міндеттемелердегі өз үлесін мойындады. Иемденулер активтер, міндеттемелерді сатып алу күнінен бастап осы кәсіпорындардың кірістері мен шығыстары иелік ету үлесі мөлшерінде жол бойынша шоғырландырылады. Топ жіктеудің бұл өзгерісін ХҚЕС 3 және ХҚЕС 11 стандарттарына сәйкес бизнесті біріктіру ретінде есепке алады.

*«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС*

2018 жылғы 25 маусымда Топ «Самұрық-Қазына» АҚ-мен «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-дағы 100% қатысу үлесін сату туралы келісімге қол қойды (46-ескертпе). Сату 2018 жылғы маусымда үкіметтің келісімі алынғаннан кейін аяқталды. «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-ның шығыуы тоқтатылған қызмет ретінде көрсетілген.

**1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК” АҚ Тобы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер (жалғасы)**

*Жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде активтерді өткізу*

IPO бойынша Топтың бағдарламасында, бұрын жарияланғандай, бейінді емес активтерді өткізу жоспарларына сәйкес, бірқатар бейінді емес активтер өткізілді немесе өткізілетін болады, оның ішінде KazPV жобасының келесі кәсіпорындары бар: «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «MK KazSilicon». Бұрын жарияландай, KazPV кәсіпорындарындағы 75% қатысу үлесін бастапқы кезеңде сатуды көздейтін кейінге қалдыру шарттары бар сатып алу-сату шартына 2019 жылғы 17 мамырда қол қойылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл мәміле аяқталған жоқ. KazPV жобасына қатысушы ұйымдардың активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте сатуға арналған активтер ретінде берілген (46-ескертпе).

**2. Топ өз қызметін жүзеге асырған экономикалық орта**

Қазақстан Республикасының экономикасында дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктердің көрініс табуы жалғасуда. Ол әсіресе Қазақстан экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және минералдық шикізаттар бағаларының ауытқуына сезімтал. Бұл ерекшеліктерге, сонымен қатар, ұлттық валютаның елден тысқары жерде еркін айырбасталмауы және құнды қағаздар нарығының төмен өтемпаздық деңгейі жатады және де ерекшеліктер осылармен шектелмейді. Өңірде сақталып отырған саяси шиеленісушілік, айырбастау бағамының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етті және өтімділіктің төмендеуі мен халықаралық қаржыландыруды тартуда қиыншылықтар туындауын қоса, теріс әсер етуді жалғастыруы мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Үкіметі айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу, валюталық дәлізді жою мен еркін құбылмалы айырбас бағамына көшудің негізінде жаңа ақшалай-кредиттік саясатты іске асыру туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясатты теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуларының алдын алу үшін интервенцияларға жол береді.

Осы есеп күніндегі жағдай бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 381.18 теңгемен салыстырғанда, 1 АҚШ доллары үшін 380.26 теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 384.20 теңге). Осылайша, теңгенің айырбас бағамына және Ұлттық банк пен Үкіметтің алдағы уақыттардағы іс-қимылына, сондай-ақ аталған факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты тұрлаусыздық бар.

Мұндай экономикалық орта топтың қызметі мен қаржылық жағдайына елеулі әсер етеді. Басшылық Топ қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Алайда қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, және басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының тау-кен секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің әсеріне бейім болып қалады. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылық перспективасы елеулі деңгейде Үкімет қабылдаған экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни Топтың бақылау аясынан тысқарыдағы жағдайларға байланысты.

Басшылық Қазақстан экономикасындағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да және олардың Топтың келешектегі қаржылық ахуалына болуы мүмкін әсерін алдын ала көре алмайды және бағалай алмайды. Басшылық ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығын және өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолдануда екендіктеріне сенімді.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері**

#### ***Қаржылық есептілікті дайындау негізі***

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдардың бастапқы құны бойынша есепке алу қағидаларының негізінде дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есептілік саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау ХҚЕС сәйкес кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауларды пайдалануды талап етеді. Бұдан басқа, Топтың есепке алу саясатын қолданған кезде басшылықтың өз ой-пікірлеріне сенуі қажет. Бухгалтерлік есептің анақұрлым жоғары дәрежедегі бағалауды болжайтын облыстары және шоғырландырылған қаржы есептілік үшін рұқсат етулер мен бағалаулар анақұрлым елеулі болып табылатын облыстары 4-ескертуде көрсетілген.

#### ***Есептілікті ұсыну валютасы***

Егер өзгеше көрсетілмеген болса, осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көрсеткіштері Миллион Қазақстан теңгесімен берілген.

#### ***Шоғырлану қағидастары***

##### ***(i) Шоғырландырылған қаржылық есептілік***

Еншілес кәсіпорындар, құрылымдық кәсіпорындармен қоса инвестициялар болатын еншілес кәсіпорындар, Топпен бақыланатын инвестициялардың осындай объектілерін білдіреді, өйткені Топ (i) инвестициялар объектісі табысына елеулі әсер ететін елеулі қызметті басқаруға оған мүмкіндік беретін өкілеттерге ие, (ii) инвестициялар объектісіне қатысудан түскен өзгермелі табыспен байланысты тәуекелдердің ықпалына түседі, немесе осындай табысты алуға арналған құқығы бар, және (iii) инвестордың табыс мөлшеріне әсер ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілдіктерін пайдалану мүмкіндігі бар. Топтың басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттігінің бар болуын бағалау кезінде, іс жүзіндегі әлеуетті дауысымен қоса, іс жүзіндегі құқықтарының бар болуын және ықпалын қарау қажет. Құқық, егер де ұстаушы бұл құқықты инвестициялар объектісінің елеулі қызметін басқаруға қатысты шешімді қабылдау кезінде іс жүзінде іске асыру мүмкіндігі болса, іс жүзінде деп саналады. Құқық, егер де ұстаушы бұл құқықты инвестициялар объектісінің елеулі қызметін басқаруға қатысты шешімді қабылдау кезінде іс жүзінде іске асыру мүмкіндігі болса, іс жүзінде деп саналады. Топ, оның инвестициялар объектісінде көпшілік дауысы болмаса да, инвестициялар объектісіне қатысты өкілдіктерге ие болуы мүмкін. Ұқсас жағдайларда инвестициялар объектісіне қатысты іс жүзіндегі өкілеттіктердің бар болуын айқындау үшін Топ басқа дауыс құқығын ұстаушылардың пакеттерін жайғастыру мөлшері мен дәрежесіне қатысты өзінің дауыс пакетінің мөлшерін бағалауға тиіс. Басқа инвесторлардың, инвестициялар объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістерді енгізумен байланысты немесе айрықша жағдайда қолданылатын сияқты осындай қорғау құқықтары Топтың инвестициялар объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі болмайды. Еншілес кәсіпорындар Топқа олардың операцияларына бақылауды тапсыру күнінен бастап (сатып алу күнінен) шоғырландырылған қаржы есебіне кіргізіледі және бақылаудан айырылған күнінен бастап шоғырландырылған есептіліктен алып тасталады.

Еншілес кәсіпорындар, жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынғанды қоспағанда, сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржы есептілігіне енгізіледі. Сатып алынған сәйкестірілген активтер, сондай-ақ бақыламайтын үлестің мөлшерінен тәуелсіз сатып алу күніндегі әділ құны бойынша бизнес біріктірілген кезде сатып алынған активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер көрсетіледі.

Топ тікелей қатысу үлесі болып табылатын және сатып алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыланбайтын үлеске барабар таратылған жағдайда, ұстаушыға таза активтердің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыланбайтын үлесті бағалайды.

Гудвил сатып алынған кәсіпорынның таза активтері сомасын мына мөлшерлерменелердің: сатып алынған кәсіпорынға берілген өтемнің, сатып алынған кәсіпорынның бақыламайтын үлес сомасының және сатып алынған кәсіпорынның тікелей сатып алу күні алдында тиесілі капиталдағы қатысу үлесінің әділ құнының жалпы сомасынан шегеру арқылы айқындалады. Теріс сомасы («теріс гудвил»), басшылық барлық сатып алынған активтер, сондай-ақ қабылданған міндеттемелер мен шарттық міндеттемелер толық сәйкестірілгенін қайта бағалап, олардың бағаланғанын талдағаннан кейін, пайда немесе шығын құрамында мойындалады.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Сатып алынған кәсіпорын үшін берілген өтеу тапсырылған активтердің, капиталдағы шығарылған қатысу үлестің және туындаған немесе қабылданған міндеттемелердің әділ құны бойынша бағаланады, бұған активтердің әділ құны және шарттық өтеу туралы келісімдер нәтижесінде туындаған міндеттемелер кіреді, бірақ сатып алуға байланысты мына консультациялық қызмет көрсетуге, заң қызметтеріне, бағалауды жүргізу бойынша және ұқсас кәсіби қызметтерге төлеу сияқты шығыстар кірмейді. Мәміле бойынша үлес құралдарын шығару кезінде шеккен шығындар капитал сомасынан шегеріледі, мәміле бойынша бизнесті біріктіру шеңберінде қарыздық құнды қағаздардың шығарылуына байланысты шеккен шығындар олардың баланстық құнынан шегеріледі, ал мәміле бойынша сатып алуға байланысты барлық қалған шығындар шығыстарға жатқызылады.

Топ кәсіпорындары арасындағы операциялар тиісті шоттар бойынша қалдықтар және Топ кәсіпорындары арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайда өзара есептілікке алынбайды. Іске асырылмаған шығын да өзара есептілікке алынбайды, тек шығыстардың өтелуі мүмкін болмаған жағдайлар бұған жатпайды. Компания және оның барлық еншілес кәсіпорын есебі Топтың саясатына сәйкес бірегейесептілік саясаты қағидаттарын қолданады.

Бақыламайтын үлес – бұл, Топ тікелей немесе жанама түрде иеленбейтін капиталға қатысу үлесіне келетін, еншілес кәсіпорынның қызметі мен капиталының таза қорытындысының бөлігі. Бақыламайтын үлес Топтың бөлек капиталының құрамбірлігін білдіреді.

#### *(ii) Бақыламайтын үлестерді сатып алу және сату*

Топ бақыламайтын үлестің иелерімен мәмілелерді есептілікке алу үшін экономикалық бірліктің моделін қолданады. Сатып алынған бақыламайтын үлестің тапсырылған өтеуі мен тепе-тең құны арасында қандай-да айырмашылық болса, ол тікелей капиталда капиталмен операция ретінде көрсетіледі. Топ бақыламайтын үлестің сатылғаны үшін алынған өтеумен және оның тепе-тең құны арасындағы айырмашылықты капиталдағы өзгерістер туралы есепте капиталмен жасалған мәміле ретінде мойындайды.

#### *(iii) Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорынды сатып алу*

Жалпы бақылаудағы тараптан еншілес кәсіпорындарды сатып алу алдыңғы кәсіпорынның бағалау әдісі бойынша есептеледі. Осы әдістемеге сәйкес біріккен кәсіпорынның шоғырландырылған қаржы есептілігі, кәсіпорындар шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген ең ерте кезеңнен бастап, немесе, кешірек болса, бірігейін деп жатқан кәсіпорындар алғашқы рет жалпы бақылауға түскен күнінен бастап біріккен тәрізді ұсынылған. Еншілес кәсіпорынның, жалпы бақылаудағы, тараптар арасында тапсырылатын активтер мен міндеттемелер алдыңғы кәсіпорынмен белгіленген тепе-тең құны бойынша көрсетілген.

Алдыңғы кәсіпорын ең жоғары деңгейдегі есептілік беруші кәсіпорын болып саналады, онда еншілес кәсіпорынның ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржы ақпараты шоғырланған болатын. Алдыңғы кәсіпорынмен бастапқы алынған зат кезінде пайда болған гудвил де аталған шоғырланған қаржы есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы кәсіпорынның гудвилімен қоса, таза активтердің тепе-тең құны және алынған затқа өтеу арасындағы айырмашылық аталған шоғырланған қаржы есептілікте капитал құрамындағы бөліп берілмеген пайда түзету ретінде көрсетіледі.

#### *(iv) Қауымдастырылған кәсіпорындар*

Қауымдастырылған кәсіпорындар – ол Топ елеулі ықпалын тигізе алатын (тікелей немесе жанама), бірақ оларды бақыламайтын кәсіпорындар; әдетте, бұл кәсіпорындардағы дауыс құқығының үлесі 20%-дан 50%-ға дейін құрайды. Қауымдастырылған кәсіпорындарға деген инвестициялар қатысу үлесінің әдісі бойынша ескеріледі және бастапқы өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Қауымдастырылған кәсіпорындардан алынған дивидендтер қауымдастырылған кәсіпорындарға құйылған инвестициялардың тепе-тең құнын азайтады. Топтың сатып алудан кейінгі қауымдастырылған кәсіпорындардың таза активтеріндегі үлесінің өзге өзгерістері мына түрде көрсетіледі: (i) Топтың қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы және шығындағы үлесі қауымдастырылған кәсіпорынның қаржы қорытындысы ретіндегі жылдағы шоғырландырылған пайда мен шығын құрамында көрсетіледі, (ii) Топтың өзге де жиынтық табыстағы үлесі бөлек жолмен өзге жиынтық табыстың тепе-тең құнында көрсетіледі, (iii) Топтың қауымдастырылған кәсіпорындардың таза активтерінің тепе-тең құнындағы иелік үлесінің өзгерістері қауымдастырылған кәсіпорындардың қаржы қорытындысы үлесінің құрамындағы пайда мен шығында көрсетіледі.

Алайда, Топтың, кез келген дебиторлық берешегімен қоса, қауымдастырылған кәсіпорындардың шығындағы үлесі оның қауымдастырылған кәсіпорындағы үлесіне тең немесе одан асатын болса, Топ болашақ шығындарды мойындауды тоқтатады, бұған ол аталған қауымдастырылған кәсіпорын атынан өзіне міндеттемелерді алу немесе төлемдерді жасау жағдайлары кірмейді.

Топ және қауымдастырылған кәсіпорындар арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайда Топтың осы қауымдастырылған кәсіпорындардағы үлесіне тең өзара алынып тасталады; іске асырылмаған шығындарда өзара алынып тасталады, бұған берілген активтердің құнсыздану операциялары кірмейді.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### *(v) Бірлескен қызмет туралы келісім*

Топ, егер ол басқа тараптармен бірлесіп әрекет ете отырып, келісімге жалпы бақылауды жүзеге асырса және егер тиісті іс-әрекеттер туралы шешімдер қабылдау бірлескен бақылауды жүзеге асыруға қатысатын тараптардың бірауыздан келісімін талап етсе, бірлескен қызмет туралы келісімге қатысушы болып табылады. Бірлескен қызмет туралы келісім осындай келісімге қатысушылардың келісімшарттық құқықтары мен міндеттемелеріне қарай бірлескен қызметті немесе бірлескен кәсіпорынды білдіреді. Егер бірлескен қызметке қатысушылардың активтерге құқығы бар және бірлескен қызметке байланысты міндеттемелер бойынша жауапты болған жағдайда, қызмет бірлескен операция болып табылады.

Топ бірлескен қызметке өзінің қатысуына қарай: (i) кез келген бірлесіп бақыланатын активтердегі өз үлесімен қоса, өз активтерін, (ii) кез келген бірлесіп өзіне қабылдайтын міндеттемелердегі өз үлесімен қоса, өз міндеттемелерін, (iii) бірлескен операция нәтижесінде шығарылған өнімді сатудан түскен пайдадағы өз үлесін; және (iv) кез келген бірлесіп шекпен шығыстардағы өз үлесімен қоса, өз шығыстарын мойындайды. Келісім талаптарына сәйкес қатысушылар бірлескен операциялар өнімдерін өзінің 50% иелену үлесіне тең түрде сатып алады. Егер қатысушылар аталған шартты кезең ішінде орындамаса, бірлескен операция бойынша міндеттеме немесе дебиторлық берешек тиісті жалпы пайда мөлшерінде танылады. Міндеттеме/дебиторлық берешек қатысушы тепе-теңдік талаптарын орындаған кезде не қатысушылар осындай міндеттемелерден/дебиторлық берешектен босатуды бірлесіп шешкен кезде, есептен шығарылады, тиісті пайда/шығын пайда мен шығындар туралы есепте танылады. Қатысушылар арасындағы дебиторлық және кредиторлық берешектер қаржылық есептілікте толық көрсетілген. Бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен түсім Топ өнімді үшінші тарапқа сатқанға дейін, қаржылық есептілікте танылмайды.

Топтың бірлескен кәсіпорындарда қатысуы үлес әдісі бойынша есептеледі және бастапқы алынған зат құны бойынша көрсетіледі. Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер бірлескен кәсіпорындарға құйылған инвестициялардың баланстық құнын азайтады. Топтың бірлескен кәсіпорындардағы алынған заттан кейінгі таза активтердегі үлесінің өзге өзгерістері мына түрде көрсетіледі: (i) Топтың бірлескен кәсіпорындардың пайда/шығын және шығындарындағы үлесі бірлескен кәсіпорындардың қорытындысындағы үлесі ретінде жылдағы шоғырландырылған пайда мен шығындарда көрсетіледі, (ii) Топтың өзге де жиынтық табыстағы үлесі өзге жиынтық табыстың құрамына енгізіледі және бөлек жолмен ұсынылады, (iii) Топтың бірлескен кәсіпорындардың таза активтерінің баланстық құнындағы үлесінің барлық өзге өзгерістері бірлескен кәсіпорындардың қорытындысы үлесіне енгізіледі.

Топтың, кез келген қамтылмаған дебиторлық берешекпен қоса, бірлескен кәсіпорындардың залалындағы үлесі оның аталған бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесіне тең немесе артатын болса, Топ, өз міндеттемелері туындамайынша немесе ол бірлескен кәсіпорын атынан төлемдерді жасамайынша, болашақ шығындарды мойындамайды. Топтың бірлескен кәсіпорынның өзге де жиынтық табысы мен шығындағы үлесі өзге жиынтық табыс құрамында Топтың шоғырландырылған қаржы есебінде көрсетіледі.

Егер де Топ және оның бірлескен кәсіпорындар активтерінің құнсыздануынан пайда болмаса, Топ және оның бірлескен кәсіпорындар арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған табыстар Топтың бірлескен кәсіпорындағы үлесіне тепе-тең өзара алып тасталады; іске асырылмаған шығыстар да өзара алып тасталады. Бірлескен кәсіпорындардың есептілік саясаты Топ қабылдаған есептілік саясатымен сәйкестірілген.

#### *(i) Еншілес кәсіпорындардың, қауымдастырылған кәсіпорындардың немесе бірлескен кәсіпорындардың істен шығып кетуі*

Топ бақылаудан немесе елеулі ықпалдан айырылған болса, онда кәсіпорындағы сақталынатын үлес әділ құны бойынша қайта бағаланады, ал баланстық құнының өзгеруі пайдада немесе залалда көрсетіледі. Әділ құны қауымдастырылған кәсіпорындағы, бірлескен кәсіпорындағы немесе қаржы активтеріндегі қалған үлесті одан әрі есептілікке алу мақсаты үшін бастапқы баланстық құны болып табылады. Бұдан басқа, аталған кәсіпорынға қатысты өзге жиынтық табыс құрамында бұрында мойындалған соманың барлығы Топтың тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей істен шығып кетуін жүзеге асырды деп мойындалады. Бұл өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетілген сомалар пайдаға немесе шығынға ауысатынын білдіреді.

Қауымдастырылған кәсіпорындағы қатысу үлесі азаятын болса, бірақ сонымен қатар елеулі ықпалы сақталса, өзге жиынтық табыс құрамында бұрында көрсетілген соманың тепе-тең үлесі ғана қажетті жағдайларда пайдаға немесе шығынға аударылады.

#### **Шетелдік валюталарды қайта санау**

Топтың шоғырландырылатын кәсіпорындарының әрқайсысының функционалдық валютасы осы кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Компания мен оның Қазақстандық еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы және Топтың есептілігі ұсынылатын валюта Қазақстанның ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесі болып табылады. Теңгенің басқа валюталарға конвертациялануына қатысты валюталық бақылау қағидалары әрекет етеді. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тысқары еркін конвертацияланатын валюта болып табылмайды.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Ақшалай активтер мен міндеттемелер әрбір кәсіпорынның функционалдық валютасына тиісті есептік кезең аяғындағы нарықтық бағам бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютадағы операциялар бойынша есеп айырысудан және ақшалай активтер мен міндеттемелерді кезең аяғындағы нарықтық айырбас бағамы бойынша әрбір кәсіпорынның функционалдық валютасына қайта есептеуден орын алған оң және теріс бағамдық айырмалар жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі. Жыл аяғындағы бағам бойынша қайта есептеу баланстың тарихи құн бойынша өлшенетін ақшалай емес баптарына қатысты жүргізілмейді.

Топ ішіндегі кәсіпорындардың арасында берілетін және алынатын несиелер және олармен байланысты алынған оң және теріс бағамдық айырмалар шоғырландыру кезінде алынып тасталады. Алайда, несие алу және беру топтың ішіндегі, функционалдық валюталары әртүрлі кәсіпорындар арасында өткенде, оң және теріс бағамдық айырмалар толығымен алынып тастала алмайды және, несиенің жуырдағы келешекте реттелуі және сондықтан шетелдік қызметке таза инвестициялардың бір бөлігін құрайтындығы күтілмейтін жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған пайдада немесе залалда есепке алынады. Бұл жағдайда оң және теріс бағамдық айырмалар өзге жиынтық қорлар құрамында көрсетіледі.

Топтың әрбір кәсіпорнының қызмет нәтижелері мен қаржылық ахуалы ұсынылатын валютаға келесі түрде аударылады:

- Қаржылық ахуал туралы ұсынылған есептердің әрқайсысындағы активтер мен міндеттемелер тиісті есептік кезең аяғындағы жабу бағамы бойынша қайта есептеледі,
- Кірістер мен шығыстар орташа айырбас бағамы бойынша аударылады (егер ол орташа бағам бағамдардың операция күнгі жинақталған әсеріне негізделген түрде жуықтатылған болып табылмаса, онда кірістер мен шығыстар операциялар күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі,
- капиталдың компоненттері бастапқы бағам бойынша қайта есептеледі, және
- аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтардың барлығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

Шетелдік бөлімшені бақылауды жоғалтқан жағдайда, бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағамдық айырмалар жыл ішіндегі пайдаға немесе шығынға шығудан пайда немесе шығын ретінде көшірілуі тиіс. Еншілес кәсіпорынның бақылауды жоғалтусыз жартылай шығуы жағдайында, жинақталған бағамдық айырмалардың тиісті бөлігі капиталдағы бақыланбайтын үлеске көшіріледі.

Шетел валютасындағы шоттар бойынша қалдықтарды қайта бағалау үшін пайдаланылған жабудың нарықтық айырбас бағамы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 382.59 теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 384.20 теңге).

#### ***Табысты мойындау***

Табыс – бұл Топтың әдеттегі қызметі барысында туындайтын кіріс. Табыс мәміле бағасы мөлшерінде мойындалады. Мәміле бағасы үшінші тараптар атынан алынатын сомаларды ескерусіз, Топ сатып алушыға уәде етілген тауарлар немесе қызметтерді бақылауды берудің орнына құқық алуды күтетін өтеу болып табылады. Табыс жеңілдіктерді, қайтарымдарды және қосымша құн салығын, экспорттық баждарды, акциздерді және өзге осыған ұқсас міндетті төлемдерді шегерумен мойындалады.

#### ***(i) тауарларды сату (уран, бериллий, тантал, ниобий және өзге өнімдер)***

Сатулар тауарды бақылау көшетін мезетте мойындалады, яғни тауарлар сатып алушыға жеткізілгенде және сатып алушы тауарларға қатысты әрекеттер жасауға толық ерікті болғанда және сатып алушының тауарды қабылдауына әсер етуі мүмкін орындалмаған міндеттеме жоқ болғанда мойындалады. Тауарлар белгілі бір жерге жеткізілгенде, тозу және жоғалту тәуекелдері сатып алушыға көшкенде және сатып алушы тауарларды келісімшартқа сәйкес қабылдап алғанда, қабылдау туралы қағидалардың әрекет ету мерзімі аяқталғанда немесе қабылдаудың барлық критерийлері орындалғандығына Топтың объективті дәлелдері бар болғанда, Жеткізілім жүзеге асырылды деп есептеледі.

Жеңілдікпен сатулардан табыс көлем үшін есеп айырысу жеңілдіктерін шегергендегі келісімшартта көрсетілген баға негізінде мойындалады. Жеңілдіктерге арналған резервті есептеу және құру үшін жинақталған тәжірибе негізіндегі күтілетін құн әдісі пайдаланылады және табыс мойындалған соманың келешек кезеңдерде елеулі төмендеуі орын алмайтындығының ықтималдылығы өте жоғары сомада ғана мойындалады.

Қаржыландыру элементі жоқ деп есептеледі, өйткені сатулар төлемді 30-90 күнге кейінге қалдыруды ұсынудан жүзеге асырылады, бұл нарықтық тәжірибеге сәйкес келеді.

Дебиторлық берешек тауарлар жеткізілгенде мойындалады, өйткені, төлем мерзімінің келуі тек уақыт ағынымен ғана шартталатындықтан, осы мезетте өтеу сөзсіз болып табылады.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Уран, тантал и бериллий өнімдерін жеткізу шарттары сатып алушылармен нақты келісімшарттармен, әдетте, Incoterms жіктемесіне сәйкес анықталады. Уран өнімдерін жеткізу: тауарларды Incoterms шарттарымен физикалық жеткізудің нақты күніне, не болмаса тапсырыс берушімен анықталған конвертордың шотына бук-трансфер күніне жүзеге асырылады. Бұл ретте бук-трансфер уран материалын тараптардың бірімен көрсетілген материалдық шоттан есептен шығару операциясын және бір мезгілде мұндай материалды екінші тарап көрсеткен, бір мамандандырылған кәсіпорындағы шотқа жатқызуды білдіреді.

#### *(ii) Қызметтерді сату (тасымалдау, бұрғылау және өзгелері)*

Топ сыйақы бекітілген және өзгермелі келісімшарттар бойынша қызметтер ұсынады. Қызметтер ұсынудан түскен табыс олар көрсетілген есептік кезеңде мойындалады. Сыйақы бекітілген келісімшарттар бойынша табыс, есептік кезең аяғына дейін нақты ұсынылған қызметтердің көлемінен шыға отырып, көрсетілетін қызметтердің жалпы көлеміне пропорционалды түрде мойындалады, өйткені сатып алушы бір мезгілде пайдаларды алады және тұтынады.

Егер келісімшарттарға орындалатын бірнеше міндеттемелер кіретін болса, мәміле бағасы орындалатын әрбір бөлек міндеттемеге оларды жеке сатқан кездегі бағалардың ара қатынастарынан шыға отырып бөлінеді. Егер мұндай бағалар қадағаланатын болып табылмаса, олар күтілетін шығындар мен маржадан шыға отырып есептеледі.

Келісімшарт толық орындалғанға дейін табысты, шығынды немесе орындалған жұмыстардың көлемін бағалау мән-жайлар өзгерген жағдайда қайта қаралады. Табыстың немесе шығындардың есептік сомаларының осымен байланысты туындайтын кез келген ұлғаюы немесе азаюы оларды қайта қарауға әкелген мән-жайлар туралы басшылыққа белгілі болған кезеңде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Сыйақы бекітілген келісімшарт жағдайында сатып алушы бекітілген соманы төлем кестесіне сәйкес төлейді. Егер топ ұсынған қызметтердің құны төлем сомасынан асатын болса, сатып алушымен келісімшарт бойынша актив мойындалады. Егер төлемдердің сомасы көрсетілген қызметтер құнынан асса, сатып алушымен келісімшарт бойынша міндеттеме мойындалады.

Егер келісімшартқа өзгермелі өтеу кіретін болса, табыс тек осындай өтеудің келешек кезеңдерде елеулі азаюы болмайтындығының ықтималдылығы өте жоғары жағдайда ғана мойындалады.

#### *(iii) Қаржыландыру компоненттері.*

Топ уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға табыстау және сатып алушының оларды төлеуі арасындағы кезең бір жылдан аспайтын келісімшарттар жасасуды көздемейді. Осы себепті, топ мәміленің бағасын ақшалардың уақыттық құнының ықпалына түзетпейді.

#### *(iv) Өзара есепке алулар және бартерлік операциялар.*

Сатып алу-сату операцияларының бір бөлігі өзара есепке алу, бартер немесе ақшалай емес нышандағы басқа есеп айырысуды пайдаланумен жүзеге асырылады. Әдетте, бұл операциялар түпкілікті тұтынушымен әрtekті тауарлармен немесе қызметтермен алмасу (бартер) нышанында, өзара есепке алу немесе бірнеше ұйымдардың қатысуымен ақшалай емес операциялардың тізбегі нышанында жүргізіледі.

Есепке алу, бартер немесе ақшалай емес нышандағы өзге есеп айырысуды пайдаланумен жүзеге асыру жоспарланған сатып алу-сату операциялары ақшалай емес есеп айырысулар нәтижесінде алынатын немесе табысталатын активтердің әділ құнын басшылықтың бағалауы негізінде мойындалады. Әділ құн байқалатын нарықтық ақпарат негізінде анықталады.

Ақшалай емес есеп айырысулар ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен алынып тасталған. Инвестициялық және қаржылық операциялар, сонымен қатар операциялық қызметтің қорытынды нәтижесі ақша қаражатының нақты қозғалысы болып табылады.

#### **Пайыздық кірістер**

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатыннан басқа борыш құралдарының барлығы бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен есептеу әдісі бойынша барлық борыш құралдары бойынша көрсетіледі. Мұндай есептерде пайыздық кірістер мен шығыстарға келісімшарт тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын комиссиялар мен төлемдердің барлығы, мәміле бойынша шығындар, сонымен қатар өзге сыйақылар немесе жеңілдіктер кіреді. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, номиналды пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген борыш құралдары бойынша пайыздық кіріс «Қаржылық кірістер» бабы бойынша пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссияларға қаржылық активтер жасақтауға немесе сатып алуға немесе қаржылық міндеттемелер шығарумен байланысты (мысалы, несиеге қабілеттілікті бағалау үшін, кепілдікті немесе қамтамасыз етуді бағалау немесе есепке алу үшін, құралды ұсыну шарттарын реттеу үшін және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссия) Топ алған немесе төлеген комиссиялар кіреді.

Құрылған немесе сатылып алынған кредиттік құнсыздандырылған қаржылық активтерге қатысты тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін ақша ағындарын (бастапқы күтілетін кредиттік шығындарды қоса) бастапқы мойындау кезінде әділ құнына дейін дисконттайтын (әдетте сатып алу бағасына сәйкес келеді) мөлшерлеме болып табылады. Нәтижесінде тиімді пайыз кредиттік тәуекелді ескерумен түзетілген болып табылады.

Пайыздық кіріс: (i) құнсыздандырылған (3-кезең) және пайыздық кіріс олардың амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен есептелетін (күтілетін кредиттік шығындарға резервті шегергендегі) қаржылық активтерден; және ii) кредиттік тәуекелді ескерумен түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға қолданылатын құрылған немесе сатылып алынған кредиттік құнсыздандырылған қаржылық активтерден басқа қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен есептеледі.

#### ***Табыс салығы***

Табыс салығы қаржылық есептілікте, есептеме кезеңінің аяғында қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес көрсетіледі. Табыс салығы бойынша шығыстарға (өтеулерге) ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар кіреді және жылдағы пайда мен шығындарда көрсетіледі, егер де олар өзге жиынтық табыс құрамында немесе қандай болса да басқа есептілік беру кезеңдегі капиталда тікелей көрсетілетін операцияларға жататынына байланысты капиталда тікелей көрсетілмеуге тиіс болса.

Ағымдағы салық, ағымдағы және алдағы кезеңдердегі салық салынатын пайдаға немесе шығынға қатысты салық органдарына (салық органдары есебінен өтеледі) төленеді деп күтілетін соманы білдіреді. Салық салынатын пайдалар немесе шығындар есептесу бағалау негізінде есептеледі, егер де қаржылық есептілікті тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілетін болса. Табыс салығынан айрықша салықтар операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық болашақ кезеңге қалдырылған салық шығындарына және активтер мен міндеттемелердің баланстық базасы және олардың қаржылық есептіліктегі баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтарына қатысты баланстық міндеттемелер әдісімен есептеледі. Бастапқы мойындалуы бар ерекшелікке сәйкес, кейінге қалдырылған салықтар, бизнесті біріктірумен байланысты емес операциялар бойынша міндеттемелерді немесе активтерді бастапқы мойындалуы кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты мойындалмайды, егер де осындайлар бухгалтерлікке де, салық салынатын пайдаға да ықпал етпесе. Кейінге қалдырылған міндеттемелер гудвилды бастапқы мойындау кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты, және әрі қарай салық салынатын пайданы азайтпайтын гудвилге қатысты есептелмейді. Кейінге қалдырылған баланстық құны есептілік беру кезеңінің аяғында әрекет етілетін салық мөлшерлемесін қолданып есептеледі және, олар күтілетіндей, уақытша айрықшаларды қалпына келтіру немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындары кезеңде қолданылатын болады. Кейінге қалдырылған салық активтері Топтың әр бір бөлек кәсіпорыны шеңберінде ғана кейінге қалдырылған салық міндеттемелерге қарсы есептелуі мүмкін. Барлық есептен шығарылатын уақытша айырмашылыққа және салық шығындардың болашақ кезеңдеріне ауыстырылғандарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері, есептен шығарылатын айырмашылықты есептеуге болатынына қарсы салық салынатын пайданы болашақта алу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана мойындалады.

Топ, еншілес кәсіпорындардың дивидендтеріне арналған салықтарға немесе оларды сатудан түскен пайдаға жататын уақытша айырмашылықты бақылайды. Басшылық жақын арадағы келешекте уақытша айырмашылықтың қалпына келтірілуін күтетін жағдайды қоспағанда, Топ осындай уақытша айырмашылық бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелерді көрсетпейді.

Топтың айқындалмаған салық позицияларын басшылық әрбір есептілік беру кезеңінің аяғында бағалайды.

Пайдаға арналған салық бойынша позицияларға қатысты көрсетілетін міндеттемелер, қосымша салық міндеттемелердің туындау мүмкіндігі бар деп басшылық санаған жағдайларда ескеріледі, егер де Топтың салық позициясы олардың жоқ болу мүмкіндігінен жоғары деп салық органдары келіспеген болса. Осындай бағалау, қолданыстағы немесе есептілік беру кезеңінің аяғында қолданыстағы салық заңнаманы, сондай-ақ соттың кез келген белгілі қаулылары немесе ұқсас мәселелер бойынша өзге де шешімдерді талқылау негізінде жүргізіледі.

Пайданың салығын қоспағанда, айыппұл, өсімақы мен салықтар бойынша міндеттемелер есептілік беру кезеңінің аяғындағы міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстарды басшылықпен ең жоғары бағалау негізінде көрсетіледі.



### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Негізгі құралдар**

##### *(i) Негізгі құралдарды мойындау және бағалау*

Негізгі құралдар жинақталған амортизациялау және құнсызданудан жинақталған шығындар есептен шығарылып, өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Бастапқы құн активті мақсаттық пайдалану үшін жұмыс орнына жеткізуге және жұмыс қалпына келтіруге тікелей байланысты кез келген шығындардан, импорт бажы және сатып алынғандар бойынша өтелмейтін салықпен қоса, сауда жеңілдіктерін және қайтаруларды есептемегендегі сатып алу құнынан тұрады. Шаруашылық әдісімен дайындалған немесе құрастырылған негізгі қаражат объектісінің бастапқы құны өзіне жұмсалған материалдар құнын, орындалған өндірістік жұмыстарды және өндірістік үстеме шығындардың сәйкесті үлесін қосудан тұрады. Олардың пайдалы қызмет мерзімі жалпы аталған объектінің пайдалы қызмет мерзімінен айырмашылығы бар негізгі құралдар нысанының бөлек елеулі бөліктері бөлек нысандар (компоненттер) ретінде есептеледі және осындай бөліктердің пайдаланылатын мерзімін көрсететін нормалар бойынша амортизацияланады.

Бұдан әрі болатын шығындар аталған нысанның баланстық құнына кіргізіледі немесе, Топтың аталған нысанды пайдаланудан экономикалық пайдасы мүмкін болып және оның құны сенімді бағалануы мүмкін болған жағдайда, бөлек актив ретінде көрсетіледі. Негізгі құрал-жабдықтар құрамында елеулі бастапқы құнымен және бір жылдан астам пайдалы пайдалану мерзімімен қоса арнайы қор бөлігі мен қосалқы жабдықтар көрсетіледі. Өзге қор бөліктері мен қосалқы құрал-жабдықтар тауарлық-материалдық қор құрамында көрсетіледі және шығындану деңгейі бойынша жылдағы пайда мен шығында көрсетіледі.

Ағымдағы жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кеткен шығындар ағымдағы кезеңдегі шығындарға жатады. Негізгі құралдардың ірі түйіндерін немесе компоненттерін ауыстыруға кеткен шығындар ауыстыруға жататын бөлшектерді бір уақытта тізімнен шығару кезінде капиталдандырылады. Негізгі құралдардың шығып қалуынан болған пайда немесе шығын сатудан түскен ақша мен оның баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

##### *(i) Негізгі құралдардың амортизациясы*

Жерге амортизация есептелмейді. Уранды өндіруге және оны алдын ала өңдеуге пайдаланатын объектілерді амортизациялау осы әдіс тұтыну құрылымын ең жақсы түрде көрсететін объектілерге қатысты өндірістік әдіс негізінде есептеледі. Негізгі құралдардың өзге объектілерінің амортизациясы олардың бастапқы құнын олардың пайдалы пайдалану мерзімі ішінде қалдық құнына дейін біркелкі есептеп шығару арқылы желілі әдіспен есептеледі:

	<u>Пайдалы пайдалану мерзімі</u>
Ғимараттар	10 нан 50 жылға дейін
Машиналар мен жабдықтар	3 тен 50 жылға дейін
Көлік құралдары	3 тен 10 жылға дейін
Өзгесі	3 тен 20 жылға дейін

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің есептесу мерзімі оның пайдалы қызметінің өз мерзіміне де, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт мерзіміне және (немесе), негізгі құралдардың аталған нысаны орналасқан аумағындағы кен орнындағы экономикалық тұрғыдан түсіп жатқан қордың ағымдағы бағалануына да тәуелді.

Активтің қалдық құны есептесу сомасы болып табылады, оны Топ, актив пайдалы пайдалану мерзімінің соңына дейінгі жағдайға және пайдалы пайдалану мерзімінің соңы сипатталатын жағдайдың соңына жеткендей, істен шығуға болуы мүмкін шығындарды есептен шығарғанынан кейінгі активтің істен шығудан ағымдағы жағдайда алар еді. Активтердің қалдық құны және олардың пайдалы пайдалану мерзімі әр есептілік беретін кезеңнің аяғында қайта қарастырылады және өзгертіледі.

#### **Өндіріске дайындау шығындары**

Өндіріске дайындалу бойынша капиталдандырылған шығындар жинақталған амортизацияны және қажет болғанда, құнсызданудан жинақталған шығындарды есептен алғанда, өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Өндіріске дайындалу бойынша шығындарға технологиялық құйылатын және ағызылатын төтелдерді бұрғылау, төтелдердің магистральдік сыртқы айналымын жер бетіндегі коммуникациялар, жабдықтар және бақылау-өлшеу аппаратурасы, иондық алмасу шайыр құны, телімді қалпына келтіру бойынша бағалау шығындар және өндіруге дайындалу бойынша өзге шығындар кіреді. Өндіріске дайындалу бойынша шығындар кен орны немесе өндірістік әдісті қолданып блоктар деңгейінде амортизацияланады. Өндірістік әдісі бойынша амортизация мөлшерлемесі расталған қорларға негізделген, олар бар кен орындардан (блоктардан) қолданыстағы жабдықтарды және өндіру әдістерін қолдана отырып алынуы мүмкін. Расталған қорларды есептеу әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған ажырамас бөлігі болып табылатын қорлар туралы есептемелерге негізделген. Қорлар туралы аталған есептемелер құзыретті органмен бекітілген, және жылдар бойынша күтілетін өндіру көлемі туралы егжей-тегжей ақпарат ұсынылған, техникалық-экономикалық модельдерге енгізіледі. 2017 жылдан бастап Топ қорлар туралы тәуелсіз консультант дайындайтын есептілікті пайдаланады (4 ескерту).

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Материалдық емес активтер***

##### *(i) Материалдық емес активтерді мойындау және бағалау*

Топтың материалдық емес активтерінде, гудвилден басқасында, пайдалы пайдаланудың ақырғы мерзімі бар және, негізінде, өндіріс технологиясын енгізу капиталдырылған шығындар, бағдарламалық қамту және лицензиялар мен патенттер кіреді. Сатып алынған компьютерлік бағдарламалық қамту және лицензиялар мен патенттер бастапқыда оларды сатып алуға және енгізуге шеккен шығындар сомасында мойындалады.

##### *(ii) Материалдық емес активтердің амортизациясы*

Материалдық емес активтер оларды пайдалы пайдалану мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады:

	<u>Пайдалы пайдалану мерзімі</u>
Лицензиялар мен патенттер	3 тен 20 жылға дейін
Бағдарламалық қамту	1 ден 14 жылға дейін
Өзгесі	2 ден 15 жылға дейін

Материалдық емес активтер құнсызданған жағдайда, оның баланстық құны сатуға арналған шығындарды есептен шығара отырып әділ құны мен оларды пайдаланудың құндылығынан есептен шығарылады.

##### *(iii) Гудвил*

Гудвил, құнсызданудан жинақталған шығындарды, ондайлар бар болған жағдайда, есептен шығарып өзіндік құны бойынша есептеледі. Гудвилды құнсыздануға тестілеуді, сондай-ақ оның құнсыздануы болатын белгілері бар жағдайларда, Топ кем дегенде жылына бір рет жүргізеді. Гудвил генерирлеу бірлігіне немесе, бірігу нәтижесінде синергиядан ұтып алуы мүмкін осындай бірлік топтарына жатады. Бұл бірліктер немесе бірліктер тобы гудвилды байқайтын ең төмен деңгейді білдіреді және өз мөлшері бойынша операциялық сегменттен аспайды.

Аталған генерирлеу бірлігімен жүзеге асырылып жатқан қызметті жою кезінде, істеншығып жатқан қызметпен қауымдастырылатын гудвил шығып кетуден болған пайда немесе шығындарды айқындау кезіндегі қызметтің баланстық құнына кіргізіледі және істен шыққан қызметтің және сақталынған генерирлеуші бірлік бөлігінің салыстырмалы құны негізінде бағаланады.

##### *(iv) Зерттеулерге және әзірлеуге кеткен шығындар*

Зерттеулерге арналған шығындар олар туындауына қарай болған шығыстардың құрамында мойындалады. Әзірлеуге кеткен шығындар (жаңа және модернизацияланған өнімдерді жобалауға және сынауға байланысты), жоба комерциялық мақсатқа сай екенін және технологиялық тұрғыдан іске асырылатынын ескере отырып ойдағыдай іске асырылуы әбден мүмкін болған кезде, ал шығындар жеткілікті сенімділік деңгейімен бағаланатын болған кезде материалдық емес активтер ретінде мойындалады. Әзірлеуге арналған өзге шығындар олардың туындау шамасы бойынша шығыстарға жатады. Бастапқы кезде шығыстарға жатқызылған әзірлеуге арналған шығыстар келесі кезеңдерде капиталдандырылуы мүмкін емес.

Пайдалы пайдаланудың айқындалған мерзімі бар әзірлеулерге арналған капиталдандырылған шығындар, осы әзірлеулердің мәні болатын коммерциялық өнім өндірісі басталу сәтінен бастап, түскен ақшаны күтілетін алу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

#### ***Жер қойнауын пайдалану құқығы***

Жер қойнауын пайдалануға құқықтар, қажет болған жағдайда, амортизацияның жинақталған сомалары мен құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құн бойынша ескеріледі. Бизнесті сатып алу нәтижесінде алынған жер қойнауын пайдалану құқығы әділ құн бойынша бағаланады. Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу құнына жазылу бонусы, коммерциялық табу бонусы, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу құны және капиталдандырылған тарихи шығындар кіреді. Топ лицензия берілгенге дейін лицензияланған аумақтарға қатысты Үкімет шеккен тарихи шығындарды өтеуге міндетті. Осы тарихи шығындар лицензияның қолданылу мерзімі ішінде жүргізілетін төлемдердің келтірілген құнына тең міндеттемені тиісті мойындай отырып, сатып алу құнының бір бөлігі ретінде танылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтар, уранды өндіруді бастау сәтінен бастап, расталған қорға сүйеніп, өндірістік әдісі бойынша амортизацияланады.

Қорлардың есептесуі жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қор туралы есептемелерге негізделген. Қор туралы аталған есептемелер техникалық-экономикалық модельдерге қосылады, олар құзыретті органмен бекітіледі және онда жылдар бойынша күтілетін өндіру көлемі туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылған. 2017 жылдан бастап Топ қорлар туралы тәуелсіз консультант дайындайтын есептілікті пайдаланады (4 ескерту).

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Барлау және бағалау активтері***

Барлау және бағалау активтері, қажет болған кезде, құнсыздануға деген резервті есептен шығарып бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Топ барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алынған активтер сипаттамасына сәйкес материалдық және материалдық емес активтерге жіктелінеді.

Барлау және бағалау активтері геологиялық және геофизикалық зерттеулер, барлау ұңғымаларын бұрғылау және барлау жұмыстарына қатысты өзге де үстеме шығыстар сияқты коммерциялық рентабельді өндірісті жүзеге асыру мүмкіндігі бекітілгенге дейін Топ шеккен капиталдандырылған шығындарды қамтиды.

Барлау мен бағалау кезеңі аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдалану жөнінде келісімшарт жасасу немесе мерзімін ұзарту туралы шешім минералдық ресурстарды барлау мен бағалаудың жетістігіне және Топтың өндіру (өзірлеу) сатысына көшу туралы шешіміне байланысты болады.

Материалдық барлау және бағалау уранды шығару тиімділігін көрсеткеннен кейін өндіріске дайындалу бойынша шығындарға аударылады және , активтері расталған қорға сүйеніп, өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады. Экономика түрінде дәлелденген жер бетіне көтерілетін қорларды («дәлелденген қорларды» немесе «коммерциялық қорларды») тапқан жағдайда барлау және бағалау бойынша материалдық емес активтер жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары ретінде қайта сипатталаынады. Тиісінше, Топ барлау және бағалау бойынша активтерді экономика түрінде дәлелденген жер бетіне көтерілетін қорларды («дәлелденген қорларды» немесе «коммерциялық қорларды») тапқан сәтіне дейін амортизацияланбайды.

Топ, активтердің құнсыздануын көрсететін фактілер мен жағдайлар болған кезде, барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді. Құнсызданудан болған залал барлау мен бағалау бойынша активтердің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асатын сомада мойындалады. Өтелетін сома екі мөлшерлемеден ең көбі деп мойындалады: өткізу бойынша шығындарды және пайдаланудағы құнын есептен шығарып, барлау және бағалау бойынша активтердің әділ құны.

Төмендегі фактілердің немесе міндеттемелердің бірі немесе одан көбінің бар болуы Топ барлау және бағалау бойынша өз активтерін құнсыздану мәніне (тізімі жеткілікті болып табылмайды) тексеруге міндетті екенін білдіреді:

- жақын арада біткен немесе бітетін кезең, ол ішінде Топтың белгіленген телімде барлауды жүргізуге арналған құқығы бар;
- белгіленген телімдегі минералдық ресурстарды болашақ барлауға және бағалауға арналған елеулі шығыстар бюджетке кіргізілмеген және жоспарда жоқ;
- белгіленген телімдегі минералдық ресурстарды барлау және бағалау минералдық ресурстардың коммерциялық тұрғыдан ұтымды көлемін анықтауға жеткізген емес, және Топ белгіленген телімдегі осындай қызметті тоқтатуға шешті;
- Топтың, белгіленген телімді өзірлеу мүмкіндігіне қарамастан, барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құны, мүмкін, нәтижелі өзірлеу немесе іске асырылуы нәтижесінде толық көлемінде өтелмейтіні туралы жеткілікті деректері бар.

Жобалау жұмыстары, техникалық-экономикалық бағалау сияқты барлау жұмыстары басталғанға дейінгі қызметке байланысты шығындар кезең шығыстарына есептен шығарылады.

#### ***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы***

Әрбір есептілік беру кезеңінің аяғында басшылық қаржылық емес активтердің (қордан және кейінге қалдырылған салық активтерінен айырмашылығы бар) құнсыздану белгілері бар екенін анықтайды, осындай кез келген белгі анықталса, басшылық өтелетін құнын бағалайды, ол екі мөлшердің ең көбі ретінде айқындалады: активті сатуға кеткен шығыстарды алып тастағандағы әділ құнының (бағалау күніне нарықтың қатысушылары арасында ерікті түрде өткізілген операция барысындағы міндеттемелерді өткізу кезінде төленген немесе активті сатыпалуға болатын бағасы) және оны пайдалану құндылығы (яғни, ақшалай ағымдарды өндіретін, сәйкес келетін нысан бойынша болашақта күтілетін ақшалай ағымдардың таза келтірілген құны). Пайдалану құндылығын бағалау кезінде, бағаланатын болашақ ақшалай қаражат ағымдары дисконт мөлшерлемесін салық салуға дейін пайдаланумен қоса олардың келтірілген сомасына дейін дисконтталады, ол уақытша ақша құнына және, болашақ ақшалай ағымдарын бағалау кезінде оларға түзетулер жүргізілмеген, аталған активтер тәуекелдеріне тән қолданып жатқан нарық бағалауын білдіреді.

Бөлек активтің өтелетін сомасын бағалау мүмкін емес болса, Топ аталған актив тиесілі бірліктің ақшалай ағымын генерирлейтін өтелетін соманы бағалайды. Ақшалай ағымдарын өндіретін нысан (генерирлеуші бірлік) – бұл ең аз айқындалатын активтер тобы, ол ақшалай ағымын өндіреді, және олар өзге активтерден немесе активтер тобынан түскен ақшалай ағымдарынан елеулі дәрежеде тәуелді емес. Генерирлеуші бірліктерді анықтау қағидасы 4 Ескертуде ұсынылған.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Құнсыздану мәніне тексеруді жүргізу кезінде қолданылатын бағалау мәні кен орнын өзірлеудің егжей-тегжейлі жоспарына және «Активтердің құнсыздануы» 36 (IAS) ХҚЕС талаптарына сәйкес келтірілген жұмыс бюджетіне негізделген. Болашақ ақшалай ағымдар мыналарға негізделген:

- есептесу резерв көлеміне, олар бойынша экономикалық тұрғыдан негізделген алудағы жоғары дәрежедегі сенімділік бар;
- болашақ өндіріс көлеміне;
- болашақ тауар бағаларына (ағымдағы нарық бағалардың, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзім ішінде, Топпен есептелген ұзақмерзімдік перспективадағы орташа бағадан айырмашылығы болмаған жағдайда);
- болашақ өндірістің өзіндік құнына және өзге де операциялық және капиталдық шығындарға.

Активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асатын болса, активтің құнсыздануы мойындалады, және құнсызданудан болған залал, шоғырландырылған қаржы жағдай туралы есептілікте көрсетілген баланстық құнын активтің өтелетін құнына дейін азайту мақсатында, жылдағы пайда немесе залалда көрсетіледі. Активтердің өткен есептілік беру кезеңдерінде мойындалған құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі (қажет болған кезде), егер де активті немесе оның сатуға кеткен шығыстарын есептемегенде, әділ құнын пайдаланудан болған құндылықты айқындау кезінде бастапқы пайдаланған есептеу бағалары өзгерген болса. Аталған қалпына келтіру мөлшері, алдыңғы жылдары құнсызданудан ешбір шығын мойындалмаған жағдайда айқындалуы мүмкін тозуды есептен шығарып, баланстық құнының сомасымен шектелген.

#### ***Сатуға арналған санатқа жатқызылған ұзақмерзімді активтер***

Бақылауды жоғалтуды қоса алғанда (ұзақмерзімдік және қысқамерзімдік активтер қамтуы мүмкін) ұзақмерзімдік активтер мен шығу топтары, олардың баланстық құны сату арқылы өтеледі болады, егер «сатуға арналған ұзақмерзімдік активтер» қаржылық жағдай туралы есептілікте көрсетіледі ( еншілес ұйымы), есептілікті күннен кейінгі 12 ай ішінде. (а) Активтердің классификациясы төменде көрсетілген шарттардың барлығы болған жағдайда активтер оның қазіргі жағдайы дереу сату үшін қол жетімді: төменде көрсетілген шарттардың барлығы кезде активтері қайта жіктеледі (б) Топ басшылығы клиенттерге іздеу үшін іс-қимыл бағдарламасын бекітті және оны жүзеге асыруға кірісті; (в) активтерді ақылға қонымды бағамен сату үшін белсенді қызмет атқарады; (г) сатылым бір жыл ішінде күтіледі, және (д) сату жоспарына елеулі өзгерістер болмайды немесе оның жойылуы күтіледі.

Ағымдағы есептіліктік кезеңдегі қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақмерзімдік активтер немесе шығу топтары, басқа санатқа ауыстыруға жатпайды және ағымдағы есептілік кезеңінің соңындағы жіктелумен сәйкестікке келтіру үшін қаржылық ахуал туралы есептің салыстырмалы деректеріндегі ұсынылу нышанын өзгертпейді.

Шығатын топ сату немесе өзге тәсілмен бір операция нәтижесінде топ ретінде бірге шығуға жататын активтер (қысқамерзімді немесе ұзақмерзімді) және осы активтермен тікелей байланысты, осы операциялардың нәтижесінде табысталатын міндеттемелер болып табылады. Шығарылатын топ құрамында гудвил есептеледі, егер шығатын топ сатып алу кезінде гудвил бөлінген ақша құралын генерирлеуші бірлік болып табылса. Ұзақмерзімді активтер болып есеп беру күнінен кейін 12 айдан асатын мерзімде өтелуі немесе алынуы күтілетін сомалар кіретін активтер есептеледі. Егер жіктеуді өзгерту қажеттігі туындайтын болса, мұндай өзгеріс активтің қысқамерзімді бөлігі үшін де, сонымен қатар ұзақмерзімді бөлігі үшін де жүргізіледі.

Сатуға арналған шығарылатын топтар жалпы алғанда екі мәнді: баланстық құн мен әділ құн сомаларын төменімен бағаланады. Сату үшін ұсталатын негізгі құралдар амортизацияланбайды. Қайта жіктелген ұзақмерзімдік қаржы құралдары сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі баланстық құнның және әділ құнның аз сомасына дейін есептен шығаруға жатпайды.

Шығарылатын топпен тікелей байланысты және шығу кезінде табысталатын міндеттемелер қайта жіктеуге жатады және қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте бөлек жолмен көрсетіледі.

#### ***Тоқтатылған қызмет***

Тоқтатылған қызмет Топтың шыққан немесе сатуға арналған болып жіктелетін компоненті болып табылады және: (а) қызметтің бөлек елеулі түрі немесе операциялар жүргізілетін географиялық аудан болып табылады; (б) қызметтің бөлек елеулі түрінің немесе операциялар жүргізілетін географиялық ауданның шығуының бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылады; немесе (в) тек кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатылып алынған еншілес ұйым болып табылады. Тоқтатылған қызметтен ақша ағындары, егер олар бар болса, жалғасатын қызметтен бөлек көрсетіледі; бұл ретте салыстырмалы көрсеткіштер ұсынымы тиісті түрде өзгереді.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Қаржы құралдары**

##### *Бағалаудың негізгі тәсілдері*

Әділ құны – бағалау күніндегі нарық қатысушылары арасындағы өз еркі негізінде активтерді сату кезінде немесе операцияларды жүргізу кезіндегі міндеттемелерді тапсыру кезінде алынуы мүмкін баға. Белсенді нарықтағы баға белгілеу әділ құнының ең жақсы растауы болып табылады. Белсенді нарық – бұл, тұрақты негізінде бағалау туралы ақпаратты алуды мүмкін ететін, жеткілікті жиілігі мен жеткілікті көлемінде активтер мен міндеттемелер мен операциялар жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта айналымы бар қаржы құралдарының әділ құны, белгілеу бағасын бөлек активке немесе міндеттемені, олардың кәсіпорын ұстап отырған санына көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Нарықтың тәуліктік қарапайым сауда айналымы кәсіпорындағы активтер мен міндеттемелерді басып алуға жеткіліксіз болса, ал бөлек операцияларда позицияларды сатуға арналған тапсырыстарды орналастыру, белгілеу бағасына әсер етуі мүмкін.

Дисконтталған ақшалай ағымдардың моделі сияқты, сондай-ақ нарық ережелерімен жасалатын ұқсас операциялардың деректерімен негізделген модельдер сияқты бағалау әдістері, немесе инвестициялар объектісінің қаржы деректерін қарау әдістері қолданылды. Қаржы құралдарының әділ құнын айқындау үшін мәмілелер бағасы туралы нарық ақпарат қол жетімсіз. Әділ құнын бағалау қорытындысына мынадай түрде әділ құны иерархиясының деңгейі бойынша талдау жасалады және бөлінеді: (i) 1 Деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтағы белгіленетін бағалар (белгіленбейтін) бойынша, (ii) 2 Деңгейге – бағалау әдісі арқалы алынған бағалаулар жатады, онда қолданылатын барлық елеулі шығыс деректер, тікелей (мысалы, баға), немесе жанама түрде (мысалы, баға негізінде есептелген) актив пен міндеттемелер үшін бақыланатын болып табылады, және (iii) 3 Деңгейдің бағалауы, олар, тек бақыланатын нарық деректеріне негізделген емес бағалау болып табылады (яғни бағалау үшін бақыланбайтын шығыс деректерінің елеулі көлемі талап етіледі). Әділ құны иерархиясының деңгейінен деңгейге ауысу есептілік беру кезеңнің аяғында орын алған деп саналады.

##### (i) Мәміле бойынша шығындар

Мәміле бойынша шығындар қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға тікелей жататын қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – бұл, мәміле жасалмай қалса, шегілмейтін шығындар. Мәміле бойынша шығындарға агенттерге (сауда агенттері ретінде әрекет ететін қызметкерлерді қоса), консультанттарға, делдалдарға және дилерлерге төленген сыйақылар мен комиссиялық төлемдер, реттеуші органдарға және қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншікті тапсыру кезіндегі алынатын салық пен алулар кіреді. Мәміле бойынша шығындарға сыйақылар немесе борыштық міндеттемелер бойынша дисконттар, қаржыландыруға кеткен шығындар, ішкі әкімшілік шығыстар немесе сақтауға арналған шығыстар кірмейді.

##### (ii) Амортизациялық құн

Амортизациялық құн мөлшерлемені білдіреді, ондағы қаржы құралы есептелген пайыздың мөлшеріне азайтылған немесе көбейтілген, қарыздың негізгі сомасын өтеудегі ұстап қалынған ақшаны, ал қаржы активтері үшін – құнсызданудан туындаған шығындар сомасын санамағанда (бағалау резерві шотын тікелей немесе пайдалану арқылы), бастапқы мойындалған кезде бағаланған болатын. Қосылған проценттерге мәміле бойынша шығындардың, сондай-ақ кез келген сыйақылардың немесе тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен қоса өтеу сомасының дисконттың бастапқы мойындау кезінде кейінге қалдырылған амортизациясы кіреді.

Қосылған пайыздық табыстар және қосылған пайыздық шығыстар, қосылған купондық табыспен және амортизацияланған дисконтпен немесе сыйақымен қоса (бар болған кезде, ұсынылған кезде кейінге қалдырылған комиссиямен қоса), бөлек көрсетілмейді, есептіліктің қаржы жағдайы туралы тиісті баптарының баланстық құнына кіргізіледі.

##### (iii) Тиімді пайыздық мөлшерлеменің әдісі

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің әдісі – бұл, құралдың баланстық құнына әр бір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында, тиісті кезең ішіндегі (тиімді пайыз мөлшерлемесінің) пайыздық табыстарды немесе пайыздық шығыстарды бөліп беру әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл, қаржы құралдың қолданынуы мүмкін уақыты бойы, немесе, орынды болған кезде, қаржы құралдың таза тепе-тең құнына дейінгі ең қысқа кезең бойы есептелетін болашақ төлемдерді немесе табыстарды (болашақ кредиттік шығындарды қоспағанда) тура дисконттау кезінде қолданатын ставка. Тиімді пайыздық мөлшерлеме, пайызды өзгертудің келесі күніне дейінгі өзгермелі мөлшерлемені қоса құралдар бойынша ақшалай ағымдарды дисконттау үшін пайдаланады, бұған аталған құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша, немесе нарық мағынасынан тәуелсіз белгіленетін басқа да өзгермелі факторлар бойынша кредиттік спрэдті көрсететін сыйақы мен дисконт кірмейді.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Бұндай сыйақы мен дисконттар құралдың барлық күтілетін айналым мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген құн есептесуіне тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын, шарт бойынша тараптармен төленген немесе алынған барлық сыйақылар мен сомалар кіреді. Сатылып алынған болып табылатын немесе бастапқы мойындау кезінде кредиттік қамтамасыз етілген (POCI) қаржылық активтермен құрылған активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескерумен түзетіледі, яғни келісімшарттық ақша ағындарының емес, бастапқы мойындау кезінде күтілетін ақша ағындарының негізінде есептеледі.

*Қаржы құралдарының бастапқы мойындалуы.*

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса, әділ құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнның ең жақсы растауы мәміле бағасы болып табылады. Әділ құны мен мәміле бағасы арасында айырмашылық болған жағдайда ғана бастапқы мойындау кезінде пайда немесе шығын есептеледі, оның дәлелдеуі сол құралдармен немесе базалық деректер ретінде байқаудағы нарықтардың деректерін ғана қолданатын бағалау моделімен ағымдағы мәміле нарығындағы басқа бақыланатындар болуы мүмкін. Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерге және әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыш құралдарындағы инвестицияларға қатысты бастапқы мойындаудан кейін күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резерві мойындалады, бұл активті бастапқы мойындаудан кейін бірден бухгалтерлік шығынды мойындауға әкеледі.

Заңнамамен немесе аталған нарықтың ережелерімен белгіленген мерзімде тапсыруы көзделген қаржы активтерін сатып алу немесе сату («стандарттық ережемен» сатып алу және сату) мәмілені жасасу күніне орай, яғни Топ қаржы активтерін тапсыруға өзіне міндеттеме алған күніне мойындалады. Сатып алу бойынша барлық өзге операциялар кәсіпорын аталған қаржы құралына қатысты шарттың тарабы болғанда мойындалады.

*Қаржы активтерінің жіктелімі және кейіннен бағалануы*

#### **(i) Бағалау санаттары**

Топ қаржы активтерін мына категорияларды пайдаланумен жіктейді: пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және амортизациялық құн арқылы бағаланатын Борыштық қаржылық активтердің жіктелімі және кейіннен бағалануы: (i) тиісті активтер топтамасын басқаруға арналған Топтың бизнес-моделіне және (ii) актив бойынша ақша қаражаты ағынының сипатына тәуелді.

#### **(ii) Бизнес-модель**

Бизнес-модель Топ ақша ағындарын алу мақсатында активтерді басқару үшін пайдаланатын тәсілді көрсетеді: Топтың мақсаты (i) активтерден тек келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын ғана алу («активтерді келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін ұстап тұру»), немесе (ii) келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын да, активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын да алу («активтерді келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын алу және сату үшін ұстап тұру») болып табылады, немесе, егер (i) тармағы да, (ii) тармағы да қабылданымсыз болса, қаржылық активтер «өзге» бизнес-модельдер санатына жатады және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Бизнес-модель бағалау жүргізілетін күнге қолда бар портфель үшін белгілеген мақсаттарға қол жеткізу үшін Топ жүзеге асыруға ниетті қызметтің барлық тиісті дәлелдері негізінде активтер тобы үшін (портфель деңгейінде) анықталады. Топ бизнес-модельді анықтау кезінде ескеретін факторларға портфельдің мақсаты мен құрамы, тиісті активтер бойынша ақша ағындарын алудың бұрынғы тәжірибесі, тәуекелдерді бағалау және басқару тәсілдемелері, активтердің кірістілігін бағалау әдістері және басшыларға төлемдердің сызбасы кіреді.

#### **(iii) Ақша ағындарының сипаттамасы**

Егер бизнес-модель келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін немесе келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстауды қарастыратын болса, Топ ақша ағындарының борыштық негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдер ғана болып

табылатын-табылмайтындығын бағалайды («тек қана борыштық негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерге тест» немесе «SPPI-тест»). Ішіндегі туынды құралдарымен қаржылық активтер олар бойынша ақша ағындарының тек қана борыштық негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне болып табылатын-табылмайтындығын анықтау үшін, жиынтықта қарастырылады.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Бұл бағалауды жүргізген кезде Топ келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарының базалық кредиттік келісімшарттың шарттарына сәйкес келетін-келмейтіндігін қарастырады, яғни пайыздарға тек кредиттік тәуекелге, ақшаның уақыттық құнына, базалық кредиттік келісімшарттың басқа тәуекелдеріне қатысты өтеу мен пайданың маржасы ғана енгізіледі.

Егер келісімшарт шарттары базалық кредиттік келісімшарттың шарттарына сәйкес келмейтін тәуекелге немесе құбылмалылыққа бейімділікті қарастыратын болса, тиісті қаржылық актив пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Тек қана борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерге тест активті бастапқы мойындауда жүргізіледі және кейінгі бағалау жүргізілмейді.

#### *Қаржылық активтерді қайта жіктеу*

Қаржылық құралдар тек жалпы осы портфельді басқарудың бизнес-моделі өзгергенде ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейінгі бірінші есептік кезеңнің басынан бастап перспективті түрде жүргізіледі. Топ ағымдағы немесе салыстырмалы кезеңде өзінің бизнес-моделін өзгерткен жоқ және қайта жіктеулер жүргізген жоқ.

#### *Қаржылық активтердің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резерві*

Болжамдар негізінде Топ амортизациялық құн бойынша және әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыш құралдарымен және кредиттер беру бойынша міндеттемелермен және қаржылық кепіл келісімшарттарымен байланысты күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды. Топ күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды және кредиттік шығынға бағалау резервін әрбір есептік күнге мойындайды. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау: (i) болуы мүмкін нәтижелер диапазонын бағалау жолымен анықталған, алдын ала шешілмеген және ықтималдылықты ескерумен ойластырылған сома, (ii) ақшаның уақыттық құны және (iii) есепті күнге шығындар мен шектен тыс күш салусыз қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар мен болжамды келешек экономикалық шарттар туралы негізделген және расталған ақпаратты көрсетеді.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыш құралдары қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте күтелітін кредиттік шығындарға бағалау резерві шегеріліп ұсынылады. Кредиттік міндеттемелер мен қаржылық кепілдіктерге қатысты қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте міндеттемелер құрамында күтелітін кредиттік шығындарға бөлек резерв мойындалады. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, күтелітін кредиттік шығындарға бағалау резервін ескерусіз бағаланатын борыш құралдарының амортизациялық құнындағы өзгерістер пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Баланстық құндағы басқа өзгерістер өзге жиынтық кіріс құрамында «өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыш құралдарынан шығыстарды шегергендегі кірістер» бабында көрсетіледі.

Топ бастапқы мойындау мезетінен бастап кредиттік сапа өзгерістерінің негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш кезеңді» моделін қолданады. Бастапқы мойындау кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржылық құрал 1-кезеңге жататын ретінде жіктеледі. 1-кезең қаржылық активтері үшін күтілетін кредиттік шығындар келесі 12 айдың ішінде немесе келісімшартқа сәйкес өтелетін күнге дейін, егер ол 12 ай таусылғанға дейін орын алса («12 айлық күтілетін кредиттік шығындар») орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігіне тең сомада бағаланады. Егер Топ бастапқы мойындау мезетінен бастап кредиттік тәуекел елеулі түрде ұлғайғанын сәйкестендірсе, онда актив 2 кезеңге көшіріледі, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік шығындар барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде, яғни келісімшартқа сәйкес өтелетін күнге дейін, бірақ күтілетін алдын ала төлемді, егер ол қарастырылған болса, ескерумен бағаланады («барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар»). Топтың кредиттік тәуекелдің ұлғаюын анықтау тәртібінің сипатталуы 42-ескертуде келтірілген.

Егер Топ қаржылық актив құнсызданған болып табылады деп анықтайтын болса, актив 3-кезеңге көшіріледі және ол бойынша күтілетін кредиттік шығындар барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланады. Топтың құнсызданған активтерді және дефолтты анықтауға қатысты түсіндірмелері 42-ескертуде көрсетілген. Сатылып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер үшін күтілетін кредиттік шығындар әрқашан да барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланады.

42-ескертуде күтілетін кредиттік шығындарды бағалаған кезде пайдаланылатын дереккөз деректері, рұқсат етулер мен есептеу әдістері туралы ақпарат, Топтың болжамдық ақпаратты күтілетін кредиттік шығындар моделдеріне енгізу тәсілін түсіндірумен қоса, келтірілген.

#### *Қаржылық активтерді шығару*

Қаржылық активтер Топ оларды өтетіп алу бойынша барлық іс жүзіндегі мүмкіндіктерін тауысып, мұндай активтерді өтетіп алуға қатысты күтулердің негізсіздігі туралы қорытындыға келгенде тұтас немесе жартылай есептен шығарылады. Есептен шығару мойындауды тоқтату болып табылады.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Өтемеге қатысты негізделген күтулердің жоқ екендігінің белгілеріне (i) сот шешімі, (ii) қаржылық актив сатылып алынған кәсіпорынның таратылуы, (iii) 3 жыл және одан көп мерзімінен асқан кезең кіреді.

#### *Туынды қаржы құралдары*

Туынды қаржы құралдары әділ құны бойынша көрсетіледі. Егер туынды құралдарының әділ құны оң шамада болса, аталған құралдар актив ретінде есептеледі, ал егер де олардың әділ құны теріс болып табылса, міндеттемелер ретінде есептеледі. Туынды құралдардың әділ құнының өзгеруі жылдағы пайдаға немесе шығынға қосылады. Топ хеджерлеу есебін қолданбайды.

Басқа қаржы құралдарына енгізілген кейбір туынды есепте құралдарының, тәуекелдері мен экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдері мен экономикалық сипатталарымен тығыз байланыста болмаса бөлек туынды құралдар ретінде есептеледі.

#### *Қаржы активтерін мойындауды тоқтату*

Топ мына жағдайларда қаржы активтерін мойындауды тоқтатады: (а) бұл активтер өтелген кезде немесе осындай активтерге байланысты ақшалай қаражат ағымының әрекет ету құқығы өтіп кеткен кезде, немесе (б) Топ қаржы активтеріне түсетін ақшалай қаражат ағымына арналған құқығын тапсырған кезде немесе тапсыру туралы келісімді жасасқан кезде, және бұл ретте (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды тапсырса, немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды тапсырмай немесе сақтамай, бірақ аталған активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған кезде.

Байланысты емес үшінші тарапқа қарастырылатын активтердің барлығын осындай сатуға қосымша шектеулер салу қажеттілігінсіз сатуға контрагенттің іс жүзінде мүмкіндігі болмаған жағдайда бақылау сақталынады.

#### *Қаржылық активтерді модификациялау*

Кейде Топ қаржылық активтер бойынша келісімшарттық шарттарды қайта қарайды немесе өзгеше түрде модификациялайды. Топ келісімшартпен қарастырылатын ақша ағындарын модификациялау басқалардың арасында, келесі: актив бойынша тәуекелдердің бейініне елеулі әсер ететін келісімшарттық шарттардың бар екендігі, пайыздық мөлшерлеменің елеулі өзгерістері, валюталық деноминация өзгерістері, активпен байланысты кредиттік тәуекелге елеулі ықпал ететін жаңа немесе қосымша кредиттік қамтамасыз етудің пайда болуы немесе қарыз алушы қаржылық қиыншылықтар сезінбейтін жағдайларда кредит мерзімін елеулі ұзарту факторларын ескерумен елеулі болып табылатын-табылмайтындығын бағалайды.

Егер модификацияланған шарттар бастапқы актив бойынша ақша ағынына құқық таусылатындай болып елеулі айрықшаланатын болса, Топ бастапқы қаржылық активті мойындауды тоқтатады да, жаңа активті әділ құн бойынша мойындайды. Шарттарды қайта қарау күні кейінгі құнсыздандуды есептеу мақсаттары үшін, соның ішінде кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы фактісін анықтау үшін бастапқы мойындау күні болып табылады. Топ сонымен қатар жаңа кредиттің немесе борыш құралының төлемдерді тек қана борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебіне жүзеге асыру критерийіне сәйкестігін бағалайды. Мойындалуы тоқтатылған бастапқы активтің баланстық құны мен жаңа, елеулі түрде модификацияланған актив арасындағы кез келген айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі, егер айырмашылық мазмұны меншік иелерімен капиталмен операцияларға жатпайтын болса.

Шарттарды қайта қарау контрагенттің қаржылық қиыншылықтарынан және оның бастапқыда келісілген төлемдерді орындауға қабілетсіздігінен туындаған жағдайда, Топ бастапқы және түзетілген күтілетін ақша ағындарын активтермен келісімшарт шарттарын модификациялау нәтижесіндегі актив бойынша тәуекелдер мен пайдалардың елеуді айырмашылығына салыстырады.

Егер тәуекелдер мен пайдалар өзгермесе, онда модификацияланған активтің бастапқы активтен елеулі айырмашылығы жоқ және оның модификациялау мойындауды тоқтатуға әкелмейді. Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша (немесе сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсыздандырылған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелді ескерумен түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша) модификацияланған ақша ағындарын келісімшартқа дисконттау жолымен баланстық құнды қайта есептейді және модификациялаудан пайданы немесе шығынды пайда немесе шығын құрамында мойындайды.



### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### *Қаржы міндеттемелерін бағалау санаттары*

Қаржылық міндеттемелер: (i) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерден: бұл жіктеу туынды қаржылық құралдарға, сауда-саттыққа арналған қаржылық міндеттемелерге, (мысалы, бағалы қағаздар бойынша қысқа позициялар), сатып алушы бизнес сатып алу кезінде мойындайтын шартты өтеуге, және бастапқы мойындау кезінде осылай анықталған басқа қаржылық міндеттемелерге қолданылады; және (ii) қаржылық кепілдік және кредиттер беру бойынша келісімшарттардан басқа, кейіннен амортизациялық құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

#### *Қаржылық міндеттемелерді мойындауды тоқтату*

Қаржылық міндеттемелерді мойындау олар өтелген жағдайда (яғни, келісімшартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оны орындау мерзімі таусылғанда) тоқтатылады.

Шарттары елеулі түрде айрықшаланатын борыш құралдарымен Топ және оның бастапқы кредиторларымен алмасу, сонымен қатар бар қаржылық міндеттемелерді модификациялау бастапқы қаржылық міндеттемелерді өтеу және жаңа қаржылық міндеттемелерді мойындау ретінде есепке алынады. Шарттар елеулі түрде айрықшаланатын болып есептеледі, егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланумен дисконтталған алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақыларды қоса, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10 пайыз айрықшаланатын болса. Бұдан басқа, құрал деноминацияланған валюта, пайыздық мөлшерлеме типінің өзгерісі, құралды конвертациялаудың жаңа шарттары және кредит бойынша ектеу шарттарының өзгерісі сияқты басқа сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыш құралдарымен алмасу немесе шарттарды модификациялау өтеу ретінде есепке алынса, барлық шығын немесе төленген сыйақылар өтеуде пайда немесе шығын ретінде құрамында мойындалады. Егер алмасу немесе модификация өтеу ретінде мойындалмаса, барлық шығын немесе төленген сыйақылар міндеттемелердің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және модификацияланған міндеттемелердің қалған әрекет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді оларды өтеуге әкелмейтін модификациялау кумулятивтік амортизация есептеу әдісімен бағалау мәнінің өзгерісі ретінде өткен күнмен есепке алынады, бұл ретте пайда немесе шығын, егер баланстық құндағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иесімен капиталмен операцияларға жатпайтын болса, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

#### *Қаржылық құралдарды өзара есепке алу*

Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржылық ахуал туралы есепте таза шама ретінде тек көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізу заңды түрде белгіленген құқық бар болса, сонымен қатар не бір мезгілде активті өткізу және міндеттемені реттеу ниеті бар болғанда ғана көрсетіледі. Қарастырылып отырған өзара есепке алуға құқықтың (a) болуы мүмкін келешек оқиғаларға тәуелді болмауы және (б) мына жағдайларда: (i) әдеттегі қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, (ii) төлемдер бойынша міндеттемелер орындалмағанда (дефолт оқиғасында) және (iii) қабілетсіздік немесе банкроттық жағдайында жүзеге асыруға заңды мүмкіндігі бар болуы тиіс.

#### *Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары*

Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларына кассадағы, талап етілгенге дейін банк шоттарындағы ақшалай қаражат және үш айдан аспайтын шарт бойынша бастапқы өтеу мерзімі мен басқа да қысқамерзімдік жоғары өтімділік инвестициялар кіреді. Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары амортизациялық құны бойынша ескеріледі. Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар келісімшартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек қана борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған. Ақша қаражатының пайдалануы шектелген қалдықтары ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары құрамынан ақша қаражатының қозалысы туралы есеп құру мақсатында алынып тасталады. Ақша қаражатының айырбастау немесе есептік күннен кейінгі кемінде он екі ай ішінде әрекет ететін міндеттемелерді өтеу үшін пайдалану шектелген қалдықтары өзге айналымдық емес активтер құрамына енгізіледі.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Сауда және өзге дебиторлық берешек***

Сауда және өзге дебиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша, содан кейін тиімді мөлшерлеме пайызы әдістемесін қолданып есептелген амортизациялау құны бойынша ескеріледі.

#### ***Қорлар***

Қорлар ең аз дегенде екі мөлшерлеме бойынша есептеледі: өзіндік құны бойынша және сатудың таза бағасы бойынша. Қордың өндіріске жіберілген және өзге есептен шығып кеткен кезінде оларды бағалау орташа өлшенген құны әдісі бойынша жүргізіледі. Дайын өнімнің және ақталмаған өндірістің өзіндік құнына шикізат пен материал құны, өндірістік жұмысшылардың еңбек ақыларын төлеуге кеткен шығындар және тікелей шығындар, сондай-ақ өндірістік үстеме шығындардың тиісті үлесі (өндірістік қуаттарын нормативтік пайдалану негізінде есептелген) кіреді, және қарыз қаражаттар бойынша шығыстар кірмейді. Сатудың таза бағасы – бұл, өндірісті аяқтауға деген есептескен шығындарды және сату үшін шегуге қажет есептесу шығындарды есептен шығарып, қарапайым қызмет барысындағы есептесу сату бағасы.

#### ***Алдын ала төлем***

Құнсыздануға арналған резервті шығарып тастағанда, алдын ала төлем іс жүзіндегі шығыстар бойынша есептілікте көрсетіледі. Алдын ала төлем ұзақмерзімдік болып жіктелінеді, егер де оған қатысты тауарлар мен қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан асса, немесе алдын ала төлем бастапқы мойындалу кезінде ұзақмерзімдік болып есептілікте көрсетілетін активке кіретін болса. Активті алуға арналған алдын ала төлем сомасы оның баланстық құнына Топ осындай активтерге бақылауды алған кезінде және онымен байланысты болашақ экономикалық пайдалар Топпен алынатын мүмкіндік бар болған кезде кіргізіледі.

Өзге алдын ала төлемдер тауарлар мен қызметтерді алу кезінде оған қатысты пайда немесе залалдар тізіміне кіргізіледі. Алдын ала төлеуге жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер төленбейді деген белгісі болса, алдын ала төлемнің баланстық құны есептен шығаруға жатады, және құнсызданудан болған тиісті шығын жылдағы пайда мен шығынға қосылады. Ұзақмерзімдік алдын ала төлемдер дисконтталмайды.

#### ***Қосымша құн салығы***

Өткізу кезінде туындайтын қосымша құн салығы (ҚҚС) тауарлар тиеп-жіберілген немесе қызметтер көрсетілген кезде салық органдарына төлеуге жатады. Алу бойынша ҚҚС жеткізушіден салық шот-фактурасын алған кезде өткізу бойынша ҚҚС-мен қоса есептеуге жатады. Салық заңнамасы ҚҚС-ын есептеуге рұқсат етеді. Тиісінше, есептеу күніне есептелмеген, өткізу және алу операциялары бойынша ҚҚС әрбір шоғырландырылған кәсіпорын үшін жеке тежелген қаржы жағдай туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалған. Өтелетін ҚҚС айналымынан тыс актив болып жіктелінеді, егер де есептеу кезең аяқталу сәтінен бастап бір жыл ішінде ертең ол бойынша қайтару күтілмейтін болса. Ұзақмерзімдік ҚҚС дисконтталмайды.

#### ***Акционерлік капитал***

Қарапайым акциялар капитал ретінде көрсетіледі. Жаңа акцияларды тікелей шығаруға жататын қосымша шығындар шығарудан алынған соманы (салықты есептен шығарып тастап) азайту ретіндегі капитал құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының сомасын шығарылған акциялардың номиналдық құнынан арттыру капиталда эмиссиялық табыс ретінде көрсетіледі. Қосымша төленген капитал негізінде иеліктің бақыламайтын үлесімен өз үлесінен асыра жасалған салымды көрсетеді.

#### ***Дивидендтер***

Дивидендтер міндеттемелер ретінде көрсетіледі және олар жарияланып, мақұлданған сол кезеңдегі капиталдың сомасынан есептен шығарылады. Есептілік күнінен кейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін, жария етілген дивидендтер туралы ақпарат «Есептілік кезеңнің аяқталуынан кейінгі жағдайлар» ескертуінде көрсетіледі.

#### ***Жалдау***

Жалдау шарттары бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқыда келтірілген құн бойынша бағаланады. Жалдау міндеттемелері алуға жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдердің (мәні бойынша тіркелген төлемдерді қоса алғанда) таза келтірілген құнын қамтиды. Жалдау төлемдері жалдау шартында енгізілген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталады. Егер бұл мөлшерлемені айқындау оңай болмаса, ал бұл әдетте Топта бар жалдау шарттары жағдайында орын алады, Топ қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады – бұл – Топ осындай мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанында активтің құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын мөлшерме.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Жалдау төлемдері міндеттемелердің негізгі сомасына және қаржылық шығыстарға бөлінеді. Қаржылық шығыстар әрбір кезең үшін міндеттемелердің өтелмеген қалдығы бойынша тұрақты мерзімдік пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету үшін жалдаудың барлық кезеңі ішінде пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Жабдықтар мен көлік құралдарын қысқамерзімді жалдау және құны төмен кез келген активтерді жалдау бойынша төлемдер пайда немесе шығын құрамындағы шығыстар ретінде желілік әдіспен танылады. Қысқамерзімді жалдау 12 айдан аспайтын мерзімге жалдау шарты болып табылады. Құны төмен активтерге АТ-жабдығы және құны 500 мың теңгеден аспайтын кеңселік жиһаздың шағын заттары кіреді.

#### ***Операциялық жалға алу***

Топ жалға алушыға активті иеленуге байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы беруді көздемейтін жалдау шарты бойынша жалға беруші болып табылған жағдайларда (яғни операциялық жалдау жағдайында), операциялық жалдау шарттары бойынша жалдау төлемдері өзге кірістер құрамында желілік әдіспен көрсетіледі.

#### ***Несиелер мен қарыздар***

Несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Активті сатып алуға, құрылысқа немесе өндіруге тікелей жатқызылатын және мақсатқа сай пайдалану немесе сату үшін міндетті түрде елеулі уақыт талап ететін қарыздар бойынша шығындар осындай активтің құрамына енеді.

Капитализацияның басталу уақыты (а) Топ, белгілі талаптарға сай келетін, активтермен байланысты шығыстарды шегереді; б) қарыздардың шығыстарын өтейді және (в) ол активті маңызы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті әрекетті жасайды. Қарыз бойынша шығындарды капиталдау, активті маңызы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталған күніне дейін жалғасады.

Топ белгілі талаптарға сай келетін, активтер бойынша күрделі шығындарды жасамағанда, болдырмауға болатын несиелер мен қарыздар бойынша шығындарды капиталдайды. Қарыздар бойынша капиталдырылған шығындар Топты орташа қаржыландыру құны негізінде есептеледі (орташа өлшенген пайыздық шығыстар жіктелген активтер шығыстарына қолданылады), бұған белгілі талаптарға сай келетін, активтерді алу үшін қаражатты қарызға алу жағдайы кірмейді. Бұл орын алған жағдайда, осы қарыз бойынша кезең ішіндегі шеккен іс жүзіндегі шығындар капиталдырылады, осы қарыздық қаражатты уақытша инвестициялаудан түскен кез келген инвестициялық табысты есептен шығарғанда.

#### ***Айрықшаландырылған акциялар***

Белгілі бір күнге өтеуге жататын айрықшаландырылған акциялар міндеттемелер ретінде жіктеледі. Бұл айрықшаландырылған акциялар бойынша дивидендтер пайда немесе шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепте пайыздық шығыстар ретінде көрсетіледі.

#### ***Міндеттемелер және төлемдер бойынша резервтер***

Міндеттемелер және төлемдер бойынша резервтер айқындалмаған орындалу мерзімі мен мөлшерімен қоса қаржылық емес міндеттемелерді білдіреді. Олар Топтың қандай да өткен жағдайдың әсерінен міндеттемелері бар болса (заңдылық немесе конклюденттік) есептеледі, оларды реттеу үшін жоғары мүмкіндік дәрежесімен ресурстардың істен шығып кетуі талап етіледі, және міндеттеменің мөлшерін жеткілікті сенімділік дәрежесімен ақшалай көрсеткішпен бағалауға болады. Топтың резервтеріне кен орындарын қалпына келтіру резерві, қоршаған ортаны қорғау резерві және өзге де резервтер қосылады (36 ескерту).

#### ***Кен орындарын қалпына келтіруге арналған резерв***

Кен орындарды жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелер олардың пайда болу ықтималдылығы жоғары болған және олардың сомаларын орынды бағалау мүмкіндігі болған кезде мойындалады. Активтердің істен шығуы бойынша шығындар құрамына ғимараттарды рекультивациялау мен жоюға (ғимараттарды, үй-жайларды және инфрақұрылым нысандарын қирату, машиналар мен жабдықтарды демонтаждау, қалдық материалды шығару, қоршаған ортаны тазалау, тасталымдарға мониторинг жүргізу және бұзылған жерлерді қалпына келтіру) арналған шығындар кіреді. Негізгі құрал демонтаждау мен орын ауыстыруға есептелген шығындар осы негізгі құрал алу сәтіндегі, немесе, кен орындарын өзірлеу барысында жерді бұзудың немесе қоршаған ортаны ластандырудың тиісті фактісінен туындайтын міндеттеме пайда болған кезең ішінде, болашақ бағаланған шығындардың дисконтталған құны негізінде, өндірісті дайындау залалдар құнына қосылады.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Тиісті шығындардың есептесу мерзімінің немесе сомасының өзгерілуі нәтижесінде, немесе дисконттық мөлшерлеменің өзгеру нәтижесінде туындаған міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер негізгі құралдар немесе өндіріске дайындау бойынша шығындар құрамындағы тиісті активтің ағымдағы кезеңдегі құнын түзетуі ретінде көрсетіледі. Бұл шығындар болашақта, аталған активтерге сай келетін амортизация әдісін қолданып, активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтерге бұзушылық немесе болашақта келтірілген шығындар фактілерімен байланысты туындаған қандай-да қосымша міндеттемелер кіреді. Шығындар соманың бағалау мәні, мысалы, активтердің жаңартылған бағалау сомасының және қайта қаралған пайдалану мерзімдерінің, және тұрақты негізінде ресми түрдегі тексерулерді жүргізіп операциялық қызметтің белгіленген мерзімдерінің белгілі өзгерістерін ескеріп, пайдаланылуына қарай жыл сайын есептеледі. Қажетті шығындардың нақты қорытынды сомасы белгілі еместігіне қарамастан, Топ өз шығындарын, техникалық-экономикалық негіздемеге және инженерлік зерттеулерге сүйеніп, қолданыстағы техникалық қағидаларға және рекультивация жұмыстарын жүргізу нормалары мен қалпына келтіру әдістеріне сәйкес бағалайды.

Резервтің дисконтталған құнын айқындау кезінде қолданылатын дисконттың амортизация немесе «алып тастау» сомасы әрбір есептілік беру кезеңі қызметінің қорытындысына жатады. Дисконт амортизациясы қаржы шығындар құрамында көрсетіледі.

#### ***Қаржы кепілдіктері***

Қаржы кепілдіктері – бұл қайтарылмайтын шарттар, олар Топтан, тиісті дебитор қарыз құралының шарттары бойынша уақытылы төлемді жасамаған жағдайда, кепілдерді ұстаушы шеккен шығындарды өтеу бойынша айқындалған төлемдердің жүзеге асырылуын талап етеді. Қаржылық кепілдіктер бастапқыда әдетте алынған комиссия сомасына тең әділ құны бойынша көрсетіледі. Аталған сома кепілдіктің қолданыс мерзімінде желілік әдіспен амортизацияланады. Кепілдіктің әрбір есептілікті күніне екі соманың үлкені: (i) бастапқы тану кезінде көрсетілген өзі амортизацияланбаған сома; және (ii) есептілікті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыс сомасының есептілікті бағалауының ең жақсысы бойынша бағаланады. Бұдан басқа, қаржылық ахуал туралы есепте актив ретінде көрсетілетін сыйақы бойынша дебиторлық берешекке қатысты күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резерві мойындалады.

#### ***Кредиторлық берешек***

Саудалық кредиторлық берешек контрагенттің өз келісімшарттық міндеттемелерін орындауы фактісі бойынша есептеледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

#### ***Қызметкерлерге сыйақы беру***

##### ***(i) Қызметкерлерге ұзақмерзімдік сыйақы беру***

Топтың кәсіпорындары, ұжымдық еңбек шартының ережелеріне сәйкес, өз қызметкерлерін ұзақмерзімдік сыйақылармен қамтамасыз етеді. Шарттар, мысалы, Топтың қызметкерлеріне жұмысқа жарамсыз болған жағдайда, зейнетке шыққан кезде, мерт болу жағдайы бойынша сыйақыны беруді және өзге төлемдерді қаржылық көмек ретінде көрсетуді көздейді. Бөлек жәрдемақыны алуға арналған құқық зейнетке дейін қалған жұмыс істеу мерзіміне тәуелді және қызметкердің ең төмен жұмыс өтілі бар болуына байланысты ұсынылады.

Топтың қаржыланатын зейнетақы жүйесі жоқ. Әрбір есептілік беру кезеңіндегі міндеттеме зейнеттік міндеттемелердің ағымдағы құнын білдіреді.

Еңбек қызметі аяқталысымен болатын міндеттемелер бойынша актуарлық пайда мен шығындар, олар туындаған кезең ішіндегі өзге жиынтық табыстар құрамында көрсетіледі. Зейнетақылық міндеттемелердің ағымдағы құнындағы өзге өзгерістер, қызметтер бойынша ағымдағы шығындар құнымен қоса, жылдағы пайда мен шығындарда мойындалады.

Белгіленген ақша төлемдері бар зейнетақылық міндеттемелерді есептілікке алуда қолданылған ең елеулі ұсыныстарға дисконт мөлшерлемесі, кадрлар ағымы туралы ұсыныстар және өлім коэффициенті кіреді. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің келтірілген таза құнын айқындау үшін пайдаланылады, және әрбір жылда осындай міндеттемелер бойынша дисконтты алып тастау, жылдағы пайда мен шығындарға жатқызылады. Өлім туралы ұсыныс, міндеттемелердің келтірілген таза құнын алу үшін дисконтталатын, сыйақылардың болашақ төлем ағымын болжау үшін қолданылады.

### **3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Топ қызметкерлерінің жұмысқа жарамсыз болған жағдайда, мерт болу жағдайы бойынша қаржылық көмек көрсетумен қоса, қызметкерлеріне сыйақы беруді қызметкерлерге өзге де ұзақмерзімдік сыйақыларды беру ретінде қарастырады. Осындай сыйақылар бойынша күтілетін шығыстарды есептеу белгіленген төлемдермен зейнеткерлік жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Осындай міндеттемелер тәуелсіз білікті актуарийлармен жыл сайынғы негізінде бағаланады.

*(ii) Жалақыға, зейнетақыны төлеуге байланысты шығындар мен аударымдар*

Жалақыға, зейнетақылық аударымдарға, әлеуметтік сақтандыру қорына салымдар, жыл сайынғы төленген еңбек демалыстарына және ауру парағына, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктерге шығыстар Топтың қызметкерлерімен тиісті жұмыстың жүзеге асырылуына орай есептеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Топ қызметкерлердің жалақысынан зейнетақы аударымдарын жасайды және оны бірегей жинақтаушы зейнеткерлік қорына аударады. Қызметкер зейнетке шығарда барлық зейнетақылық төлемдер бірегей жинақтаушы зейнеткерлік қорымен жүзеге асырылады.

#### **Акцияға пайда**

Акцияға пайда, Компанияның акция ұстаушылар үлесіне келетін пайда мен шығынды, есептілік беру жыл ішінде айналымда болған, пайдаға қатысатын акциялардың орташа өлшенген акциялар санына бөлу арқылы айқындалады.

#### **Сегменттік есептілік**

Операциялық сегменттер бойынша есептілік Топтың операциялық шешімдер үшін жауапты басшысына берілетін ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Топтың операциялық шешімдер үшін жауапты басшысы ресурстарды бөлумен айналысады және операциялық сегменттерді бағалауды жүргізеді. Есептік сегменттер, егер олардың табысы, кірісі немесе активтері барлық операциялық сегменттердің жиынтық табыстарының, жиынтық кірістерінің немесе жиынтық активтерінің кемінде он пайызын құрайтын болса, бөлек ашып көрсетуге жатады.

#### **Салыстырмалы ақпаратты қайта қарау**

*Қауымдастырылған компанияларда бизнес пен қосымша қатысу үлестерін сатып алу*

2018 жылғы желтоқсанда Топ «Байкен-У» ЖШС-ны бақылауға алды (45-ескертпе). 2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша Топ сатып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін теңгерімдік құнды қолданды. 2019 жылғы маусымда тәуелсіз бағалаушы сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды аяқтады және салыстырмалы ақпарат төменде кестеде ұсынылғандай қайта есептелді.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Қаржылық жағдай туралы есептің салыстырмалы көрсеткіштері тиісті түрде түзетілді.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан (қайта қарауға дейін)</b>	<b>Түзету</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан (қайта қараудан кейін)</b>
<b>АКТИВТЕР</b>			
Материалдық емес активтер	69,314	(15,215)	54,099
Негізгі құралдар	171,352	5,037	176,389
Өндіріске дайындау шығындары	118,302	2,774	121,076
Жер қойнауын пайдалану құқығы	363,373	89,066	452,439
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	88,866	18,568	107,434
<b>Ұзақмерзімді активтер жиыны</b>	<b>918,916</b>	<b>100,230</b>	<b>1,019,146</b>
Қорлар	170,261	765	171,026
<b>Қысқамерзімді активтер жиыны</b>	<b>456,622</b>	<b>765</b>	<b>457,387</b>
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>1,381,116</b>	<b>100,995</b>	<b>1,482,111</b>
Үлестірілмеген пайда	789,563	45,401	834,964
Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капитал	831,055	45,401	876,456
Бақыланбайтын иелену үлесі	131,955	36,049	168,004
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>	<b>963,010</b>	<b>81,450</b>	<b>1,044,460</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	77,670	19,545	97,215
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>134,731</b>	<b>19,545</b>	<b>154,276</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>418,106</b>	<b>19,545</b>	<b>437,651</b>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>1,381,116</b>	<b>100,995</b>	<b>1,482,111</b>

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**3. Есептілік саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепті қайта есептеуге қатысты қаржылық ақпарат төменде берілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (қайта қарауға дейін)</b>	<b>Түзету</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (қайта қараудан кейін)</b>
Бизнесті сатып алудан алынған таза пайда	313,517	33,962	347,479
Қауымдастырылған кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	22,786	10,460	33,246
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>407,959</b>	<b>44,422</b>	<b>452,381</b>
<b>Жалғасатын қызметтен алынатын пайда</b>	<b>379,162</b>	<b>44,422</b>	<b>423,584</b>
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>	<b>380,266</b>	<b>44,422</b>	<b>424,688</b>
<b>Өзге жиынтық кіріс</b>			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, үлестік бағалы қағаздарға инвестициялардан шығыстарды шегергендегі кірістер	14,509	(107)	14,402
<b>Жыл ішіндегі өзге де жиынтық (шығын) / кіріс</b>	<b>(6,581)</b>	<b>(107)</b>	<b>(6,688)</b>
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>	<b>373,685</b>	<b>44,315</b>	<b>418,000</b>
<b>Келесілерге жатқызылатын жылдық пайда:</b>			
- Компанияның меншік иелеріне	372,176	45,508	417,684
- бақыланбайтын үлеске	8,090	(1,086)	7,004
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>	<b>380,266</b>	<b>44,422</b>	<b>424,688</b>
<b>Келесілерге жатқызылатын жылдық жиынтық кіріс:</b>			
- Компанияның меншік иелеріне	365,664	45,401	411,065
- бақыланбайтын үлеске	8,021	(1,086)	6,935
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кіріс</b>	<b>373,685</b>	<b>44,315</b>	<b>418,000</b>

Ағымдағы кезеңде Топ ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте 52,334 миллион теңге сомасына «төленген өзге салықтарды» ұсынуды шешті, оны “өнім берушілерге төлемдер” жолынан бөліп, тиісінше салыстырмалы деректер 51,605 миллион теңге сомасына ұқсас түрде қайта есептелді.

#### **4. Есептілік саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар мен кәсіби пайымдаулар**

Топ қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына әсер ететін есептік бағалауды және жорамалдарды жүргізеді. Есептік бағалар мен пайымдаулар тұрақты талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген деп саналатын болашақ оқиғаларға қатысты үміттерге негізделген. Есептілік саясатын қолдану үдерісінде басшылық есептік бағалармен байланыстыларды қоспағанда, кәсіби пайымдауларды пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға едәуір әсер ететін кәсіби пайымдаулар және келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын елеулі түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін есептік бағалаулар мыналарды қамтиды:

##### ***Бизнесті біріктіру, қауымдастырылған кәсіпорынды сатып алу және бірлескен операция кезінде әділ құнды бағалау (бағалау)***

ХҚЕС 3 «Бизнесті біріктіру» стандартына сәйкес Топ бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған сәйкестендірілетін және шарттық активтерді, сонымен қатар міндеттемелерді сатып алу күніне әділ құны бойынша бағалайды. Әділ құн бағалау туралы есеп негізінде анықталады (егер бизнесті біріктіру бойынша есепке алу есептік кезең соңына аяқталмаған болса, бұл жағдайда алдын ала мәндер пайдаланылады).

Әділ құнды анықтау болашақ ақша ағындары және бағалау кезінде пайдаланылған басқа да бастапқы деректер туралы елеулі жорамалдар мен пайымдауларды қамтиды.

Бизнесті біріктірумен байланысты сатып алу бағасы сатып алу сәтіндегі олардың әділ бағалау құны негізінде сатып алынған активтер мен міндеттемелер арасында бөлінеді. Үлестіру үдерісі субъективті сипатта болады және жеке сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелерге берілетін сомаларға әсер етеді. Нәтижесінде сатып алу бағасын бөлу активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ болашақ тозу мен амортизацияға және құнсыздану тесттеріне әсер етуге байланысты болашақ таза пайдаға әсер етеді.

Бизнесті сатып алу бойынша мәмілелерді есепке алу кезінде қолданылатын әділ құнды бағалау топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі пайдасына айтарлықтай әсер етті. 2019 жылы бизнесті сатып алудан түскен таза пайда 54,649 миллион теңгені құрады (2018 ж.: 347,479 миллион теңге).

Бизнесті біріктіру туралы қосымша ақпарат 45-ескертпеде берілген.

##### ***Уран қоры (бағалау)***

Уран қорлары активтердің өтелетін құнын және тозу мен амортизация бойынша аударымдарды анықтау үшін пайдаланылатын топтың ақша қаражатының болжамды қозғалысын бағалаудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

2019 және 2018 жылдары Топ геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен кен қорлары туралы есептерді (2012) (бұдан әрі – «JORC кодексі») жасау үшін Австралазиялық кодекске сәйкес Топтың қорлары мен ресурстарын бағалау үшін, SRK Consulting (UK) Limited (бұдан әрі – «SRK») компаниясын тартты. Қорлар мен ресурстарды бағалау тиісінше 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалды. SRK қорларын бағалау кезінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның минералдық ресурстары мен өндіру активтерінің кен қорларын ең соңғы бағалауға негізделген барлық негізгі ақпарат талданды.

SRK есебінде жерасты шаймалау бойынша бар және жоспарланған жұмыстар шеңберінде (минералдық ресурстар) өндірілуі мүмкін уран көлемдері туралы, сонымен қатар тау-кен жұмыстарын дамытудың тиісті жоспарларында өндіруге қазіргі уақытта жоспарланған уран көлемдері (кен қорлары) туралы пікір бар. Топ ұзақмерзімді активтердің құнсыздануын және Топтың әрбір кен орны бойынша өндірістік әдіс бойынша амортизацияны есептеу үшін SRK есебіне сәйкес қорлар бойынша деректерді пайдаланды.

##### ***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (бағалау)***

Әрбір есептік кезеңнің соңында Топ ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау үшін, активтерді (немесе генерациялайтын бірліктерді) бағалайды. Мұндай белгілер болған жағдайда, активтердің өтелетін құны есептеледі және олардың теңгерімдік құнымен салыстырылады. Теңгерімдік құнның өтеу құнынан асып кетуі құнсыздану ретінде танылады. Гудвилге қатысты Топ жылына кемінде бір рет құнсыздануға тестілеу жүргізеді.



#### **4. Есептілік саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Пайдалану құндылықтарын есептеу басшылықтан Топтың активті (генерирлеуші бірлікті) пайдаланудан түскен ақшасының келешектегі қозғалысын бағалауды құрастыруды талап етеді. Ақшаның келешектегі қозғалысын бағалауға келешектегі тауарлық бағаларға (уранға және өзге өнімдер мен қызметтерге), өндіріс пен сатулар көлеміне, дисконт мөлшерлемесіне, өсу қарқынына, операциялық шығындардың деңгейіне және басқа факторларға қатысты елеулі ой-пікірлер кіреді. Құнсыздануға тексеру мен есептеулер Топтың бизнес модельдеріне сәйкес келетін болжамдарға негізделген. Субъективті сипатына байланысты бұл бағалаулардың қызметі мен ақша қозғалысының іс жүзіндегі қорытындысынан айырмашылығы болуы мүмкін, кез келген осындай айырмашылықтар болашақ кезеңде құнсыздануға және тиісті активтердің теңгерімдік құнының төмендеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

##### *Гудвил*

20-ескертпеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша гудвилдің құнсыздануына Топтың тестілеуі туралы егжей-тегжейлі ақпарат ашылып көрсетілген.

##### *Уран өнімі өндірісімен байланысты активтер*

Уран өнімі өндірісімен байланысты активтерге негізгі құралдар, өндіріске дайындау шығындары, жер қойнауын пайдалану құқығы, барлау және бағалау активтері, қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар, бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар және өзге инвестициялар кіреді.

Құнсыздануды бағалау үшін активтер басқа активтерден немесе активтер тобынан (генерирлейтін бірліктерден) келетін ақша қаражаттары ағынынан елеулі дәрежеде тәуелсіз жекелеген идентификатталатын ақша ағындары бар ең төменгі деңгейлерде топтастырылады. Топ әр кен орнын (шарттық аумақты) жеке генерирлейтін бірлік ретінде белгіледі. Егер бірнеше кен орны бір қайта өңдеу зауытымен технологиялық байланыста болса, Топ мұндай кен орындарын біртұтас генерирлейтін бірлік ретінде қарастырады.

2019 жылғы 31 желтоқсанда басшылық талдау жүргізді және уран өнімін өндіруге байланысты активтердің (генерирлейтін бірліктердің) құнсыздану белгілерін таппады.

##### ***Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтер (бағалау)***

##### *Өндірістік активтер*

Табиғат қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарға сәйкес, Топтың өзінің операциялық қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалды жою және кен орындары мен қалдықтарды орналастыру полигондарын жою, жабдықтарды бөлшектеу және жұмыстар аяқталғаннан кейін жерді қайта құнарландыру жөніндегі заңды міндеттемесі болады. Резервтер бұрынғы операциялық қызмет салдарынан міндеттемелердің туындауына қарай жою және қалпына келтіру жөніндегі шығындардың дисконтталған құны негізінде қалыптастырылады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер Топтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын және келісім-шарттық аумақтардағы жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі байланысты бағдарламаларды түсіндіру және қалпына келтіру және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес техникалық-экономикалық негіздеумен және инженерлік зерттеулермен бекітілген өзге де операциялық қызмет негізінде айқындалады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өндірістік активтерді жою бойынша міндеттемелер есебін Топ SRK тәуелсіз консультанты әдістемелерінің негізінде топ орындады, ал ол 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өндірістік активтерді жою бойынша міндеттемелер есебін дайындады. Заңнамада көзделген және есепке енгізілген жұмыс көлемі объектілер мен инфрақұрылымдарды (сору, айдау және бақылау ұңғымаларын, ерітінділерді қышқылдандыру және бөлудің технологиялық тораптарын, құбырларды, кірме жолдарды, технологиялық алаңдарды, полигондарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді) бөлшектеу және жерді кейіннен қалпына келтіруді қамтиды.

Залалды жою бойынша шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың түсіндірмелеріндегі әлеуетті өзгерістерге ұшырайды. Кен орындарын жою жөніндегі міндеттемелер олардың туындау ықтималдығы және олардың сомаларын негізді бағалау мүмкіндігі кезінде танылады.

Мұндай бағалауды жүргізу кезінде елеулі пайымдаулар дисконт мөлшерлемесін, ақша қаражатының қозғалысы сомасы мен мерзімдерін бағалауды қамтиды. Дисконт мөлшерлемесі басшылық болашақта кен орындарын жоюға және қалпына келтіруге әкелуді болжайтын жұмыстардың атаулы құнына қолданылған.

Тиісінше, басшылықтың ағымдағы бағалар бойынша өндірілген есептеу бағалауы, болжанатын ұзақмерзімдік инфляция құнын (2019 ж.: 5.30 %, 2018 ж.: 5.30%) пайдаланып артқан және болашақта дисконт мөлшерлемесі негізінде дисконтталған.

#### **4. Есептілік саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Дисконт мөлшерлемесі ақша қаражатының уақыттық құнының ағымдағы нарықтық бағалауларын, сонымен қатар жұмсалған шығындардың ең жақсы бағалауларында ескерілмеген міндеттемелер бойынша тәуекелділіктерді көрсетеді. Дисконт мөлшерлемесі мерзімдері жер қойнауын пайдалану шарттарының мерзімдерімен сәйкес келетін мемлекеттік облигациялардың кірістілігі ретінде анықталған тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделеді. Топ компаниялары 2018 жылғы 31 желтоқсанға қорларды есептеу үшін қолданған дисконт мөлшерлемесі 7.13% құрады (2018 ж.: 7.45%).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кен орындарын қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге резервтің ортақ бтеңгерімдік құны 36,505 миллион теңге құрады (2018ж.: 29,607 миллион теңге) (36-ескертпе). Басшылықтың бағалауы бойынша, негізгі жорамалдардағы болуы мүмкін өзгерістер мойындалған тарату бойынша міндеттемеге резервтегі елеулі өзгерістерге әкелмейді.

##### *Үлбі металлургия зауытын пайдаланудан шығару және демонтаждау*

Топ басшылығы «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ өндірістік кешенін тұтасымен пайдаланудан шығару және демонтаждау бойынша міндеттемелердің бар болуына және мойындалуы қажеттігіне қатысты талдау жүргізді және Топтың осы өндірістік кешенді жұмыс істеу мерзімінің аяғында пайдаланудан шығару бойынша заңгерлік міндеттемесі жоқ деген қорытындыға келді.

Басшылық сонымен қатар Топтың саясаты мен басшылықтың сендірулері өндірістік кешенді пайдаланудан шығару бойынша конструктивті (ойдағы) міндеттемені қаншалықты құра алғандығын бағалады және пайдаланудан шығару бойынша қосымша міндеттемені мойындау қажеттігі жоқ деп қорытындылады, өйткені:

- Объектінің радиациялық ластануы шектеулі, ал қалпына келтірумен байланысты шығындар елеусіз.
- Өндірістік қызметті тоқтатқан жағдайда, Топ ғимараттарды және өзге инфрақұрылымды жоюға міндетті емес. Бұдан басқа, өндірістік қуаттылықтарды баламалы пайдалану үшін қайта бейімдеу мүмкіндігі бар.
- Конструкциялар мен инженерлік жабдықтарды физикалық бүлінуден және қалыпты жағдайды қолдау үшін уақытылы тексеру, қарау, жөндеу жұмыстары объектінің жұмыс істеу мерзімін белгісіз уақытқа соза алады. Бұл факторлар, сонымен қатар Топтың уран қорларын өндіру үшін қолжетімді болатын ұзақ мерзім Үлбі металлургиялық зауытының өндірісін жабудың дәл күнін бағалаудың мақсатқа сәйкессіздігін білдіреді.

Табиғатты қорғау заңнамасындағы келешектегі өзгерістер немесе оларды интерпретациялау жағдайында, сонымен қатар Топтың саясатында мұндай міндеттемелер қаржылық есептілікте міндеттемелерді мойындау қажеттігіне әкелуі мүмкін.

##### *Салық заңнамасы және трансферттік бағаның құралу заңнамасы (ой-пікір)*

Қазақстан салық заңнамасы және трансферттік бағаның құралу заңнамасы әртүрлі түсіндіру мүмкіндігін жасайды (39-ескертпе).

##### *Своп мәмілелері (ой-пікір)*

Топ уран өнімдерінің бір бөлігін своп (swap) негізінде сатады. Топ сол шарттарды қарастырады және бір мезгілде бір контрагентпен екі келісім-шартты, біреуі жеткізу үшін, екіншісі уранды бірдей көлемде екі түрлі жеткізу пункттерінде сатып алу үшін қарастырады. Нәтижесінде, ол (топтың кәсіпорындары өндіретін немесе сатып алынған) уранды және сатып алынған уранды ауыстырады. Әдетте, своп операциялар кезінде Топ бір жеткізу пунктіне физикалық жеткізуді жүзеге асырады және үшінші тарап конвертеріндегі уранды бірдей мөлшерде сатып алушыларға сату үшін сатып алады. Сонымен бірге, Топ соңғы тұтынушыларға тауарларды жеткізу үшін тасымалдау шығындарын үнемдейді.

Своп мәмілелер бойынша келісімшарттардың бір бірімен байланысты еместігіне қарамастан, басшылық бұл мәмілелер байланысты және нарықтағы сұраныс пен ұсынысты түсінуден шыға отырып, оқшау түрде жүзеге асырылмас еді деген қорытындыға келді. Басшылықтың пікірінше, біртекті тауардың (уранның) бірдей көлемін жеткізу, негізінде, тауарды алмастыру болып табылады, ол осы транзакцияның экономикалық мәнін көрсете отырып, қаржылық есептілікте қысқартылған негізде көрсетілуі тиіс. Своп операциялардың шарттарын түсіну және көрсету тәсілдемелері ой-пікірді талап етеді.

2019 жылы топ 41,741 миллион теңге сомасына своп операцияларынан түскен түсімді және 43,091 миллион теңге сомасына сатудың өзіндік құнын мойындамады. 2018 жылы Топ своп операциялардан 65,052 миллион теңге сомасына табысты 68,112 миллион теңге өткізудің өзіндік құнына мойындаған жоқ және қорлардың балансын 1,585 миллион теңгеге түзетті.

**5. Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану**

**16 ХҚЕС “Жалдау»**

Топ салыстырмалы көрсеткіштерді қайта есептемей түрлендірілген ретроспективті әдісті пайдалана отырып, стандартты міндетті түрде 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдану туралы шешім қабылдады.

ХҚЕС (IFRS) 16-ға көшкен кезде, Топ 17 “Жалдау” ХҚЕС (IAS) 17 ережелеріне сәйкес бұрын “операциялық жалдау” ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді мойындады. Бұл міндеттемелер 2019 жылғы 1 қаңтарға жалға алушының қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемелерін пайдалана отырып дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланды. Жалға алушының 2019 жылғы 1 қаңтардағы жалдау бойынша міндеттемелерге қолданылған қосымша қарыз қаражатын тартуының орташа өлшемді мөлшерлемесі 11.1%-ға тең.

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты, Топ жаңа стандартқа көшу күніне жалдау бойынша міндеттеме мөлшерінде пайдалану құқығы және жалдау бойынша міндеттемелер нысанындағы активтің теңгерімдік құны мөлшерінде жалдау мәні болып табылатын активтердің теңгерімдік құнын таныды. 16 ХҚЕС-де (IFRS) жазылған бағалау қағидаттары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қана қолданылады.

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

2018 жылғы 31 желтоқсанға танылған жалдау бойынша міндеттемелер	564
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалға алуға байланысты шарттық міндеттемелер	567
Дисконттау әсері	(181)
<b>2019 жылғы 1 қаңтарға танылған жалдау бойынша міндеттеме</b>	<b>950</b>

Пайдалану құқығы нысанында активтерді түзетуді талап ететін ауыртпалықты жалдау шарттары стандартты бірінші қолдану күнінде болған жоқ.

Пайдалану құқығы нысанындағы танылған активтер активтердің мынадай түрлеріне жатады:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2019 ж. 1 қаңтар</b>
Материалдық емес активтер	1,245	550
Ғимараттар мен құрылыстар	300	354
Жер	55	63
Көлік құралдары	40	53
<b>Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жиыны</b>	<b>1,640</b>	<b>1,020</b>

Төменде санамаланған қайта қаралған стандарттар Топ үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті болды, бірақ Топқа елеулі әсер еткен жоқ:

- ХҚЕСТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салықты көрсеткен кездегі белгісіздік» (2017 ж. 7 маусымда шығарылған және 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Теріс компенсация жорамалданатын мерзімінен бұрын өтем сипаттамалары – ХҚЕС (IFRS) 9 стандартына түзетулер (2017 жылғы 12 қазанда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қауымдастырылған ұйымдарда және бірлескен кәсіпорындардағы ұзақмерзімді қатысу үлестері – ХҚЕС (IAS) 28 стандартына түзетулер (2017 жылғы 12 қазанда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС жыл сайынғы жақсартулар, 2015-2017 жж. –ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 11, ХҚЕС (IAS) 12 және ХҚЕС (IAS) 23 стандарттарына түзетулер (2017 жылғы 12 желтоқсанда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 19 «Зейнеткерлік жоспарды өзгерту, қысқарту және реттеу» стандартына түзетулер (2018 ж. 7 ақпанда шығарылған және 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

## **6. Жаңа есептік ережелер**

2020 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 стандарттарына түзетулер – «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарнаға салу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ХҚЕС жөніндегі кеңеспен анықталатын күннен немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Осы түзетулер ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 талаптары арасындағы инвестордың қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға активтерді сатуға немесе жарнасына қатысты сәйкессіздікті жояды. Түзетулерді қолданудың негізгі салдары, егер мәміле бизнеске қатысты болса, пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Егер активтер бизнес болып табылмаса, тіпті егер осы активтерге еншілес ұйым ие болса да, пайданың немесе залалдың бір бөлігі ғана мойындалады.

Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне түзетулер (2018 жылғы 29 наурызда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Жаңа редакциядағы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздері бағалау туралы жаңа тарауды, есептілікте қаржылық нәтижелерді көрсету бойынша ұсынымдарды, жетілдірілген анықтамалар мен ұсынымдарды (атап айтқанда, міндеттемелер анықтамасы) және қаржылық есептілікті дайындаудағы басқарудың рөлі, байқамаушылық және бағалаудың белгісіздігі сияқты маңызды мәселелер бойынша түсіндірмелерді қамтиды.

Бизнесі анықтау – ХҚЕС (IFRS) 3 стандартына түзетулер (2018 ж. 22 қазанда шығарылған және 2020 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын) жылдық есептік кезеңнің басында сатылып алынғандарға қатысты қолданылады. Бұл түзетулер бизнесті анықтауға өзгерістер енгізеді. Бизнес салымдардан және жиынтықта қайтарым жасау қабілетін қалыптастыратын маңызды үдерістерден тұрады. Жаңа басшылық салымның және елеулі үдерістің бар-жоғын анықтауға мүмкіндік беретін жүйені, оның ішінде әлі қайтарым алмаған, дамудың ерте кезеңдеріндегі компаниялар үшін қамтиды. Қайтарым болмаған жағдайда, кәсіпорын бизнес болып саналуы үшін ұйымдастырылған жұмыс күші болуы тиіс. «Қайтарым» терминінің анықтамасы клиенттерге ұсынылатын тауарлар мен қызметтерге, инвестициялық кіріс пен өзге де кірістерді жасауға назар аудару үшін тарылады, бұл ретте шығындарды және өзге де экономикалық пайданы төмендету нысанындағы нәтижелер алынып тасталады. Бұдан басқа, енді нарыққа қатысушылар жетіспейтін элементтерді ауыстыруға немесе сатып алынған қызмет пен активтерді біріктіруге қабілетті ме, жоқ па деп бағалаудың қажеті жоқ. Ұйым «шоғырлану тестін» қолдана алады. Егер сатып алынған жалпы активтердің іс жүзінде барлық әділ құны бір активке (немесе ұқсас активтер тобына) шоғырланған болса, сатып алынған активтер бизнес болып саналмайды.

Маңыздылық анықтау – ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IAS) 8 стандарттарына түзетулер (2018 ж. 31 қазанда шығарылған және 2020 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді). Осы түзетулер ХҚЕС басқа стандарттарында бұрын ұсынылған анықтама бойынша ұсынымдарды енгізу арқылы осы ұғымның маңыздылығын анықтауды және қолданылуын нақтылайды. Сонымен қатар, осы анықтамаға түсініктемелер жақсартылды. Түзетулер сондай-ақ ХҚЕС барлық стандарттарындағы маңыздылықты анықтауды пайдаланудың дәйектілігін қамтамасыз етеді. Егер өткізу, бұрмалау немесе оны түсінудің қиындауы белгілі бір есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты беретін осындай қаржылық есептілік негізінде жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушылары қабылдайтын шешімдерге әсер етуі мүмкін деп ақылға қонымды дәрежеде күтілсе, ақпарат елеулі деп есептеледі.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсіндірулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі ықпал етпейді деп күтіледі.

## **7. Сегменттік ақпарат**

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметін жүзеге асыратын компоненттер болып табылады, бұл ретте олар табысты генерирлей алады немесе шығыстармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелері жүйелі түрде операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшылықпен талданады, және операциялық сегменттер үшін бөлек қаржылық ақпарат бар. Операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшы ұйымның ресурстарын бөлетін және қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе тұлғалар тобы болуы мүмкін. Операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшының функцияларын Топтың Басқармасы Төрағаның басшылығымен атқарады.

### **(а) Іске асырылуынан әрбір сегмент табыс алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы**

Топ геологиялық барлау, уран өндіру және ядролық отын өндірісінен бастап, өткізуге және көмекші қызметтер көрсетуге дейінгі өндірістік тізбекке (тасымалдау мен логистиканы, сатып алуды, зерттеуді және өзгелерін қоса) кірістірілген тік интеграцияланған компания болып табылады. Топ қызметін келесі екі негізгі операциялық сегмент шеңберінде жүзеге асырады:

Уран – уран өндіру және өңдеу, Топтың бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарынан уран сатып алу, өндірілген және сатып алған уранды сыртқа сату және маркетинг. Уран сегментіне уран өндірісімен және сатумен айналысатын бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың таза нәтижелеріндегі Топтың үлесі, сонымен қатар Топтың бас кеңсесі («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ) АҚ) кіреді.

ҮМЗ («Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ) – құрамында бериллий, тантал және ниобий бар өнімдерді, плавик қышқылы мен жанама өнімдерін өндіру және өткізу, Топ кәсіпорындары үшін өңделме шикізатты өңдеу (топлинг шарттарымен) және сыртқы нарық үшін уран ұнтақтары мен отын таблеткаларын өндіру.

Негізінен уран сегментіне (бұрғылау, тасымалдау, күзет қызметтері, геологиялық барлау және т.б.) қызметтер көрсететін топтың кейбір еншілес компанияларының кірістері мен шығыстары осы операциялық сегменттің нәтижелеріне бөлінбеген. Топтың бұл кәсіпорындары есептік операциялық сегменттерге енгізілмеген, өйткені олардың қаржылық нәтижелері сандық шектік мәнге сәйкес келмейді. Осы және басқа елеусіз операциялардың нәтижелері «Өзгелері» тақырыбына енгізілді.

### **б) Басшылық есептік сегменттерді анықтау үшін пайдаланатын факторлар**

Топтың сегменттері әртүрлі клиенттерге бағдарланған стратегиялық бизнес-бірлік болып табылады. Өндірістік процестердегі, өндірілетін тауар түрлеріндегі, инвестициялық және маркетингтік стратегиялардағы айырмашылықтар себепті олардың әрқайсысы бөлек басқарылады.

Операциялық шешімдер үшін жауапты басшылық қарайтын сегменттер бойынша қаржылық ақпаратқа келесілер жатады:

- бизнес-бірліктер (сегменттер) бойынша кірістер мен шығыстар туралы ақпарат тоқсандық негізде ХҚЕС негізінде;
- активтер мен міндеттемелер, онымен қатар күрделі қаржы жұмсалымдары туралы ақпарат сегменттер бойынша тоқсандық негізде;
- ай сайынғы және тоқсандық негізде талданатын операциялық деректер (өндіріс көлемі және қорлар деңгейі сияқты) және өткізу туралы деректер (өнім типі бойынша сатулардың көлемі, орташа бағалар сияқты).

### **(в) Операциялық сегменттердің пайдасын немесе шығынын, активтерін және міндеттемелерін бағалау**

Операциялық шешімдер үшін жауапты басшылық әрбір сегменттің қызмет нәтижелерін жалпы маржа мен таза пайда негізінде бағалайды. Сегменттік қаржылық ақпарат ХҚЕС сәйкес дайындалған және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректеріне сай.

Басқа сегменттерден алынған табысқа шикізат пен материалдарды, тауарлар мен қызметтерді бір сегменттен екіншісіне табыстау кіреді, сомасы ұқсас тауарларға нарықтық бағалар негізінде анықталған.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**7. Сегменттік ақпарат (жалғасы)**

*(г) Пайда немесе шығын, активтер мен міндеттемелер есептік сегменті туралы ақпарат*

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі есептік сегменттер бойынша сегменттік ақпарат төменде берілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>Уран 2019</b>	<b>2018</b>	<b>ҮМЗ 2019</b>	<b>2018</b>	<b>Өзгелері 2019</b>	<b>2018</b>	<b>Элиминация 2019</b>	<b>2018</b>	<b>Жиыны 2019</b>	<b>2018</b>
Сыртқы түсім	435,438	366,040	37,998	39,181	28,833	31,411	-	-	502,269	436,632
Өзге сегменттерден түскен түсім	1,722	739	4,231	3,796	56,790	47,768	(62,743)	(52,303)	-	-
Өткізудің өзіндік құны	(258,276)	(258,202)	(26,663)	(28,554)	(81,500)	(77,012)	58,941	49,951	(307,498)	(313,817)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>178,884</b>	<b>108,577</b>	<b>15,566</b>	<b>14,423</b>	<b>4,123</b>	<b>2,167</b>	<b>(3,802)</b>	<b>(2,352)</b>	<b>194,771</b>	<b>122,815</b>
Қалпына келтіруді шегергендегі құнсыздандудан болған шығындар	(3,543)	8,343	(480)	(5,409)	621	2,576	3	-	(3,399)	5,510
Бизнесі сатып алудан алынған таза пайда	54,649	347,479	-	-	-	-	-	-	54,649	347,479
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардағы үлес	26,203	36,155	(503)	(204)	7,711	(7,448)	-	-	33,411	28,503
Бағамдық айырма бойынша таза пайда/(шығын)	228	6,818	(143)	2,115	(2)	(1,683)	-	-	83	7,250
Қаржылық кірістер	3,151	3,529	378	234	463	1,416	(2)	(1,230)	3,990	3,949
Қаржылық шығыстар	(11,429)	(8,806)	(448)	(396)	(186)	(4,058)	108	588	(11,955)	(12,672)
Табыс салығы бойынша шығыстар/үнем	(31,602)	(26,274)	(1,722)	(2,069)	(182)	(454)	-	-	(33,506)	(28,797)
<b>Жалғасатын қызметтен жыл ішіндегі пайда/(шығын)</b>	<b>200,712</b>	<b>440,941</b>	<b>6,947</b>	<b>3,141</b>	<b>9,562</b>	<b>(17,745)</b>	<b>(3,472)</b>	<b>(2,753)</b>	<b>213,749</b>	<b>423,584</b>
Тоқтатылған қызметтен жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	1,104	-	-	-	1,104
<b>Жыл ішіндегі пайда/(шығын)</b>	<b>200,712</b>	<b>440,941</b>	<b>6,947</b>	<b>3,141</b>	<b>9,562</b>	<b>(16,641)</b>	<b>(3,472)</b>	<b>(2,753)</b>	<b>213,749</b>	<b>424,688</b>
Тозу және амортизация	(56,299)	(34,968)	(1,552)	(1,475)	(4,300)	(4,613)	324	251	(61,827)	(40,805)

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**7. Сегменттік ақпарат (жалғасы)**

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі есептік сегменттер бойынша сегменттік ақпарат төменде берілген (жалғасы):

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>Уран</b>		<b>ҮМЗ</b>		<b>Өзгелері</b>		<b>Элиминация</b>		<b>Жиыны</b>	
	<b>2019</b>	<b>2018 (қайта есептелді)</b>	<b>2019</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2018 (қайта есептелді)</b>
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	106,474	121,130	6,381	6,885	11,210	19,861	-	-	124,065	147,876
<b>Есептік сегменттер активтерінің жиыны</b>	<b>1,639,531</b>	<b>1,384,836</b>	<b>80,073</b>	<b>75,519</b>	<b>83,957</b>	<b>92,558</b>	<b>(149,162)</b>	<b>(76,380)</b>	<b>1,654,399</b>	<b>1,476,533</b>
Шығатын топтардың сатуға арналған ретінде жіктелген активтері	-	-	-	-	19,734	5,578	-	-	19,734	5,578
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1,639,531</b>	<b>1,384,836</b>	<b>80,073</b>	<b>75,519</b>	<b>103,691</b>	<b>98,136</b>	<b>(149,162)</b>	<b>(76,380)</b>	<b>1,674,133</b>	<b>1,482,111</b>
<b>Есептік сегменттер міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>544,201</b>	<b>472,511</b>	<b>13,536</b>	<b>12,024</b>	<b>22,762</b>	<b>23,659</b>	<b>(148,909)</b>	<b>(76,494)</b>	<b>431,590</b>	<b>431,700</b>
Шығатын топтардың сатуға арналған ретінде жіктелген міндеттемелері	-	-	-	-	389	5,951	-	-	389	5,951
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>544,201</b>	<b>472,511</b>	<b>13,536</b>	<b>12,024</b>	<b>23,151</b>	<b>29,610</b>	<b>(148,909)</b>	<b>(76,494)</b>	<b>431,979</b>	<b>437,651</b>
<b>Капиталдық шығындар</b>	<b>38,148</b>	<b>53,768</b>	<b>3,281</b>	<b>3,173</b>	<b>3,396</b>	<b>4,024</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>44,825</b>	<b>60,965</b>

Капиталдық шығындар қаржы құралдарынан, кейінге қалдырылған салық активтерінен, еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар жоспарының активтерінен және сақтандыру шарттары бойынша туындайтын құқықтардан ерекшеленетін айналымнан тыс активтердің түсуін білдіреді.

## 7. Сегменттік ақпарат (жалғасы)

### (д) Өнімдер мен қызметтер бойынша кірістерді талдау

Топтың кірістері 9-ескертпеде өнімдер мен қызметтер бойынша талданған. Қаржылық кірістер мен шығыстар туралы ақпарат 17-ескертпеде берілген.

### (е) Географиялық ақпарат

Топтың барлық негізгі активтері Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың сатуларының тапсырыс берушінің тұрақты тұратын елі негізінде бөлінуі мынадай болды:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
Қытай	179,110	127,629
Ұлыбритания (Джерси аралы мен Кайман аралдарын қоса алғанда)	61,091	72,569
Ресей	55,394	4,871
Франция	50,936	22,131
Канада	47,894	27,935
Үндістан	38,307	79,612
АҚШ	32,826	34,282
Қазақстан	6,280	34,018
Бельгия	4,414	-
Жапония	4,193	7,061
Германия	3,037	2,305
Өзге елдер	18,787	24,219
<b>Шоғырландырылған түсім жиыны</b>	<b>502,269</b>	<b>436,632</b>

### Ірі клиенттер

Топтың жалпы бақылаудағы клиенттер тобы бар, олардың үлесіне Топтың шоғырландырылған табысының 10%-дан артығы келеді. 153,519 миллион теңге (2018 ж.: 111,012 миллион теңге) сомасындағы бұл табыс «Уран» сегменті бойынша көрсетіледі.

## 8. Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар

Егер тараптар жалпы бақылауда болса немесе тараптың біреуі басқа тарапты бақылауға мүмкіндігі болса, немесе қаржылық-шаруашылық қызметтің мәселелері бойынша онымен қабылданатын шешімдерге елеулі ықпалын көрсете алса немесе оған бірлескен бақылауды жүзеге асыра алса, Тараптар негізінде байланысты деп саналады. Әрбір болуы мүмкін байланысты тараптармен өзара қатынастарын басшылықпен қарау кезінде осындай өзара қатынастардың тек заңды формасы ғана емес, оның экономикалық мазмұны, назарға алынады.

Байланысты тараптарда «Самұрық-Қазына» АҚ бақылауындағы мекемелер бар. Өзге мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар, егер де олар кәдімгі қызмет жүрісінде барлық қоғамдық және жеке компанияларға ретімен қолданылатын шарттарға сәйкес (i), олар жеке-дара мәнді болмаса (ii), егер де Топтың қызмет көрсетуі стандарттық барлық пайдаланушыларға жетімді шарттарда көрсетілетін болса, немесе (iii) осындай қызмет көрсетуді, телекоммуникациялық қызметтерді, электр энергияны өткізу бойынша қызметтерді жеткізушіні таңдау жоқ болған жағдайда, ашылмайды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>Дебиторлық берешек және өзге активтер</b>	<b>Алуға арналған дивидендтер</b>	<b>Берілген қарыздар</b>	<b>Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер</b>	<b>Несиелер мен қарыздар</b>
Қауымдастырылған кәсіпорындар	2,182	5,074	12,923	20,813	17,460
Бірлескен кәсіпорындар	1,392	-	-	6,771	-
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	83	-	-	1,033	-
Бақылаушы Акционер	-	-	-	983	-
Акционердің қауымдастырылған кәсіпорындары	11	-	-	3,777	-
<b>Жиыны</b>	<b>3,668</b>	<b>5,074</b>	<b>12,923</b>	<b>33,377</b>	<b>17,460</b>



**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**8. Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар (жалғасы)**

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі байланысты тараптармен операциялар көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Тауарлар мен қызметтерді сату	Алынған дивидендте р	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	Акционерге дивидендте р	Қаржылық кірістер	Қаржылық шығыстар
Қауымдастырылған кәсіпорындар	11,441	8,884	67,519	-	1,593	1,691
Бірлескен кәсіпорындар	9,885	739	13,630	-	100	39
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	294	-	6,005	-	-	-
Бақылаушы Акционер	-	-	-	68,065	-	148
Акционердің қауымдастырылған кәсіпорындары	108	-	6,037	-	-	-
<b>Жиыны</b>	<b>21,728</b>	<b>9,623</b>	<b>93,191</b>	<b>68,065</b>	<b>1,693</b>	<b>1,878</b>

2019 жылғы ақпаннан бастап, «Хорасан-У» БК» ЖШС-ға бақылау сатып алуына байланысты, Топ қосалқы қарыз алушы болып табылады және «Қызылқұм» ЖШС-мен бірге 2010 жылы «Қызылқұм» ЖШС берген 13,294 миллион теңге сомадағы несие бойынша қомақты жауапкершілікке ие (2018 ж.: 23,772 миллион теңге) (32-ескертпе). «Хорасан-У» БК» ЖШС қосалқы қарыз алушы болып табылады және осы несие бойынша «Қызылқұм» ЖШС-мен бірлесіп ортақ жауапкершілікке ие. Топ, сондай-ақ, «СКЗ-У» ЖШС 10,793 миллион теңге сомадағы қарыздар бойынша (2018 ж.: 13,935 миллион теңге), сондай-ақ 4,245 миллион теңге сомадағы «Үлбі ТВС» ЖШС қарызы бойынша кепілгер болып табылады (2018 ж.: 0) (39-ескертпе).

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Дебиторлық берешек және өзге активтер	Алуға арналған дивидендтер	Берілген қарыздар	Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер
Қауымдастырылған кәсіпорындар	2,580	8,659	23,618	12,560
Бірлескен кәсіпорындар	4,719	-	-	2,041
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	199	-	-	563
Бақылаушы Акционер	-	-	-	479
Акционердің қауымдастырылған кәсіпорындары	18	-	-	4,046
<b>Жиыны</b>	<b>7,516</b>	<b>8,659</b>	<b>23,618</b>	<b>19,689</b>

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі байланысты тараптармен операциялар көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Тауарлар мен қызметтерді сату	Алынған дивидендте р	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	Акционерге дивидендте р	Қаржылық кірістер	Қаржылық шығыстар
Қауымдастырылған кәсіпорындар	13,678	7,885	58,130	-	4,081	613
Бірлескен кәсіпорындар	7,896	-	11,765	-	16	-
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	9,107	-	27,431	-	5,735	980
Бақылаушы Акционер	-	-	-	161,661	-	58
Акционердің қауымдастырылған кәсіпорындары	110	-	3,787	-	-	-
Өзгелері	918	-	32,265	-	1	-
<b>Жиыны</b>	<b>31,709</b>	<b>7,885</b>	<b>133,378</b>	<b>161,661</b>	<b>9,833</b>	<b>1,651</b>

2018 жылы өзге байланысты тараптар “Байкен-У” ЖШС-ны (41 және 45-ескертпелер) қамтиды.

## 8. Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар (жалғасы)

Негізгі басқарушы персонал – Топ қызметін тікелей немесе жанама жоспарлау, басқару және бақылау үшін өкілеттіктер берілген және жауапты тұлғалар. Негізгі басқарушы персонал Компания басқармасының барлық құрамын және Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерін қамтиды. Төмендегі кестеде негізгі басқарушы персоналға, атап айтқанда: Компания Басқармасының мүшелеріне және Тәуелсіз директорларына берілетін сыйақы туралы деректер келтірілген: Бұл сыйақы жалақыны, сыйақыларды, сондай-ақ зейнетақы қорына аударымдарды қамтиды:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.		2018 ж.	
	Шығыстар	Міндеттеме	Шығыстар	Міндеттеме
<i>Қысқамерзімді төлемдер</i>				
Жалақы және сыйақылар	1,116	65	932	67
<b>Жиыны</b>	<b>1,116</b>	<b>65</b>	<b>932</b>	<b>67</b>

## 9. Түсім

Топтың түсімі сатып алушылармен шарттар бойынша пайда болады, олар бойынша міндеттемелер негізінен белгілі бір уақыт кезінде орындалады.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.
Уран өнімін сатудан түскен кіріс	438,518	368,325
Бериллий өнімін сатудан түскен кіріс	19,717	17,364
Сатып алынған тауарларды сатудан түскен кіріс	10,470	9,424
Тантал өнімін сатудан түскен кіріс	9,543	14,333
Көрсетілген өзге қызметтерден түскен кіріс	8,048	8,342
Ұңғымаларды бұрғылаудан түскен кіріс	6,602	6,803
Материалдар мен өзге тауарларды сатудан түскен кіріс	5,912	8,465
Тасымалдау бойынша қызметтерден түскен кіріс	2,818	2,887
Фотоэлектрлік түрлендіргішті сатудан түскен кіріс	448	398
Зерттеулер мен әзірлемелерден түскен кіріс	193	291
<b>Түсім жиыны</b>	<b>502,269</b>	<b>436,632</b>

### **Yellow Cake plc компаниясымен жасалған уран сату жөніндегі шарт**

2018 жылғы 10 мамырда Top Yellow Cake plc компаниясымен 2018 жылғы шілдеде 3,112 тонна көлемінде бастапқы жеткізілімді және 2019 ж. бастап 2027 ж. қоса алған аралықтағы әрбір жылда қосымша санын сатып алу үшін опционды қоса уранның шала тотығы-тотығының белгілі бір санатын жеткізуге уранның шала тотығы-тотығын сатып алу-сату туралы негізгі келісімге қол қойды. 2019 жылы Yellow Cake plc сұратымы бойынша, Қоғам Yellow Cake plc-ге жалпы көлемі 452 тонна уран шала тотығы-тотығын өткізді. Топтың Yellow Cake plc компаниясынан уранға нарықтық баға белгілі бір деңгейден асқанда (уран шала тотығы-тотығының бір фунт үшін 37.5 АҚШ доллары) уран шала тотығы-тотығының санын кері сатып алуға опционы бар.

Бұл құқық, нарықтық баға белгілі бір деңгейге жеткен жағдайда, уранның бір бөлігін нарықтық бағаға дисконтпен сатып алу мүмкіндігін беретін ішкі туынды құралы болып табылады. Топ бұл туынды құралды пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық актив ретінде мойындады. Топ 819 миллион теңгеге бағалаған туынды құралдың бастапқы құны уранды сату үшін алынған сыйақының бір бөлігі болып табылды.

Туынды құралды кейінгі бағалау ХҚЕС (IFRS) 9 стандартқа сәйкес пайдада немесе шығында көрсетіледі. Туынды құралдың әділ құнын Топ 2019 жылғы 31 желтоқсан бойынша 543 миллион теңге мөлшерінде бағалады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1,369 миллион теңге). Қайта бағалаудан алынған 812 миллион теңге мөлшеріндегі шығын қаржылық шығындардың құрамында көрсетілді (17-ескертпе). Бұл туынды құрал әділ құн иерархиясының 3-деңгейінің аясына түседі.

Бұл шартта әртүрлі жағдайларды сақтаған жағдайда, Топтың кемінде тоғыз жыл бойы жылына 100 миллион АҚШ доллары мөлшеріне дейінгі сомаға уранның қосымша көлемін нарықтық баға бойынша жеткізуі қарастырылған.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**10. Өткізудің өзіндік құны**

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
Шикізат және материалдар	147,331	202,817
Тозу және амортизация	60,044	39,866
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу	29,632	24,024
Табыс салығынан өзге салықтар	27,021	22,033
Қайта өңдеу және өзге қызметтер	18,566	10,354
Тасымалдау бойынша шығыстар	6,795	3,490
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	4,132	3,021
Коммуналдық қызметтер	1,607	1,581
Жалдау	221	233
Зерттеу және өзірлеу	36	80
Өзгелері	12,113	6,318
<b>Өткізудің өзіндік құнының жиыны</b>	<b>307,498</b>	<b>313,817</b>

**11. Өткізу бойынша шығыстар**

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
Тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстар	6,790	7,275
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу	1,035	950
Комиссиялық сыйақы	610	637
Шикізат және материалдар	255	221
Жалдау	70	106
Тозу және амортизация	70	67
Өзгелері	1,997	1,274
<b>Өткізу бойынша шығыстар жиыны</b>	<b>10,827</b>	<b>10,530</b>

**12. Жалпы және әкімшілік шығыстар**

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу	18,478	17,809
Консультациялық және ақпараттық қызметтер	3,816	4,488
Тозу және амортизация	1,611	808
Іссапар шығындары	794	687
Табыс салығынан өзге салықтар	767	1,526
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	644	575
Сақтандыру	511	145
Зерттеулерге арналған шығындар	499	230
Оқытуға жұмсалған шығыстар	469	440
Корпоративтік іс-шаралар	406	252
Байланыс қызметтері	362	238
Жалдау	315	1,166
Дебиторлық берешектің құнсыздануы	276	1,743
Салықтар бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар	261	340
Шикізат және материалдар	224	297
Күзет қызметтері	168	148
Коммуналдық қызметтер	163	163
Банк комиссиялары	93	89
Өкілдік мақсаттарға шығыстар	82	75
Кеңсе тауарлары	76	73
<b>Саудалық дебиторлық берешек жиыны (жалпы теңгерімдік құны)</b>	<b>91,016</b>	
Несиелік шығындарға арналған бағалау резерві		<b>(483)</b>
<b>Сатып алушылармен шарттар бойынша саудалық дебиторлық берешек жиыны (теңгерімдік құны)</b>	<b>90,533</b>	
<b>2018 ж.</b>		
<b>Саудалық дебиторлық берешек</b>		
- ағымдағы	94,044	(39)
- төлемді 30 күннен кем кешіктіріп	245	(5)
- 30-дан 90 күнге дейін төлемді кешіктіріп	-	-
- 91-ден 180 күнге дейін төлемді кешіктіріп	-	-
- 181 күннен 360 күнге дейін төлемді кешіктіріп	-	-
- 360 күннен астам мерзімге төлемді кешіктіріп	95	(95)
<b>Саудалық дебиторлық берешек жиыны (жалпы теңгерімдік құны)</b>	<b>94,384</b>	
Несиелік шығындарға арналған бағалау резерві		<b>(139)</b>
<b>Сатып алушылармен шарттар бойынша саудалық дебиторлық берешек жиыны (теңгерімдік құны)</b>	<b>94,245</b>	

Төмендегі кестеде саудалық және өзге дебиторлық берешек үшін 2019 және 2018 жж. басы мен аяғындағы кезеңде орын алған күтілетін несиелік шығындардың жеңілдетілген моделіне сәйкес несиелік шығындарға бағалау резервтеріндегі өзгерістер түсіндіріледі.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Саудалық дебиторлық берешек	Өзге дебиторлық берешек
<b>2018 ж. 1 қаңтар бойынша құнсыздану резерві</b>	<b>1,61</b>	<b>434</b>
Жыл бойы құнсыздану резервінің ұлғаюы	250	56
Қалпына келтірілді	(459)	(1)
Тоқтатылған қызмет	(1,08)	(38)
Сатуға арналған активтерге аударымдар	(203)	-
Жыл ішінде есептен шығарылған сомалар	(58)	(80)
<b>2018 ж. 31 желтоқсан бойынша құнсыздану резерві</b>	<b>139</b>	<b>371</b>
Жыл бойы құнсыздану резервінің ұлғаюы	395	34
Есептік бағалаудағы өзгеріс	-	673
Қалпына келтірілді	(123)	(18)
Сатуға арналған активтерге аударымдар	149	-
Жыл ішінде есептен шығарылған сомалар	(77)	(296)
<b>2019 ж. 31 желтоқсан бойынша құнсыздану резерві</b>	<b>483</b>	<b>764</b>

## **42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Топтың саудалық дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелге бейімділігі негізінен әр сатып алушының дербес сипаттамасына байланысты болады. Клиенттік базаның демографиялық көрсеткіштері, сатып алушылар өздерінің қызметтерін жүзеге асыратын нақты салаға немесе елге тән дефолт тәуекелін қоса алғанда, аз дәрежеде несиелік тәуекелдің деңгейіне әсер етеді. Топ несиелік тәуекелдің шоғырлануына бейім. В 2019 году примерно 67% от доходов Группы (75% дебиторской задолженности на 31 декабря 2019 года) приходится на продажи семи основным покупателям (2018 г.: 69% кіріс және саудалық дебиторлық берешегінің 75% негізгі жеті сатып алушыларға сатуға келеді). Топ ұқсас сипаттамалары бар контрагенттерді олар байланысты тарап болып табылғанда анықтайды.

Топ кредит саясатын қолданады, осыған сәйкес әрбір жаңа клиенттің кредит қабілеттілігі алдымен оған Топқа арналған стандартты шарттар мен төлемдер мен жеткізілімдерді жүзеге асыру мерзімдері ұсынылғанға дейін жеке талданады.

Топ саудалық және басқа дебиторлық берешекке қатысты сақтандыру өтеуін талап етпейді.

Географиялық өңірлер бөлігінде есептілік кезеңге арналған жағдай бойынша саудалық дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелдің барынша жоғары деңгейі келесідей болды:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
Үндістан	38,335	53,430
Ресей	23,489	114
Қытай	14,046	11,348
Қазақстан	4,250	4,217
АҚШ	3,508	6,886
Канада	3,394	11,398
Жапония	2,066	859
Еуропалық Одақ	1,445	5,772
Өзге өңірлер	-	221
<b>Жиыны</b>	<b>90,533</b>	<b>94,245</b>

Тауарларды іске асыру бойынша орташа несиелік кезең 30 күн құрайды. Алғашқы 30 күнге дебиторлық берешек бойынша шот-фактура берілген күннен бастап пайыздар жүрмейді.

Байланысты тараптарға берілген қарыздарға (33-Ескертпе) және қызметкерлерге берілген қарыздарға (30-Ескертпе) қатысты несиелік тәуекел берілген қаражаттың қайтарылмауы мүмкіндігіне байланысты туындайды. Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындар мен қызметкерлерге берілген қарыздарға қатысты Топ қарыз алушылардың активтерін кепіл түрінде қарызды қамтамасыз етуді ұсыну талабы арқылы несиелік тәуекелді азайтады. Қарыз алушыларда несиелік рейтинг болмайды.

### **Күтілетін несиелік шығындарды бағалау (КНШ)**

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау – елеулі бағалау, оны алу үшін бағалау әдіснамасы, модельдер және бастапқы деректер пайдаланылады. Келесі компоненттер несиелік шығындарға бағалау резервіне айтралықтай ықпал етеді: дефолтты анықтау, несиелік тәуекелдің елеулі түрде ұлғаюы, дефолт ықтималдылығы, дефолт тәуекеліне бейімділік және дефолт жағдайындағы шығынның мөлшері, сонымен қатар макроэкономикалық сценарийлер модельдері. Топ есептік күтілетін несиелік шығындар мен кредиттер бойынша нақты шығындар арасындағы алшақтықтарды төменету мақсатында модельдерді және модельдер үшін бастапқы деректерді тексереді және растайды.

Топ күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін расталатын болжамдық ақпаратты, негізінен өзінің болжамдық макроэкономикалық моделінің нәтижелерін пайдаланады. Талдау үшін жеңіл интерпретацияланатын кейбір жорамалдар пайдаланылады, олар: ЖІӨ өсу қарқыны, инфляция деңгейі, айырбастау бағамы және экономикалық көрсеткіш. Соңғы макроэкономикалық сценарийде тек тарихи бақыланатын инфляция деңгейлерінің мәні ғана пайдаланылады. Перспектива туралы ақпарат есептік кезеңнен кейінгі келесі жыл ішінде дефолттың ықтималдылығы параметрлеріне енгізіледі.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есепті күннен кейінгі келесі 12 айдың ішінде инфляция деңгейі бойынша болжамды жорамал күтілетін несиелік шығындар деңгейіне сәйкес 5.12%-ды құрады.

## **42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

### **Өтемпаздық тәуекелі**

Өтемпаздық тәуекелі – бұл, кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерді атқару кезінде қиыншылықтармен кезігу тәуекелі. Топ қолдағы ақша қаражаттарын күнделікті пайдалану қажеттілігіне байланысты тәуекелге бейім. Өтемпаздық тәуекелін Топтың Корпоративтік қаржы және қазынашылық департаменті басқарады. Басшылық ай сайын Топтың ақша қаражаты айналымын бақылайды.

Топ қарыз қаражатынан, сауда және өзге кредиторлық берешектен тұратын қаржыландырудың тұрақты базасын қолдауға тырысады. Топтың өтемпаздықты басқаруға тәсілі бұның қаншалық мүмкін екендігін қамтамасыз етуде, Топта залалдың туындауына жол бермейтін және Топтың беделіне нұқсан келтірмейтін әдеттегідей және қысылтаяң кездерде де мерзімінде өзінің міндеттемелерін өтеу үшін жеткілікті өтемпаздық қаражаттың үнемі болуы. Топ өтемпаздық деңгейіне күтпеген талаптарға жылдам әрі тиісті түрде әсер ету мүмкіншілігін алу үшін өтемпаздық активтердің әртараптандырылған портфельдеріне қаражатты инвестициялайды.

Әдетте Топ күтілетін операциялық шығыстардың орнын толтыру үшін жеткілікті көлемдегі бірінші талап бойынша қолжетімді ақша қаражатының болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қоса айрықша жағдайлардың әлеуеті ескерілмейді, олардың пайда болуын алдын ала қарастыру негізделмеген болатын, мысалы, табиғи апаттар.

Төменде Топтың пайдаланылмаған қарыздары және өтемпаздық тәуекелін басқарудың маңызды элементі болып табылатын қысқамерзімдік депозиттерге орналастырылған уақытша еркін ақшалары туралы ақпарат берілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
Қысқа мерзімді депозиттердегі сома	14,147	3,052
Шоттардағы ақша қаражатының сомасы	82,904	125,959
Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома	124,342	85,485
<b>Жиыны</b>	<b>221,393</b>	<b>214,496</b>

Бұдан әрі келтірілген кестеде өтеуге дейін қалған шарттық мерзімдер бойынша есептік күнге арналған жағдай бойынша міндеттемелерді бөлу көрсетілген. Өтеу мерзімі кестесінде ашылған сомалар контракттік дисконтталмаған ақша ағымдары, оған қоса алынған несиелер және қаржылық сақтандыру бойынша міндеттемелердің жалпы сомасы көрсетілген. Бұл дисконтталмаған ақша ағымдары қаржылық жағдай туралы есептілікке енгізілген сомадан ерекшеленеді, себебі қаржылық жағдай туралы есептілікте берілген сома ақша қаражатының дисконтталған ағымдарының негізінде есептелген.

Сома төлемге тіркелмеген болып табылған жағдайда, сома кестеде есептік күніндегі шарттан шыға отырып анықталады. Валюталық төлемдер есептік кезеңнің соңына спот айналым курсы пайдаланумен қайта есептеледі.



**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсан бойынша қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат ұсынылған:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Теңгерімді к құн	Шарт бойынша ақша қаражатының ағындары	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
Банктік несиелер	71,847	72,064	55,425	5,593	11,046	-	-
Банктік емес несиелер	641	641	-	641	-	-	-
Шығарылған облигациялар	70,016	83,183	231	462	2,795	79,695	-
Саудалық кредиторлық берешек	57,233	57,233	-	57,233	-	-	-
Вексель бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	17,460	17,460	17,460	-	-	-	-
Өзге кредиторлық берешек	1,329	1,329	-	1,329	-	-	-
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	1,478	1,478	-	112	469	897	-
Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер	1,394	1,677	-	183	546	832	116
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	69	15,038	15,038	-	-	-	-
Артықшылық берілген акцияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелер	265	265	-	-	-	265	-
Өзге қатысушыларға төленетін дивидендтер	4,775	4,775	-	4,775	-	-	-
<b>Жиыны</b>	<b>226,507</b>	<b>255,143</b>	<b>88,154</b>	<b>70,328</b>	<b>14,856</b>	<b>81,689</b>	<b>116</b>

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат ұсынылған:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Теңгерімді к құн	Шарт бойынша ақша қаражатының ағындары	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
Банктік несиелер	90,429	92,367	30,974	16,913	27,739	16,741	-
Банктік емес несиелер	35,726	36,261	128	19,551	16,582	-	-
Шығарылған облигациялар	73,535	76,428	-	-	76,428	-	-
Саудалық кредиторлық берешек	50,467	50,467	-	49,690	-	777	-
Өзге кредиторлық берешек	1,844	1,844	-	1,844	-	-	-
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	2,865	3,197	-	194	581	2,422	-
Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер	479	479	-	29	100	350	-
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	89	13,935	-	13,935	-	-	-
Артықшылық берілген акцияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелер	265	265	-	-	-	265	-

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

---

Өзге қатысушыларға төленетін дивидендтер	244	244	-	244	-	-	-
<b>Жиыны</b>	<b>255,943</b>	<b>275,487</b>	<b>31,102</b>	<b>102,400</b>	<b>121,430</b>	<b>20,555</b>	<b>-</b>

---

## **42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

### **Нарықтық тәуекел**

Топ нарықтық тәуекелдің әсер етуіне бейім. Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағаның өзгерісі Топтың пайдасына немесе оның қаржылық құралдарының құнына кері әсер ету тәуекелі. Нарықтық тәуекелдер келесілер бойынша ашық ұстанымдармен байланысты: а) шетел валютасы, б) пайыздық активтер және міндеттемелер және в) нарықта жалпы және ерекше өзгерістердің тәуекеліне бейім үлестік құралдар. Нарықтық тәуекелді басқару мақсаты - нарықтық тәуекелге бейімділікті бақылау және оны рұқсатты шамада ұстап қалу, сонымен бірге инвестицияның табыстылығына қол жеткізу. Басшылық қабылданатын тәуекелге қатысты лимиттерді беркітеді және олардың тұрақты негізде сақталуын бақылайды. Алайда нарықта анағұрлым елеулі өзгерістер болған жағдайда бұл тәсілді қолдану осы лимиттерден жоғары залалдың алдын ала алмайды.

Төменде берілген нарықтық тәуекелге сезімталдық бір фактордың өзгеруіне негізделген, қалған айнымалы сипаттамалардың барлығы өзгеріссіз қалып отырады. Іс жүзінде бұлай болу екіталай және бірнеше факторлардың өзгерісі– мысалы, пайыздық мөлшерлеме мен валюта курсының өзгерісі, арақатынас орнатуы мүмкін.

### **Валюталық тәуекел**

Топ функционалдық валютадан бөлек валютада берілген сату, сатып алу және қарыздарды тарту операцияларын жүзеге асыра отырып, валюта тәуекеліне ұшырайды. Қарыздар валютада көрсетілген, олар валютаға сәйкес келеді, онда Топтың қолданыстағы бөлімшелерімен ақша қаражатының ағымдары түрлендіріледі. Осылайша, негізінен туынды құралдарды пайдаланбай экономикалық хеджерлеу әсеріне қол жеткізеді. В отношении прочих денежных активов и обязательств, выраженных в иностранных валютах, Группа старается удерживать нетто-позицию, подверженную риску, в допустимых пределах посредством планирования будущих расходов с учетом валюты платежа. Топ негізінен АҚШ долларының ауытқушылық тәуекеліне бейім.

Топтың валюталық тәуекелге бейімділігі келесі үлгіде көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<b>АҚШ долларымен көрсетілген</b>		
Саудалық дебиторлық берешек	84,105	72,988
Банктердегі ағымдағы шоттар	50,635	77,526
Байланысты тараптарға берілген қарыздар*	13,294	13,399
Талап етілгенге дейінгі салымдар	2,296	1
Өзге дебиторлық берешек	3	-
Мерзімдік депозиттер	1	151
Өзге активтер	1,028	156
<b>Активтер жиыны</b>	<b>151,362</b>	<b>164,221</b>
Банктік және банктік емес кредиттер	(71,848)	(125,514)
Шығарылған облигациялар	(70,016)	(73,535)
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	(2,055)	(4,072)
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	(50)	(2,392)
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>(143,969)</b>	<b>(205,513)</b>
<b>Валюталық тәуекелге бейімділіктің таза сомасы</b>	<b>7,393</b>	<b>(41,292)</b>

\* - Байланысты тараптарға берілген қарыздар теңге деноминацияланған, бірақ теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының өзгерісін индексациялау туралы ережеден құралған.

## **42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге курсының 12% әлсіреуі және АҚШ долларына қатысты 9% нығаюы (2018 ж.: 14%-ға әлсіреуі және 10%-ға нығаюы) төменде көрсетілген сомаларға арналған кезеңге капитал мен пайданың немесе шығынның көлемін ұлғайтар/(азайтар) еді.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019</b>	<b>2018</b>
АҚШ доллары бағамының 12%-ға өсуі (2018 ж.: 14%)	710	(4,625)
АҚШ доллары бағамының 9%-ға төмендеуі (2018 ж.: 10%)	(532)	3,303

Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты жоғарыда көрсетілгендей өзгерісі 2019 жыл ішіндегі тарихи нарықтық мәліметтер негізінде есептелген орташа квадраттық ауытқу көлеміндегі нарықтық тәуекелдің ықтимал өзгеруі болып табылады.

### *Уранның нарықтық бағасының өзгеру тәуекелі*

Топ қызметі халықаралық нарықта АҚШ долларында белгіленетін уран бағасының ауытқуының әсеріне бейім. Топтың жыл сайынғы бюджеті уранның келесі жылға арналған болжамдық бағасының негізінде дайындалады. Уран бағасы ауытқуға тарихи бейім және Топтың бақылауынсыз төменде көрсетілген және олармен шектелмейтін көптеген факторлардың әсеріне ұшырайтын болады:

- атомдық электр станциялары тарапынан отын ретінде пайдаланылатын уранға сұраныс;
- қосымша көздер деңгейінің сарқылуы, яғни қайталап пайдалану және сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырманы жою үшін аралас жоғары байытылған құрамдастардың болуы;
- Халықаралық атом энергиясы агенттігінің нормативтік актілерінің әсері;
- уран саласына тікелей қатысты өзге факторлар.

Есепті күн жағдайы бойынша қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелеріне қатысты нарықтық бағалардың өзгеруі тәуекелінің елеулі ықпалы болған жоқ.

### *Сыйақы мөлшерлемесін өзгерту тәуекелі*

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі, негізінен, жұмылдырылған қарыздарға, не олардың әділ құнын (белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен борыштық міндеттемелер), не болмаса олар бойынша ақша қаражатының болашақ ағымдарын (айнымалы сыйақы мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелер) өзгерте отырып, әсер етеді. Жаңа несиелер мен қарыздарды тартқан жағдайда, басшылық Топ үшін өтеу мерзімі басталғанға дейін күтілетін кезең бойында қай сыйақы мөлшерлемесі анағұрлым тиімді болатындығын (белгіленген немесе айнымалы) өзінің кәсіби пайымдауының негізінде анықтайды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 90%-ға жуық қарыз алу құралының белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бар (2018 ж.: шамамен 37%). Есептілік күніне Топтың пайыздық қаржылық құралдарының құрылымы сыйақы мөлшерлемесі бойынша келесідей топтастырылады:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<i>Белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бар құралдар</i>		
Пайдалануда шектеулі ақша қаражаты	13,652	11,042
Талап етілгенге дейінгі салымдар	14,146	2,847
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	12,923	23,618
Мерзімдік депозиттер	14	218
Шығарылған облигациялар	(70,016)	(73,535)
Банктік несиелер	(55,531)	-
Вексель бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	(17,460)	-
Банктік емес несиелер	(641)	(641)
<b>Таза позиция</b>	<b>(102,913)</b>	<b>(36,451)</b>
<i>Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар құралдар</i>		
Банктік несиелер	(16,316)	(90,429)
Банктік емес несиелер	-	(35,085)
<b>Таза позиция</b>	<b>(16,316)</b>	<b>(125,514)</b>

## **42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

*Белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бар қаржылық құралдардың әділ құнының сезімталдығын талдау*

Топ белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бар қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің ешқайсысын өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын құралдар үшін қарастырылған тәртіпте есепке алмайды. Сондықтан есепті күн бойынша сыйақы мөлшерлемесінің қандай да бір өзгерісі кезең ішіндегі пайда немесе шығын көрсеткішіне әсер етпейді. Алайда қаржылық активтер пен қаржылық міндеттемелер пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі салдарынан әділ құнның өзгеруі тәуекеліне бейім. Пайыздық мөлшерлеменің ықтимал өзгерістері мұндай қаржылық активтер пен қаржылық міндеттемелердің әділ құнына елеулі әсер етпейді.

*Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қаржылық құралдардың ақша қаражаты ағынына сезімталдығын талдау*

2019 жылы 20 (20) базистік тармаққа сыйақылар мөлшерлемесінің артуы (азаюы) (2018 ж.: 50 базистік тармаққа артуы және 15 базистік тармаққа азаюы); есепті күнге кезең ішіндегі пайда немесе шығын капиталы мен көлемін төменде көрсетілген сомаға азайтқан (арттырған) болар еді. Бұл жорамал басшылықтың ағымдағы нарықтық мөлшерлемеге, сондай-ақ экономикалық ортаға негізделген пайыздық мөлшерлемелерде ықтимал өзгерістердің негізделгендік бағалауын көрсетеді. Барлық басқа айнымалы, атап айтқанда шетел валютасының айырбас бағамы өзгеріссіз қалады, және есепті күнге өтелмеген міндеттеменің сомасы бүкіл жыл бойында өтелмеген болып қала береді дегеннен бұл талдау жүргізілді

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
20 (2019 ж.), 50 (2018 ж.) базистік тармақтарға артуы	(26)	(502)
20 (2019 ж.), 15 (2018 ж.) базистік тармақтарға азаюы	26	151

*Теңгерімдік құнмен салыстырғандағы әділ құны*

Келесі кестеде көрсетілген құралдарды есептемегенде, Топ қаржылық есептілікте мойындалған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің теңгерімдік құны, қысқамерзімдік сипатына байланысты, олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>2019 ж.</b>		<b>2018 ж.</b>	
	<b>Теңгерімдік құн</b>	<b>Әділ құн</b>	<b>Теңгерімдік құн</b>	<b>Әділ құн</b>
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	1,478	1,097	2,865	2,255
<b>Жиыны</b>	<b>1,478</b>	<b>1,097</b>	<b>2,865</b>	<b>2,255</b>

Қаржылық міндеттемелердің әділ құнын бағалау кезінде басшылық келесідей жорамалдарды пайдаланды: (а) пайызсыз қаржылық міндеттемелер және белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар міндеттемелер үшін қаржылық міндеттемелер нарықтық мөлшерлемеге барынша жақындатылған тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталды; (б) құбылмалы мөлшерлемесі бар қаржылық міндеттемелер үшін қаржылық міндеттемелердің әділ құны теңгерімдік құннан онша ерекшеленбейді, өйткені ақшаның уақытша құнының әсері елеусіз.

### **Капиталды басқару**

Топтың үздіксіз қызметін жалғастыруға қабілеттілігін қамтамасыз ету, инвесторлардың, кредиторлар мен нарықтың сенімін сақтау, акционерге табыстылықтың тиімді деңгейін қамтамасыз ету, капиталдың капитал құнын барынша төмендетуге мүмкіндік беретін оңтайлы құрылымын қолдау, сонымен қатар бизнестің келешкте дамуын қамтамасыз ету мақсатында Топ капиталдың тұрақты базасын қолдау саясатын көздейді. Капиталға түгел капитал және Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырланған есептілікте мойындалған қорлары кіреді.

## **42. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Топ кәсіпорындары мен банктермен жасасқан несиелік келісімдердің міндетті шарттарына сәйкес, Топ оған қолданылатын заңдарды барлық жағынан сақтауы тиіс, несиелік келісімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның қандай да бір активтеріне қатысты міндеттемелер құрылуына немесе олардың жасалуына жол бермеуі немесе активтерді өткізбеуі, несиелік беруші банктерден олар туындаған жағдайда сатып алуға, бірігуге және шығып кетуге рұқсат алуы тиіс, сондай-ақ Топтың тек Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойған және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мүшесі болып табылатын елдердегі сатып алушыларға азаматтық мақсаттарда уран сатуына болады. Бұдан басқа, Топ белгіленген деңгейлерде Топтың шоғырландырылған ақпаратына негізделген бірнеше негізгі қаржылық көрсеткіштерді қолдауы тиіс, мысалы:

- қаржылық борыштың меншік капиталына 1–ден артық емес қатынасы;

- қаржылық борыштың пайдаға қатынасы салық және пайыздар төлеуге, тозу мен амортизацияға дейін 3.5-тен аспайды (Борыш/ЕБИТДА).

Капиталды басқару үшін Топта сыртқа ұқсас ішкі сандық мақсатты көрсеткіштер бекітілген.

Топтың акционері борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын бекітті, оның мақсаты Қаржы тәуекелдерін қаржылық емес ұйымдар үшін борышты және қаржылық тұрақтылықты басқарудың бірыңғай қағидаттары мен механизмдерін қабылдау арқылы басқару болып табылады.

2018 және 2017 жж. ішінде Топ, несиелер мен қарыздармен байланысты міндетті шарттарды қоса алғанда, капитал деңгейіне қойылатын сыртқы талаптардың барлығын сақтады.

## **43. Қаржы құралдарының әділ құны**

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1- деңгейге белсенді нарықтардағы бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белгіленетін бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалау жатады, (ii) 2-деңгейге – пайдаланылатын елеулі бастапқы деректердің барлығы активтер немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, бағалар) немесе жанама түрде (яғни, мысалы, бағадан туындылар) қадағаланатын болып табылатын бағалау әдісінің көмегімен алынған бағалаулар жатады; және (iii) 3-деңгей бағалаулары қадағаланатын нарықтық деректерде негізгі емес болып табылады олар бақыланатын нарық мәліметтерде негізделмеген бағалаулар болып табылады (яғни, бақыланбайтын бастапқы мәліметтерге негізделген). Қаржылық құралдарды әділ баға иерархиясындағы қандай да бір санатқа жатқызылған кезде басшылық пайымдауды пайдаланады. Егер де әділ бағаны бағалауда елеулі түзетуді талап ететін бақыланатын мәліметтер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатқызылады. Пайдаланылатын мәліметтердің маңыздылығы әділ бағаны бағалаудың барлық жиынтығы үшін бағаланады.

*Әділ құн бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелер, бірақ олар үшін әділ бағаның ашылуы жасалады.*

Әділ баға бойынша бағаланбайтын барлық активтер мен міндеттемелерді бағалау, бірақ олар үшін әділ бағасын ашу жасалатын әділ бағаның 3-деңгейіне жатады

Иерархияның 3-деңгейіндегі әділ бағаны бағалау ақша қаражатының дисконтталған әдісінің көмегімен орындалған болатын. Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар туынды құралдардың әділ құны, белсенді нарықта белгілемесі жоқ, теңгерімдік құнға тең қабылданған болатын. Белсенді нарықта белгілемесі жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдың әділ құны ұқсас кредит тәуекелі мен ұқсас өтеу мерзімін болжамдайтын жаңа құралдар үшін қарыз алу нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолданумен ақша қаражатының дисконтталған ағындары әдісіне негізделеді.

*Амортизацияланған баға бойынша көрсетілетін қаржылық активтер*

Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны әдетте олардың теңгерімдік құнымен тең. Амортизацияланған баға бойынша көрсетілетін активтердің әділ құнын бағалау 3-деңгейге жатады. Белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредит тәуекелі мен ұқсас өтеу мерзімі қарастырылатын жаңа құралдар үшін қарыз алу нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолданумен ақша қаражатының дисконтталған ағындары әдісіне негізделеді. Пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі контрагенттің кредит тәуекеліне байланысты.

#### **43. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

*Амортизацияланған баға бойынша көрсетілетін міндеттемелер*

Өзге міндеттемелердің әділ құны бағалау әдістерін пайдаланумен анықталады. Белгіленген пайыздық мөлшерлемесі және белгіленген өтеу мерзімі бар құралдардың есептік әділ құны ұқсас кредит тәуекелі мен ұқсас өтеу мерзімі қарастырылған жаңа құралдарға арналған пайыздық мөлшерлемелерді қолданумен күтілетін дисконтталған ақша ағындарына негізделеді. Талап ету бойынша өтелетін немесе алдын ала ескертілген жағдайда өтелетін міндеттемелердің («талап ету бойынша өтеуге жататын міндеттемелер») әділ құны міндеттемелерді өтеу туралы талап ықтимал мәлімделген бірінші күннен бастап дисконтталған талап ету бойынша төленетін сома ретінде есептеледі. Дисконттаудың пайдаланылатын мөлшерлемелері өтеу мерзімі мен міндеттеме валютасына байланысты жылдық 3.3%-дан бастап 6.3%-ға дейін өзгереді.

#### **44. Қаржылық құралдарды бағалау категориялары бойынша ұсыну**

ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар» сәйкес Топ өзінің қаржылық активтерін келесідей санаттарға жіктейді/бөледі: (а) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер; (б) өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржылық активтер және (в) амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер. Категория «пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер» санатының екі ішкі санаты бар: (i) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын активтер және (ii) осы санатқа бастапқы мойындау кезінде немесе кейін жатқызылған активтер. Топтың есептік кезеңнің аяғындағы барлық қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын туынды қаржы активінен басқа амортизацияланған құн бойынша санатқа енгізіледі. Топтың барлық қаржылық міндеттемелері амортизацияланған баға бойынша көрсетілді. Әділ құн шамамен теңгерімдік құнға тең.

#### **45. Бизнес сатып алу**

2019 жылы бизнесті сатып алудан түскен таза нәтиже қауымдастырылған кәсіпорынға инвестициялардың әділ құнының сатып алу күніне 54,649 миллион теңге мөлшерінде теңгерімдік құнынан асып кетуін қамтиды. Қосымша ақпарат төменде берілген.

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

---

“Хорасан-У” БК” ЖШС	
Қауымдастырылған кәсіпорынға инвестициялардың сатып алу күніне әділ құны	85,803
Азайту: инвестициялардың сатып алу күніне теңгерімдік құны	(31,154)
<b>Бизнесті сатып алудан түскен таза пайда жиыны – “Хорасан-У” БК” ЖШС»</b>	<b>54,649</b>

---

Бірқатар сатып алулар нәтижесінде 2018 жылы Топ 347,479 миллион теңге сомасында бизнесті сатып алудан пайда тапты.

Төменде 2018 жылы бизнес сатып алудан түскен таза пайда көрсетілген:

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**45. Бизнес сатып алу (жалғасы)**

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

<i>«Инкай» БК» ЖШС</i>	
Қауымдастырылған кәсіпорынға инвестициялардың сатып алу күніне әділ құны	77,85С
Азайту: инвестициялардың сатып алу күніне теңгерімдік құны	(40,389)
Бағамдық айырма резервін аудару	21,174
Сатып алумен байланысты теріс гудвил	37,283
Өтем құны	11

**Бизнесі сатып алудан түскен таза пайда жиыны – “Инкай БК” ЖШС** **95,929**

<i>«Ақбастау» БК» АҚ және «Қаратау» ЖШС</i>	
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың сатып алу күніне әділ құны	250,107
Азайту: инвестициялардың сатып алу күніне теңгерімдік құны	(32,524)

**Бизнесі сатып алудан түскен таза пайда жиыны – «Ақбастау» БК» АҚ және «Қаратау» ЖШС** **217,583**

<i>«Байкен-У» ЖШС</i>	
<b>Бизнесі сатып алудан таза пайда – «Байкен-У» ЖШС</b>	<b>33,962</b>
Өзгелері	5

**Бизнесі сатып алудан алынған таза пайда жиыны** **347,479**

***«Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС***

2018 жылдың желтоқсанында Top Energy Asia (BVI) Limited-тің 40.05% акцияларын және «Хорасан-У» БК» ЖШС жарғылық капиталының 16.02%-ын Energy Asia Holdings (BVI) Limited-тен сатып алу бойынша мәмілені аяқтады. Жасалған мәміле нәтижесінде:

- «Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы топтың иелену үлесі тиісінше 52.5%, 50% және 50%-ға дейін ұлғайды. Мәміле аяқталғанға дейін иелену үлесі тиісінше 14.45%, 33.98% және 33.98% құрады.
- Топ Бақылау Кеңесінде дауыс беру және өкілдік ету құқықтарының көпшілігін алу жолымен «Байкен-У» ЖШС-ны бақылауға алды.
- Топ «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-ға елеулі ықпалын сақтап қалды. Топ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Хорасан-У» БК» ЖШС-ның бақылауға алынбағаны туралы қорытынды шығарды, себебі қатысушылар Топқа байқау кеңесінде көпшілік дауысқа иелік етуіне мүмкіндік беретін құрылтай құжаттарындағы өзгерістерді мақұлдамады.

***«Хорасан-У» БК» ЖШС***

2019 жылдың ақпан айында «Хорасан-У» БК» ЖШС қатысушылары құрылтай құжаттарындағы өзгерістерді бекітті, сол арқылы Топқа бақылау кеңесінде көп дауыс құқығы берілді. Нәтижесінде, Топ осы күннен бастап «Хорасан-У» БК» ЖШС-ны бақылауға алды. Топ әділ құнды бағалады:

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

Ақша қаражатының төленген сомасы	-
Бұрын болған қатынастар бойынша міндеттемелер	(1,948)

**Берілген сыйақы жиыны** **(1,948)**

Қауымдастырылған кәсіпорынға инвестициялардың сатып алғанға дейінгі әділ құны	85,803
---	--------

**Берілген сыйақы жиыны және сатып алынған ұйымдағы бұрын тиесілі үлес құны** **83,855**



**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**45. Бизнес сатып алу (жалғасы)**

Бұрын болған қатынастар бойынша міндеттемелер «Хорасан-У» БК» ЖШС-ның Топқа, негізінен, уран жеткізгені үшін дебиторлық берешегін білдіреді.

Төменде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны және осы сатып алуға байланысты туындаған теріс гудвил туралы ақпарат берілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>Әділ құн</b>
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,563
Дебиторлық берешек	10,020
Қорлар	8,873
Негізгі құралдар	181
Өндіріске дайындау шығындары	22,627
Жер қойнауын пайдалану құқығы	178,856
Өзге активтер	6,105
Несиелер мен қарыздар	(17,441)
Кредиторлық берешек	(4,527)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме	(36,873)
Өзге міндеттемелер	(1,777)
<hr/>	
Сатып алынған таза сәйкестендірілетін активтердің әділ құны (топішілік берешектерді алып тастағанға дейін)	171,607
Азайту: топішілік берешектерді алып тастау	(1,948)
<hr/>	
<b>Сатып алынған таза сәйкестендірілетін активтердің әділ құны</b>	<b>169,659</b>
Азайту: бақыланбайтын иелену үлесі	(85,804)
<hr/>	
<b>Берілген сыйақы жиыны және сатып алынған ұйымдағы бұрын тиесілі үлес құны</b>	<b>83,855</b>

Сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды тәуелсіз кәсіби бағалаушы орындады. Бағалау нәтижесінде активтердің әділ құны, негізінен, жер қойнауын пайдалану құқығының әділ құны бойынша бағалау есебінен 184,221 миллион теңгеге ұлғайды.

Бақыланбайтын үлес бақыланбайтын үлес иелеріне қатысты сатып алынатын бизнестің таза активтеріндегі үлес болып табылады. Бақыланбайтын үлес таза активтердің әділ құнынан пропорционалды тәсілмен айқындалды.

«Байкен-У» ЖШС-ны сатып алуы, сондай-ақ «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы иелену үлесінің артуы алдын ала (теңгерімдік) құн бойынша 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілді.

Тәуелсіз кәсіби бағалаушының әділ құнын бағалау 2019 жылдың бірінші жартысында аяқталды. Нәтижесінде, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қайта қаралды (3-ескертпе).

**45. Бизнес сатып алу (жалғасы)**

**«Байкен-У» ЖШС**

Төменде табысталған өтем мен оның құрамдастарының жалпы сомасы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген:

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

Ақша қаражатының төленген сомасы	26,136
Бұрын болған қатынастар бойынша міндеттемелер	(10,285)
<b>Берілген сыйақы жиыны</b>	<b>15,851</b>
«Байкен-У» ЖШС-ға иемденуге дейін құйылған инвестициялардың әділ құны, 5% PSIL/EAL арқылы «Байкен-У» ЖШС-ға иемденуге дейін құйылған инвестициялардың әділ құны, 9.45%	6,140
	11,607
<b>Берілген сыйақы жиыны және сатып алынған ұйымдағы бұрын тиесілі үлестің әділ құны</b>	<b>33,598</b>

Топ бітімгершілік келісім шарттарына сәйкес табыстаған өтем «Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-ін сатып алу бойынша мәмілелерге олардың салыстырмалы алдын ала әділ құны негізінде бөлінді (2019 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталған бағалауды ескере отырып).

Инвестицияға дейін «Байкен-У» ЖШС және EAL компаниясындағы иемденулер ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес әділ құнға дейін қайта бағаланды. Бұрын болған қатынастар бойынша міндеттемелер «Байкен-У» ЖШС-ның Топқа, негізінен, уран жеткізгені үшін дебиторлық берешегін білдіреді.

Қазіргі мезетте ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру» стандартына сәйкес Топ сәйкестендірілетін сатып алынған активтердің және ұйымды сатып алу кезінде қабылданған міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің әділ құнын бағалауды жүзеге асыруда. Сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды тәуелсіз кәсіби бағалаушы орындады. Төменде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны және 2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша осы сатып алуға байланысты туындаған теріс гудвил туралы ақпарат берілген:

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

**Әділ құн**

Ақша қаражаты және олардың баламалары	28,420
Дебиторлық берешек	11,583
Қорлар	2,814
Жер қойнауын пайдалану құқығы	89,419
Негізгі құралдар	16,355
Өндіріске дайындау шығындары	21,437
Өзге активтер	2,460
Кредиторлық берешек	(2,142)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме	(20,154)
Өзге міндеттемелер	(1,913)
Сатып алынған таза сәйкестендірілетін активтердің әділ құны (топішілік берешектерді алып тастағанға дейін)	148,279
Азайту: топшілік берешектерді алып тастау	(10,285)
<b>Сатып алынған таза сәйкестендірілетін активтердің әділ құны</b>	<b>137,994</b>
Азайту: бақыланбайтын иелену үлесі	(70,433)
Азайту: сатып алумен байланысты теріс гудвил	(33,963)
<b>Берілген сыйақы жиыны және сатып алынған ұйымдағы бұрын тиесілі үлестің әділ құны</b>	<b>33,598</b>

#### **45. Бизнес сатып алу (жалғасы)**

Бағалау нәтижесінде «Байкен-У» ЖШС активтерінің әділ құны, негізінен, жер қойнауын пайдалану құқығының әділ құны бойынша бағалау есебінен 97,724 миллион теңгеге ұлғайды.

Бақыланбайтын үлес бақыланбайтын үлес иелеріне қатысты сатып алынатын бизнестің таза активтеріндегі үлес болып табылады. Бақыланбайтын үлес таза активтердің әділ құнынан пропорционалды тәсілмен айқындалды.

#### **Қауымдастырылған компанияларға инвестицияларды ұлғайту – 2018 жылы «Хорасан-У» БК» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС**

##### *«Хорасан-У» БК» ЖШС*

«Хорасан-У» БК» ЖШС үшін төленген сыйақы (қауымдасқан компанияларға инвестициялар үлесінің әділ құнына пропорционалды) былайша өзгерді:

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

Төленген сыйақы	12,811
<b>Берілген сыйақы жиыны</b>	<b>12,811</b>
«Хорасан-У» ЖШС-ға сатып алынған инвестицияның әділ құны, 16.02%	(23,271)
<b>Қауымдастырылған кәсіпорындардың нәтижелерінде үлеске жатқызылған сатып алудан түскен пайда</b>	<b>(10,460)</b>

##### *«Қызылқұм» ЖШС*

«Қызылқұм» ЖШС үшін төленген сыйақы (қауымдасқан компанияларға инвестициялар үлесінің әділ құнына пропорционалды) келесідей көрсетілген:

*Миллион Қазақстан теңгесімен берілген*

Төленген сыйақы	1,164
<b>Берілген сыйақы жиыны</b>	<b>1,164</b>
PSIL/EAL арқылы «Қызылқұм» ЖШС-дағы иемденуге дейінгі үлес, 3.98% тиімді	425
<b>Берілген сыйақы жиыны және «Қызылқұм» ЖШС-дағы бұрын тиесілі үлестің әділ құны</b>	<b>1,589</b>
«Қызылқұм» ЖШС-ға сатып алынған инвестицияның әділ құны, 20%	(1,589)
<b>Таза нәтиже</b>	<b>-</b>

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2019 жылғы 31 желтоқсан**

**46. Сатуға арналған активтер**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатуға арналған активтер құрамына KazPV жобасының еншілес кәсіпорындары кіреді: «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «KazSilicon» МК» ЖШС, сондай-ақ «Уранды байыту орталығы» АҚ бірлескен кәсіпорнына инвестициялар:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>KazPV</b>	<b>УБО</b>	<b>Өзгелері</b>	<b>Жиыны</b>
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	-	18,670	-	18,670
Өзге ұзақмерзімді активтер	6	-	27	33
<b>Ұзақмерзімді активтер</b>	<b>6</b>	<b>18,670</b>	<b>27</b>	<b>18,703</b>
Ақшалай қаражат	478	-	-	478
Дебиторлық берешек	209	-	-	209
Қорлар	238	-	-	238
Өзге қысқамерзімді активтер	106	-	-	106
<b>Қысқамерзімді активтер</b>	<b>1,031</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>1,031</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсан бойынша сатуға арналған ретінде жіктелетін шығушы топтардың активтері</b>	<b>1,037</b>	<b>18,670</b>	<b>27</b>	<b>19,734</b>
Кредиторлық берешек	(24)	-	-	(24)
Өзге қысқамерзімді міндеттемелер	(365)	-	-	(365)
<b>2019 жылғы 31 желтоқсан бойынша сатуға арналған ретінде жіктелетін шығушы топтардың міндеттемелері</b>	<b>(389)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(389)</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>648</b>	<b>18,670</b>	<b>27</b>	<b>19,345</b>

2018 жылы сатуға арналған активтер құрамына «Қызылту» ЖШС және KazPV жобасының кәсіпорындары кірді: «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «KazSilicon» МК» ЖШС.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	<b>«Қызылту» ЖШС</b>	<b>KazPV</b>	<b>Өзгелері</b>	<b>Жиыны</b>
Тау-кен активтері	2,270	2	-	2,272
Негізгі құралдар	553	-	-	553
Өзге ұзақмерзімді активтер	83	5	24	112
<b>Ұзақмерзімді активтер</b>	<b>2,906</b>	<b>7</b>	<b>24</b>	<b>2,937</b>
Ақшалай қаражат	2	462	-	464
Дебиторлық берешек	535	273	-	808
Қорлар	184	878	-	1,062
Өзге қысқамерзімді активтер	289	18	-	307
<b>Қысқамерзімді активтер</b>	<b>1,010</b>	<b>1,631</b>	<b>-</b>	<b>2,641</b>
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша сатуға арналған ретінде жіктелетін шығушы топтардың активтері</b>	<b>3,916</b>	<b>1,638</b>	<b>24</b>	<b>5,578</b>
Кредиторлық берешек	(3,244)	(88)	-	(3,332)
Өзге қысқамерзімді міндеттемелер	(1,812)	(412)	-	(2,224)
Өзге ұзақмерзімді міндеттемелер	(90)	(305)	-	(395)
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша сатуға арналған ретінде жіктелетін шығушы топтардың міндеттемелері</b>	<b>(5,146)</b>	<b>(805)</b>	<b>-</b>	<b>(5,951)</b>
<b>Таза активтер /(міндеттемелер)</b>	<b>(1,230)</b>	<b>833</b>	<b>24</b>	<b>(373)</b>